ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
СТРАТЕГИЯ
ЦЕНТР СОЦИАЛЬНЫХ И ПОЛИТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ

ROSA LUXEMBURG STIFTUNG
CENTRAL ASIA

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНА САЙЛАУДА ТІКЕЛЕЙ ДАУЫС БЕРУДІ ӨТКІЗУДІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ (ҚР АЛТЫ АУЫЛ МЫСАЛЫНДА)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ РОЗА ЛЮКСЕМБУРГ ҚОРЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ

«СТРАТЕГИЯ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНА САЙЛАУДА ТІКЕЛЕЙ ДАУЫС БЕРУДІ ӨТКІЗУДІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

(ҚР алты ауыл мысалында)

Алматы, 2021 ж.

УДК 324
ББК 66.3 (5 Каз) 68
Р 54

Авторлық ұжым:
Илеуова Гульмира, әлеуметтану ғылымының кандидаты
Симакова Ольга, әлеуметтану магистры
Молдашев Ернур, әлеуметтану ғылымының магистры
Нурахметова Светлана, экономист

Авторлық ұжым Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң ФжСФ-ң политология және политолоө гиялық технологиялар кафедрасының докторанттарына зерттеу мәліметтерін жинау және өңдеу кезіндегі көмегі үшін алғысын білдіреді:

Нұрбекова Раушанға
Тоқбергенова Бахыткүлге
Дузбаев Түсібжанға
Қасымбаев Арманға
Омаров Мәдиге

ПанченкоТатьяна корректура
Великороднева Светлана мұқабаның дизайны мен жинақталуы
ТОО «Полиграфическое Бюро» - басып шығару

Р 54 Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау барысындағы тікелей дауыс берудің тәуекелдері мен мүмкіндіктері (ҚР алты ауыл мысалында). – Алматы: «Әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы «Стратегия» қоғамдық қоры, 2021.188 – XX стр.

ISBN 978-601-06-8108-8

Кітапта іс-жүзіндегі тәжірибеге және осы сайлаудан күтімдерге негізделген тікелей сайлау механизмін пайдалана отырып, жергілікті қоғамдастықтардың ауыл аймақтарының басшыларын сайлауға деген дайындық деңгейін зерттеу бойынша нәтижелер келтірілген. Ауылдық қоғамдастықтардың ерекшеліктерін сипаттауға және олардың көзқарастарындағы ауыл әкімінің бейнесіне ерекше назар аударылады.
Зерттеу Роза Люксембург қорының Орталық Азиядағы өкілдігінің демеушілігімен жүзеге асырылған «Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау барысындағы тікелей дауыс берудің тәуекелдері мен мүмкіндіктері» жобасы аясында жүргізілді.
Кітап Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың даму процесстерінің зерттелуімен айналысатын сараптамалық және академиялық топтардың өкілдеріне, ЖӨӨБ реформасының жүзеге асырылуына жауапты мамандарға пайдалы болуы мүмкін.

The book presents the results of a research on the level of readiness of local communities for the election of heads of rural territories using the mechanism of direct elections based on practical experience and expectations from these elections. Special attention is paid to the description of the features of rural communities and the image of the rural akim in their representations.
The study was conducted within the framework of the project "Risks and opportunities of direct voting in local Government elections", performed with the sponsorship of the Rosa Luxemburg Foundation in Central Asia.
The book may be useful to specialists responsible for the implementation of the reform of the LSG, representatives of expert and academic communities engaged in the study of the processes of development of local self-government in Kazakhstan.

УДК 324
ББК 66.3 (5 Каз) 68

Басылым Роза Люксембург қорының Орталық Азиядағы өкілдігінің демеушілігімен Германияның Экономикалық ынтымақтастық және даму федералды министрлігінің қаржысына шағарылды. Басылымның мәліметтерін үшінші тұлғалар түпнұсқа басылымына сілтеме болған жағдайында ғана пайдалана алады.
Басылым сатылуға арналмаған және тегін таратылады

© ОФ «ЦСПИ «Стратегия», 2021

ISBN 978-601-06-8108-8

«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қоры «Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау барысындағы тікелей дауыс берудің тәуекелдері мен мүмкіндіктері» зерттеу жобасын жүзеге асыруда демеушілік қолдау көрсеткен Орталық Азиядағы Роза Люксембург Қорының Өкілдігіне өз алғысын білдіреді.

Жоба авторлары зерттеу нәтижелері сайлаушылардың оң және теріс тәжірибесін анықтау негізінде ауыл әкімдерінің алғашқы электоралды науқандарының тәжірибесін, сондай-ақ президенттік саяси реформалар пакетіне кіретін ауыл әкімдерін алғашқы тікелей сайлау өткізу бойынша жергілікті деңгейдегі бастамаларының тиімділігін сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді деп үміттенеді.

Осы басылымның мазмұнына авторлар жауапты және ондағы айтылған пікірлер Роза Люксембург қорының пікірлерімен сәйкес болмауы мүмкін.

The Public Foundation "Center for Social and Political Research "Strategy" expresses its gratitude to the Rosa Luxemburg Foundation in Central Asia, which provided sponsorship to the Center in the implementation of the research project "Risks and opportunities of direct voting in local self-government".

The authors of the project hope that the results of the research will allow to critically evaluate both the experience of the first electoral campaigns of rural akims based on the identification of positive and negative experiences of voters, and the effectiveness of the implementation at the local level of the initiative to hold the first direct elections of rural akims, which is included in the President's Special Package of political reforms.

The authors are solely responsible for the content of this publication, and the point of view expressed in it may not coincide with the position of the Rosa Luxemburg Foundation.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ **6**

1. Жоба негіздемесі **6**
2. Зерттеу әдістері **8**

БӨЛІМ 1. АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЗАМАНАУИ САЯСИ РЕФОРМАЛАУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ **10**

1. Экономикалық жағдай. Ауылдық экономика сайланбалы әкімді көтеруге қауқарлы ма? **10**
2. Тұрғындар түсінігіндегі ауыл келешегі мен өзгерістерінің драйверлері **26**

БӨЛІМ 2. ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: САЯСАТҚА ДЕГЕН КӨҢІЛІ ҚАЛУШЫЛЫҚ, СЕНБЕУШІЛІК НЕМЕСЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАР **36**

1. Ауыл әкімдерінің сайлауы туралы хабардарлық мысалындағы елдің саяси өміріндегі оқиғаларға қызығушылық **36**
2. Әкімдер қызметін бағалау: сайланған немесе тағайындалған әкімнің қайсысы жақсы? **43**
3. Әлеуметтік әрекеттер мен өзара көмек көрсетуге дайындық **52**

БӨЛІМ 3. ЭЛЕКТОРАЛДЫ ҰСТАНЫМДАР МЕН ЭЛЕКТОРАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ: ӨЗАРА ТӘУЕЛДІЛІК БАР МА? **64**

1. Жергілікті билікті қалыптастыру үшін негіз болуы мүмкін сайлау туралы түсінік **64**
2. Әкім лауазымына «мінсіз» кандидат: адал, әділетті, жауапты **78**
3. 2021 жылдың 25 шілдесіндегі сайлау: қандай нәтижеге қолжеткізілді? **84**

КІРІСПЕ

1. Жоба негіздемесі

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін (ЖӨБ) реформалау мәселесі, басқарудың тиімді жүйесін құру мәселесі де ұзақ уақыттан бері өзектілігін жоғалтпай отыр. 2 жыл көлемінде жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу туралы 1995 жылғы ҚР Конституциясына бап енген болатын, бірақ, сол күйі іс жүзінде енгізілмеді.

2001 жылы 28 ауылдық округте жанама дауыс беру негізінде ауыл әкімдерін тәжірибелік сайлауы өткізілген болатын. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ негізінде 2002 жылы жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша, тәжірибелік округтер тұрғындарының әрбір екіншісі (56%) таңдалған тетікке қатысты көңілі толмайтындықтарын жеткізген, олардың айтуынша, халық тікелей дауыс беру арқылы сайлау өткізуге дайын (ақпарат көзі.: «Аналитикалық шолу», 1/2002ж.).

2012 жылы Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Концепциясы бекітілді, оның шеңберінде ЖӨБ-ның дамуы жүзеге асады. Ауыл әкіміне кандидатты ұсыну құқығы сол ауыл қарасты аудан әкімдеріне тиесілі болды. Өзін-өзі ұсыну немесе саяси партиялар мен ұйымдар тарапынан ұсыну қарастырылмаған. 2016 жылға дейін аудандық әкім болашақ кандидаттарға қатысты жергілікті қаумдастықпен кеңес жүргізіп отыруға міндетті болған. 2016 жылдан бастап жергілікті қауымдастық өкілдерімен кеңесуі керек, өкілдер саны округ көлеміне қарай 10 мен 40 тұлға аралығында болуы мүмкін (қайнаркөз: Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуы. Заңнама өзгерісінің жергілікті өзін-өзі басқару практикасына ықпалын бағалау бойынша Есеп.(ОО «ЭХО», 2018 ж. http://www.echo.kz/images/reports/msu_echo.pdf.)

2020 жылғы Қазақстан халқына Жолдауда («Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі») Президент Қ-Ж.К.Тоқаев ауылдық елдімекендер басшыларын сайлау туралы мәселені қайта көтерді, ол «қоғамдық пікір сауалнамалары ауыл әкімдерін сайлауға сұраныстың күшейгендігін көрсетуде. Мұндай маңызды қадамға барынша байыпты әрі дәйекті түрде келген жөн. Бұл жүйе іс жүзінде қалай жұмыс істейтіндігін нақты білу керек. Алайда, аталмыш мәселенің шешімін кейінге қалдыруға да болмайтындығын» атап өтті (қайнаркөз.: www.akorda.kz). Жолдауды жүзеге асыру бойынша шаралардың Жалпыұлттық жоспарының 140-тармағына сай, өкілеттік

мерзімі 2021 жылы аяқталатын ауылдық елдімекен әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу 2021 жылдың желтоқсан айына жоспарланған болатын (қайнаркөз: https:// online.zakon.kz). Бұл осы мәселеге қатысты заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу қажеттілігімен байланысты болды.

Ауылдық деңгейдегі әкімдердің тікелей сайлауын енгізу бойынша заңнамаға түзетулерді қарастыратын заңнамалық актілерге Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың 24 мамырында қол қойды, 2021 жылдың 5 маусымынан бастап күшіне енді, ал 2021 жылдың 25 маусымында Президенттің саяси мәселелер бойынша кеңесшісі Ерлан Карин өзінің Telegram-арнасында 730 ауыл әкімдерінің сайлауы бір мезгілде 2021 жылы 25 шілде күні болатыны туралы пост жариялады. Өз пікірінде кеңесші «Осылайша, саяси реформалардың президенттік пакетіндегі маңызды бастамалардың тағы біреуі практикалық жүзеге асырылу кезеңіне өтті. Сондықтан да, алдағы ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өте маңызды оқиға, ол саяси модернизацияның жаңа кезеңін білдіреді» деген болатын (қайнаркөз.:https ://ru. sputnik. kz/ society/).

Аталмыш жоба электоралды кезеңнен кейін жүзеге асырылды және оның мақсаты жергілікті қауымдастықтарда өзін-өзі басқару бастамаларын дамыту мен тұрғындардың саяси құқықтарын кеңейту шеңберінде тікелей сайлау негізіндегі жергілікті өзін-өзі басқару басшыларының (әкімдердің) сайлауын өткізуге арналған жағдайды зерттеу мен салыстырмалы талдау болды.

Азаматтардың белсенді қатысуынсыз болатын өзін-өзі басқару – фикция. Тікелей сайлауға қатысу азаматтардың конституциялық құқығы ғана емес, сонымен бірге, оларды шешімдер қабылдау процесіне тартуға және өмір сүретін аймақты басқару сапасына ортақ жауапкершілік танытуды арттыруға септігін тигізеді. Сондықтан да, зерттеуге бірнеше болжамдар жасалды, нақтырақ айтсақ:

1. Зерттеліп отырылған нүктелердегі сайлау үрдісіне деген сайлаушылардың қызығушылық және қатысушылық көрсеткіштері мұндай тәжірибенің жаңашылдығына байланысты жоғары, бірақ, тұрғындардың туған ауылындағы жағдайды өзгерту/жақсартуға қатысудың потенциалды мүмкіндіктердің түсінігі әлі де қалыптаспады.
2. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына (ЖӨБ) тікелей сайлау өткізу қатерлері басқарудың тарихи дәстүрлері мен елдімекендер көлемдерімен байланысты.
3. Ауылдар болашағының позитивті бейнесі жергілікті

өзін-өзі басқару (ЖӨБ) жүйесін реформалау нәтижелерімен тікелей байланысты.

Ауылдық аймақтар басшыларын сайлауға жергілікті қауымдастық дайындығының деңгейі мен рефлексиясын зерттеу, сонымен қатар, тікелей сайлау тетіктері қолданылатын сайлау үрдісін ұйымдастырумен қатар жүрген тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сараптау жобаның негізгі міндеттері болды.

2. Зерттеу әдістері

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне қолжеткізу үшін мәліметтерді жинаудың сандық-сапалық әдістемелерін қолданатын кешенді тәсіл пайдаланылды. Сандық әдістер жергілікті қауымдастықтың тікелей сайлауға қатынасы мен күтілімдерін статистикалық сараптау үшін мәліметтер базасын алуға мүмкіндік берді, ал сапалық әдістер сайлау мәселелерімен байланысты өзекті практикалардың субъективті аспектілерін түсіну үшін нарративті ақпарат алуға және зерттеу қатысушылары тақырып бойынша түрлі пікірталастарда білдірген ұғымдарды түсінуге мүмкіндік берді.

Жоба болжамдарына сүйене отырып, сауалнама нүктелерін іріктеу үшін сипаттамаларды анықтауға жеке дара назар аударылды. Аса маңызды ретінде 2 сипаттама анықталды:

1. Қазақстан аумағының Ресей империясының әкімшіліктік жүйесіне интеграциясының тарихи тәжірибесі, ол жергілікті жерлердегі басқару үлгісіне ықпал етті. Мысалы, Далалық генерал-губернаторлықта ауылдық старшина төменгі институты үш жылға сайланатын болған, ол 1822 жылы енгізілді, ал Түркістан генерал-губернаторлығында сайлау мен өзін-өзі басқару белгілері жоқ жергілікті әкімшіліктік-аумақтық бөліністің өзге құрылымдары болған. Осы негізде ЖӨБ дамуының тарихи алғышарттарын анықтау үшін жобаға үш аймақ таңдалып алынды: Батыс Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Түркістан облысы.

2. Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу тәжірибесі. Ауылдық аймақ тұрғындарының ауыл әкімдерін тікелей сайлауына қатынасын анықтау үшін, сонымен қатар, сайлаудың жергілікті қауымдастық пен олардың даму болашағына ықпалын анықтау үшін салыстырмалы тәсіл қолданылды. Сондықтан да, жоба үшін екі типтегі ауыл/АО іріктеліп алынды:

- 1-тип – 2021 жылы 25 шілдеде сайлау өткен ауылдар/АО;
- 2-тип – сайлау кейінірек өтетін ауылдар/АО.

Ауылдарды іріктеу барысында аудан/облыс орталығынан шалғайлық, тұрғындар саны мен құрамы секілді шарттар

ескерілмеді, бірақ, жоба шеңберінде сараптау үшін және жаңа болждамдар ұсыну үшін маңызды ақпарат болды.

Жоба шеңберінде ақпарат көзі ретінде келесілер қызмет атқарды:

- Ауыл әкімдерінің сайланбалылығы мәселесі бойынша сарапшылармен, саясаттанушылармен және маман /кеңесшілермен 5 кеңес алулар. Сарапшыларды іріктеу сайлауалды ақпараттық алаңды талдау қорытындылары бойынша, бұқаралық белсенділік негізінде және респонденттердегі зерттеліп отырылған мәселе бойынша сарапшылық пікірдің болуы негізінде жүзеге асырылды;
- 1-тип үлгісіндегі 3 ауыл/ауылдық округ (АО) сайлаушылар сауалнамасының нәтижелері және 2-тип үлгісіндегі 3 ауыл/ауылдық округ (АО) потенциалды сайлаушылар сауалнаманың нәтижелері. Сауалнама нүктесінің әрқайсысында 18 жастан ересек 250 респонденттен сауалнама алу жоспарланды. Іс жүзінде 1376 респондент сұралды (Кесте 1 қараңыз).

Кесте 1. *– ауыл/АО аймағы мен түріне байланысты анкеталық с ауалнама қатысушыларының нақты саны.*

№	Облыс	1-тип АО саны	1-тип АО респонденттер саны		2-тип АО саны	2-тип АО респонденттер саны		Барлығы	
			жоспар	факт		жоспар	факт	жоспар	факт
1	Батыс Қазақстан	1	250	250	1	250	250	500	500
2	Солтүстік Қазақстан	1	250	237	1	250	139	500	376*
3	Түркістан	1	250	250	1	250	250	500	500
	Барлығы	3	750	**737**	3	750	**639**	1500	**1376**

* *СҚО-да сауалнаманың жоспарланған санын жинауға мүмкіндік болмады, оның себебіне мәліметтер жинақтау жүргізілген ауылдар тұрғындарының санының аз болуы мен белсенділігінің төмендігін айтуға болады.*

- Ауылдар типінің әрқайсысы бойынша 3 пікірталастар бойынша ауылдар/АО тұрғындарымен жүргізілген 6 фокус-топтық пікірталастар материалдары;
- Ауылдар типінің әрқайсысы бойынша 9 сұхбат бойынша ауылдар/АО қоғамдық пікір көшбасшыларымен бағытталған 18 сұхбат материалдары (мектеп директорларымен, кәсіпкерлермен, ақсақалдармен, т.б.);

Ауылдар жай-күйі мен инфрақұрылымын сипаттау үшін жергілікті жерлерде жүргізілген бақылау материалдары қолданылды.

БӨЛІМ 1. АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЗАМАНАУИ САЯСИ РЕФОРМАЛАУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

1. Экономикалық жағдай. Ауылдық экономика сайланбалы әкімді көтеруге қауқарлы ма?

Елдің саяси класында егер де төменді деңгейде өзін-өзі басқару тәсілдерін, яғни, жергілікті билік органдарының сайлауын енгізсе, онда жергілікті мәселелердің, бірінші кезекте, ауылдық елдімекендердегі мәселелердің шешімі табылады деген түсінік қалыптасқан. Расында да солай ма? Заманауи Қазақстан жағдайында бір ғана саяси-басқармалық шешім ауылда жылдар бойы жиналған мәселелер кешенін шешуге негіз болуы қаншалықты мүмкін?

Бірінші кезекте, жүргізілген реформалардың экономикалық ауқаттылығы туралы мәселе туындайды. Ауыл тұрғындары арасынан зерттеуге қатысқан қоғамдық пікір көшбасшыларының көпшілігі атап өткендей, қолда бар бюджет жергілікті әкім корпустың жұмысын толыққанды қамтамасыз ете алмайды, сондықтан да, ауылдық округ тұрғындарының мәселелерін шешуге септігін тигізе алмайды: *«Мен мұны білемін (ауыл бюджетін салықтың 4-түрі негізінде қалыптастыру), бұрын жасалған, бірақ бұл соңы емес, бұл аз, болмашы нәрсе, оған өмір сүре алмайсың. Орталықтанған бюджет керек, бірақ, ол үшін жақсы әкім керек, есепші де мықты болу керек» (БҚО, Д-3).*

Реформаның экономикалық ауқаттылығы мәселесін қарастырғанда, ең алдымен, ауылдық округтер тұрғындарының санындағы айтарлықтай айырмашылықты атап өту керек, яғни, салық салынатын негіз көлемінде айтарлықтай дифференциация бар, ал бұл мәселенің соңында, ауылдың экономикалық әл-ауқат деңгейіндегі айырмашылықты білдіреді. Мысалы, СҚО ауылдарында тұрғындар саны шамамен мың адамнан ғана асады *(«Лобановода шамамен 1100 тұрғын ғана бар» (СҚО, Л-6))*, БҚО зерттеліп отырылған ауылдарында бірнеше мың тұрғын тұрады *(«Дарьинское (Озерный а.), тұрғындардың жалпы саны шамамен 7000» (БҚО, Д-2)*, ал Түркістан облысының сұралған ауылдарында тұрғындар саны жиырма мың адамнан асып кетеді *(«Первомаевка ауылы үлкен. Біздің ауылда 25 мың тұрғын бар. Өзбектер де, қазақтар да, орыстар да. Алғабас, Әлішер елдімекендері де бар, олар да Первомайкаға тиесілі» (ТО, М-5)).*

Сарапшылар атап көрсеткендей, зерттеліп отырылған барлық ауылдық округтердің барлығында ауыл деңгейінде де,

тұрғындар деңгейінде де мамандануды қоса алғанда, ескі, кеңестік экономика толықтай жойылған.

«Біздің ауыл бұрынғы аудан орталығы, көптеген кәсіпорындар қалған, бірақ, олардың басым көпшілігі жеке меншікке берілген» (БҚО, Д-1);

«Первомаевка бұрынғы атауы, сосын Бірінші Мамыр деп атауын ауыстырды. Онда тұрғындар тығыз қоныстанған, себебі, Кеңес үкіметі кезінде мұнда түрлі комбинаттар болды, бізде мұнда лимонад цехы болды, өз уақытында жекеге сатып алды, жекешелендіру кезінде» (ТО, М-6);

«Салыстырмалы түрде Имантау ауылы кедейірек. Бірақ, кеңес уақытына дейін, казачество болған кезде, Имантау оған бағынған. Одан кейін Кеңес үкіметі болған кезде, ол жерде барлық ұйымдар болды, лесопилка, училища, ауылға керектінін бәрі болды, кеңес үкіметі құлаған соң, бәрі талан-таражға түсті, дүкендер де, клубтар да, дәріханалар да қалмады, негізінен бәрі жойылды. Кеңес кәсіпорындарының үйінділері көптеген жылдар бойы әлі тұр, 20 жыл болды тұрғандарына, әлі де тұр. Әрине, бірнәрселерін қалпына келтіріп жатыр, бірақ, ол кезде жақсы болатын. Училище жабылды... Училищенің жері болатын, олар студенттерді оқытатын, егін егетін ,алаңдары болатын, қазір ол жоқ, ол жерлерге не болғанын білмеймін» (СҚО, Л-3);

«Мұнда көптеген өнеркәсіптер болды, әртүрлі болды. Мұнда аң фермасы, сыра зауыты, подхоз болды, бізде қазір подхоз бар, бірақ ол жеке. Ол жерде құстарды, қаздарды өсіреді, кезінде ол үлкен құс фабрикасының бір бөлімі болған, сосын ол құс фабрикасы жабылып қалды да, оның осы бөлігін сатып алып, жеке етті де, ол жерде, қаз, үйрек өсіріп жатыр» (СҚО, И-2).

Экономикалық негіздің нашарлауы ауылдардағы әлеуметтік инфрақұрылымның бұзылуына алып келді. Бұл енді әлеуметтік нысандарсыз қалған ауылдық елдімекен тұрғындары ондай нысандардың жоқтығынан зардап шегуіне және көптеген жылдар бойы қашан мемлекет оларға жаңасын салып бергенін күтуіне әкеліп соғады. Сонымен қоса, жеке инвесторлардың мүлдем болмауы жағдайында әлеуметтік инфрақұрылымның жаңа нысандарының құрылысына өте көп көлемдегі мемлекеттік инвестицияларды талап ететіні айқын, сондықтан да, мұндай нәрсенің, оның үстіне, бұрынғыдай көлемде жүзеге асырылуы екі талай болуы мүмкін:

«Мұнда пошта болған. Ол 50-70 жыл бұрын салынған, одан да ескі болуы да мүмкін. Сосын бұл поштаны көшірді. Ғимараты тұр. Первомайкаға келетін басшылар біздің ауыл туралы не ойлайды деп ойладым да, алдыңғы әкімге бұзу керек немесе біреуге сату керек, ең құрығанда, бірнәсемен жабу керек қой деп айтқанмын. Бұл иесіз ғимаратта ішімдік ішіледі. Мұнда пошта

жоқ. Біреу үйден бір бөлмесін алып, қоршап, газеттер сатады, т.б. Үйден бөлінген, екі адам отырады. Бір жағынан газеттер, екінші жағынан почтальон. Пошта газетті немесе поштаны таратпайды. Менің өзім 5-6 газетке жазыламын » (ТО, М-5);

«Монша жоқ, досуг орталығы да жоқ, біз бұл мәселені бірнеше рет көтердік. Мәдениет үйі болған, сосын оны да бұзды. Содан бері біз ең болмағанда досуг орталығы болуы керек деп сұрап жатырмыз. Әр әкім бізге уәде береді, бірақ әлі де жоқ» (СҚО, И-2);

«Бізде жақсы құдықтар болатын, суы жақсы болған. 90 жылдары мұның барлығы да жойылды, барлығыи жойылды. 5-6 жыл бұрын, мүмкін, су жүргізді, бірқ, суы нашар. Біз оны ішпейміз, себебі, оны ішкендердің асқазаны, бүйрегі ауырып жатыр» (СҚО, Л-6).

Осылайша, қазіргі уақытта ауыл экономикасы біріншіден бюджеттік ұйымдардан құралады:

«Негізінен, көпшілігі мемлекеттік мекемелерде жұмыс жасайды, бұл бала-бақшалар, аурухана, полиция, сот» (БҚО, Д-2);

«Жұмыс орны көп мекемелерге мектеп пен аурухана жатады, онда жалақысы да жақсы жәнесұранысқа ие» (БҚО, Д-1);

«Жұмыс? Тек мектеп қалды, лесхоз, аурухана» (СҚО, Л-3).

Екіншіден, кейбір ауылдық елдімекендерде айтарлықтай ірі өңдеуші және өндіруші кәсіпорындар орналасқан, мысалы, ЖШС «Балмұздақ», бұл Оңтүстік Қазақстандағы балмұздақ және мұздатылған өнімдерді өндіретін аса ірі өндіруші, ҚР жетекші өндірушілердің бірі[1] (компания сайтынан алынды), немесе ЖШС «Лобаново», оның бас кеңсесі СҚО, Имантау ауылында орналасқан, ол 2004 жылдың 8 маусымынан бастап «өсімдік өсіру» саласында жұмыс жасайды[2]. Сонымен бірге, аталмыш кәсіпорындарда жұмыс жасаушылардың саны туралы ашық ресми ақпарат жоқ. Сонымен қатар, ЖШС «Балмұздақ» бойынша сұхбатта келтірілген мәліметтер айтарлықтай айырмашылыққа ие, 90 мен 200 адамға дейін. Әрине, тұрғындар саны 25 мың адам болса, онда ЖШС жұмыс жасаушылар саны (ең көбі 200 адам) бір-біріне сай келмейді.

«Мұнда бізде ЖШС «Балмұздақ». Балмұздақ цехы бар, ол жерде көптеген адамдар жұмыс жасайды, штат шамамен 200 адам, жергілікті тұрғындар жұмыс жасайды, онда басшылары Шымкенттен болса, жұмысшылары осы жердің адамдары. Олар сүт жинайды, елдімекен бойынша аралайды, жалпы ең үлкен ұйым – балмұздақ цехы» (ТО, М-6);

«Бізде ЖШС «Лобаново» бар, ол сөкпен айналысады, енді жалғыз сөк ғана емес» (СҚО, И-2).

Үшіншіден, барлық дерлік елдімекендерде тұрғындар жұмыс жасайтын жеке кәсіпорындар бар. Бұл:

---

1 https://lengerskoe.kz/

2 https://statsnet.co/companies/kz/21762514

- ұсақ шаруа қожалықтары – мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіретін ЖК, фермерлер:

«шаруа қожалықтары, ЖК бар. Бізде негізінен, мал шаруашылығымен, шошқа, сиыр, қой өсірумен айналысады» (БҚО, Д-2);

«Фермерлік шаруашылықтар аса үлкен емес, 10 -15 адам» (ТО, М-6);

- ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша шағын кәсіпорындар:

«бізде наубайхана, ет өндіруші ұйымдар бар. Өзін-өзі қамтамасыз етушілер де көп. Әркім өз шамасына қарай өз бизнесін дамытуда» (БҚО, Д-1);

«Өткізеді, тұрғындарға сатады, негізінен, Орал қаласын біз қамтамасыз етудеміз. Сүт өнімдері, адамдар майзауытқа сүт өткізеді және сонымен өмір сүреді» (БҚО, Д-2);

- қызмет көрсету саласындағы ұсақ кәсіпорындар:

«шиномонтаждар мен техстанциялар, автожуу орындары» (БҚО, Д-2);

«Мұнда менде аса үлкен емес дүкен бар «Шораха аға», 18 шаршы м. Ол жерге әлеуметтік азық-түлік, жемістер, көкөністер сатуға алып келеді. Мен ол үшін жалға 20 мың теңге аламын (ТО, Д-1).

Зерттеу барысында тұрғындары өзінің экономикалық мамандануын түбегейлі өзгерте алған және нөлден жаңа бизнес бастай алған ауылдар мысалдары келтірілді. Мәселе СҚО, Имантау ауылы туралы болып отыр, мұнда тұрғындардың жартысы гүл өндірісін меңгерген, олар өз еңбегінен жоғары табысқа жетіп отыр. Қазір Имантау ауылының гүлдері мен көшеттері облыста ғана емес, Қазақстанның өзге аймақтары мен Ресейде де сатылып жатыр:

«Имантаудағы адамдардың көпшілігі еңбекқор, белсенді, жылыжай шаруашылығымен айналысады, көшеттер, гүлдер өсіреді (петуньялар), бал арасы шаруашылығымен айналысады. Мұнда адамдар біреуге емес, тек өздеріне ғана сенім артады. Гүл өсіруден табыс өте жақсы. Олар балаларға пәтер де сатып алып беруде, оларға білім де беруде, осының арқасында. Жылыжай шаруашылығынан тәжірибе жинағандар, бұл өте қиын, ауыр еңбек. Әсіресе, көктемде ол жерде ауа жоқ. Мұның бәрі оңай болмайды, өткізетін жер ізде, көмір ізде» (СҚО, И-2).

Бірақ, дегенмен де, ауылдықтардың басым көпшілігі үшін шаруашылықтың негізгі түрі және табыстың жалғыз түрі – бұл жеке ауласындағы «өзін-өзі қамтамасыз ету».

«Бір үйде 2 сиыр. 4-5 қой. 15-20 сотық жері бар. Бақшасы бар. Картошка, қызанақ өсіреді, жемістер бар. Өздері өсіреді» (ТО, М-5);

«Мұнда, негізінен мал шаруашылығы. Шағын жерлері бар, бір гектар, олар сатуға емес, өздеріне не керек соны егеді. Мұнда бастысы мал шаруашылығы ғой, шөп орады, жоңышқа егеді, мал

бордақылайды, яғни, негізінен жылқылар ұстайды, басқа да мал бар» (ТО, М-6);

«Адамдар негізінен өзіне ғана сенім артады, өзінің жеке еңбегінің есебінен өмір сүреді, қосымша шаруашылығы, малдары бар» (СҚО, И-2).

Алайда, қазіргі кезде шаруашылықтың бұл түрі жойылу қаупі бар, оның басты себебі үй жануарлары мен құстарының жем бағасының күрт өсуімен, жайылымдық жерлер көлемінің азаюымен, олардың қарапайым ауылдықтар үшін қолжетімсіз болуымен байланысты. Мұның барлығы ауыл тұрғындарының басым көпшілігінің әлеуметтік оптизм деңгейінің төменедеуіне және ауылдағы наразылық деңгейінің артуына алып келіп отыр.

«Бізде жерді талан-таражға түсірді, біздің ешнәрседен хабарымыз жоқ. Құқықтық салада тұрғындар сауаты мүлдем жоқ. Біз білмейміз, бір тендерлер болып жатады, біздің жерлер ойнатылып жатады, бізге келіп, шабындықтарды тартып алып жатады. Бізде жайылымдық жерді де тартып алған болатын. Бірақ, қазір, Тоқаевтың жарлығы бойынша, елдімекендер жайылымдарын қайтарып жатыр. Біз шабындықсыз қалсақ, онда малсыз қаламыз, тіршілік көзінен айрыламыз. Нәтижесінде, барлығы көшуде. Мұндай жүйе тағы 2-3 жыл болса, мұнда қирандылар ғана қалады. Мен білуге тырыстым, бірақ ешнәрсе айтпайды. Мен оратын, әкем мен көкелерім 20 жылдан көп шөп орған жер учаскесін тендерге шығарыпты, қалай алуын мен білмеймін. Шабындықты мүлдем басқа адамдар алады. Заң бойынша мемлекеттік қызметкер ала алмайды, бірақ, бізде мемлекеттік қызметкерлер алады» (СҚО, Л-2);

«Негізінен, әрбір отбасы үш, төрт бас мал ұстайтын, қойлары, тауықтары, қаздары болатын. Көпшілігінің өздерінің жеке бақшасы болатын: қияр, қызанақ, қызылша, сәбіз, бәрі болған. Балапан, қаз, үйректер алып, барлығын тамақтандыратын. Қазіргі кезде оалрды асырау мүмкін емес. Себебі, барлығы қымбат, бағаны ешкім де реттемейді. Бір қап, отыз килограмм үш мың тұрады, бидай немесе арпа. Бұл қап бір екі күнге ғана жетеді. Енді өзіңіз елестетіп көріңіз. Мен қазір асырауды қойдым, себебі, жаятын жер жоқ. Барлығын жекеге берген. Қазіргі кезде сиыр бағу екі мың, үш мың, сиырды айына бағу. Менің алдымда сүтпен өмір сүретін отбасы мысалы тұр. Сүт сатады, сепаратордан өткізіп, май сатады. Мұның барлығын жасап, өздері үшін сатады. Ал қазір, дәл қазіргі сәтте, олар мұны жасай алмайды. Себебі, дәл қазіргі бағамен үдесінен шыға алмайды» (БҚО, П-6);

«Жердің барлығы сатылып алынған. Бізде мында өзен тұр, оның айналасында шөп бар, барлық жағынан құрылыс салып тастаған, алып қойған. Малды жаятын жер жоқ» (ТО, Д-2).

Жүргізілген анкеталық сауалнама көрсеткендей, сұралған ауылдық округ тұрғындарын көптеген мәселелер мен сұрақтар мазалайды. Мысалы, «егер де сіздің ауылдық округ/ауыл әкімі ретінде Сізді сайласа, онда бірінші кезекте қандай мәселелерді шешумен айналысар едіңіз?» деген ашық сұраққа 100 жауаптан көп алынды. Сонымен қоса, аталмыш сұраққа жауап беруге қиналғандардың саны 1-тип ауылдарда (сайлау өткен ауылдар) сұралғандардың – 26% болса, 2-тип ауылдарда (сайлау болмаған ауылдар) сұралғандардың – 41%.

Алынған мазмұнды жауаптарды шартты түрде 4 блокка біріктіруге болады:

1. Ауылдың абаттандыру мәселесі;
2. Ауыл әлеуметтік инфрақұрылымының жай-күйі мәселесі;
3. Әлеуметтік саясат/тұрғындарды қолдау;
4. Тұрғындардың экономикалық сұраныстары.

Төменде келтірілген 1.1-1.4. кестелерде тұрғындар сауалнамасы барысында 1% және одан жиі аталған жауаптар келтірілген.

Кесте 1.1-1.4. *– Егер де сіздің ауылдық округ/ауыл әкімі ретінде Сізді сайласа, онда бірінші кезекте қандай мәселелерді шешумен айналысар едіңіз (салыстырмалы мәліметтер)*

1.1.Ауылды абаттандыру	1-тип ауылдары	2-тип ауылдары
Ауыл мен ауыл айналасын абаттандыру мен жақсарту	4,6%	4,2%
Ауылдағы көшелерді жарықтандыру	3,0%	6,1%
Саябақтар ашу, көгалдандыру	1,4%	3,0%
Иесіз жануарларды бақылау (бұралқы иттер)	0,0%	1,1%
Қоқыс жинау, көшелерді тазалау	0,3%	1,7%
Қоқысты кәдеге жарату, қоқыс орындары мәселелерін шешу; мал қорымы үшін арнайы орын бөлу	1,9%	0,4%
Жолдар құрылысы мен жөндеуі (көшелерді асфальттеу)	23,2%	5,3%

1.2 Әлеуметтік инфрақұрылым	1-тип ауылдары	2-тип ауылдары
Спорт алаңдары, стадиондар құрылысы	5,3%	6,3%
Балаларға арналған бала-бақшалар, дамыту орталықтар, үйірмелер ашу	5,7%	3,4%
Бос уақытқа арналған, мәдени, танымдық орталықтар, клубтар, мәдениет үйлерін ашу	4,9%	5,8%
Жастардың бос уақытын ұйымдастыру мен дамыту	1,9%	0,2%
Әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту, өмір қолайлылығын арттыру	0,4%	6,1%
Елдімекендер арасындағы көліктік байланысты реттеу, автобустық маршруттар ашу, автобус аялдамаларын ретке келтіру	4,2%	6,6%
Сумен қамтамасыз ету, ауыз су беру, су құбырларын жөндеу мәселелерін шешу	6,9%	11,1%

1.3 Әлеуметтік саясат/қолдау	1-тип ауылдары	2-тип ауылдары
Тұрғындарды дамыту үшін білім беру орталықтарын, үйірмелерін ашу	0,9%	1,4%
Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін, жедел медициналық көмек көрсету қызметі жүйесін жақсарту	5,8%	3,8%
Тұрмысы төмен, мұқтаж, мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсету	2,4%	1,4%
Мектептер салу/ мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстары	3,5%	1,9%
Зейнетақы, әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін көбейту	1,9%	0,8%
Азық-түлік бағасын реттеу	1,2%	0,3%
Ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру	1,1%	5,8%
Ауруханалар, амбулаториялар, фельдшерлік бекеттер құрылысы	0,9%	0,8%
Ауыл тұрғындарының мәдениет деңгейін арттыру	0,0%	1,6%

1.4 Экономикалық сұраныстар	1-тип ауылдары	2-тип ауылдары
Жұмыс орындарын құру, жұмыссыздық мәселесін шешу	12,9%	11,1%
Ауыл тұрғындарының жалақысын көбейту	3,0%	0,2%
Ауылда шағын және орта бизнесті дамыту	2,6%	3,8%
Ауыл шаруашылығы мамандықтарының мамандарын тарту	1,2%	0,5%
Жастарды ұстап қалу, жастар үшін жағдай жасау	1,2%	3,0%
Сыбайлас жемқорлықты жою	1,1%	0,3%
Ауыл шаруашылық өндірістеріне инвестиция тарту	0,3%	3,3%
Жер мәселелерін/проблемаларын, жер пайдаланылатын жерлер мәселесін, жер жер үлесі мәселесін реттеу	0,4%	2,8%
Мал шаруашылығын дамыту	0,1%	1,9%
Ауыл шаруашылық өндірісін, шикізаттық секторды дамыту	0,0%	4,1%

Кестеде 1.5 зерттеліп отырылған аймақтар кескініндегі ауыл/ауылдық округтың ең өзекті мәселелері туралы ашық сұраққа респонденттер жауабы келтірілген (Үздік-5). Көріп отырғанымыздай, сандық зерттеу арқылы өмір сүру облысына байланысты ең өзекті мәселелер рейтингісіндегі айтарлықтай айырмашылықтар анықталды. Мысалы, ауылдардағы жолдардың нашарлығы мәселесі зерттеліп отырылған үш облыс ауылдарына бірдей тән болса, алайда, Түркістан облысына қарағанда Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында бұл мәселе аса өзекті екендігін байқауға болады.

Кесте 1.5 – *Ауыл/ауылдық округтың ең өзекті мәселесінің Үздік-5 топтамасы (1-тип ауылдары, аймақтық кескін)*

№	Ең өзекті мәселелер	ТО	Ең өзекті мәселелер	БҚО	Ең өзекті мәселелер	СҚО
1	Жұмыс орындарын құру, жұмыссыздық мәселесін шешу	22,4%	Жолдар құрылысы менжөндеуі (көшелерді асфальттау)	22,8%	Жолдар құрылысы менжөндеуі (көшелерді асфальттау)	32,9%
2	Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін, жедел медициналық көмек көрсету қызметі жүйесін жақсарту	15,2%	Мектептер салу/ мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстары	5,2%	Сумен қамтамасыз ету, ауыз су беру, су құбырларын жөндеу мәселелерін шешу	14,8%

№	Ең өзекті мәселелер	ТО	Ең өзекті мәселелер	БҚО	Ең өзекті мәселелер	СҚО
3	Жолдар құрылысы менжөндеуі (көшелерді асфальттау)	14,4%	Коммуналды тарифтерді азайту	2,4%	Жұмыс орындарын құру, жұмыссыздық мәселесін шешу	14,8%
4	Спорт алаңдары, стадиондар құрылысы	14,0%	Ауруханалар, амбулаториялар, фельдшерлік бекеттер құрылысы	2,0%	Досугқа арналған, мәдени, танымдық орталықтар, клубтар, мәдениет үйлерін ашу	5,9%
5	Қоғамдық көлік, маршрут, аялдамалар	11,2%	Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін, жедел медициналық көмек көрсету қызметі жүйесін жақсарту	1,6%	Ауыл жанындағы қоқыс үйіндісін жою	5,5%

Қоғамдық пікірдің жергілікті көшбасшыларымен сұхбат барысында ауылдың келесідей әлеуметтік-экономикалық мәселелері аталды:

- жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы, маусымдық жұмыс, ауылдың жас тұрғындарының жұмысқа орналасу мүмкіндігінің жоқ болуы өз алдына бөлек мәселе: «қарапайым өзбек отбасы, ері мен әйелі, олардың балалары бар, келін алады. Жастар қарап отырмайды ғой, әркім шамасына қарай жұмыс жасайды, біреуі мұғалім, біреуі мед.қызметкер. Бірақ, жұмыс орындары аз, менің айтпағым осы. Мүмкін, барлығының білімі де бар шығар, бірақ, орналасатын жұмыс орны жоқ, бізде жартысынан көбі Шымкентке, Ленгерге жұмыс жасауға барады. Первомайканың өзінде, бізде, балмұздақ цехынан өзге ешнәрсе жоқ, енді аурухана мен мектептен басқа» (ТО, М-4);

- жұмыспен қамту мәселесінің салдары ретінде туындайтын еңбек көші-қонының жоғары деңгейі, ең алдымен, жастар арасында, ауыл тұрғындарының гендерлік және жастық құрылымындағы өзгерістер: *«ер азамат тұрғындардың көпшілігі вахталық әдіспен жұмыс жасайды. Негізінен Атырау қаласында, ең алдымен, жалақысының жоғары болуына байланысты, себебі, біздің ауылда жалақылар төмен» (БҚО, Д-1); «бізде адамдар негізінен Атырау, Ақтау, Теңізге жұмысқа кетеді. Жастар мен ересек азаматтар вахтаға жұмыс жасауға кетеді». (БҚО, Д-2); «Бізде ауылда жұмыс табу оңай емес, жұмыс жоқ. Барлық адамдар жұмыс жасауға басқа жерлерге кетеді. Мысалы, жұмысқа орналаса алмаған барлық жастар. Мысалы, осы көшеде Астанада жұмыс жасайтындар, Ресейде, Шымкентте жұмыс жасайтындар бар». (ТО, Д-1); «Көптеген адамдар кетті, негізінен, орыс тілділер. Мұнда орыстар өте көп болған, бірақ, бұл Кеңес үкіметі ыдыраған-*

малды айдап өту туралы заңды ашып көрсеттім, ол жерде ақ қағазға қара қаламмен жазылып тұр, ол үшін тазаланып алынатын арнайы сүле бөлінеді деп жазылған» (СҚО, Л-2);

- ауылдықтардың өмірін жақсартуға кедергі келтіретін, олардың мысалы, жұмысқа орналасу секілді мәселелерін заңды түрде шешу мүмкіндігінен айыратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретіндегі сыбайлас жемқорлық: *«Онда барлық адамдар Алматы, Сайран, Шымкент, Астанадан келгендер. Онда барлық жерлер әкіммен келісіп алынған. Онда ешқандай құжаттар жоқ. Үйлер салып жатыр. Ал мұнда жұмыс жасайтын біздің адамдар баласына жер алу үшін қанша жылдан бері кезекте тұрды. Осы жылы алды. Ал анау сырттан келгендер сол жерден үлкен үйлер салуда, құжаттары жоқ» (ТО, М-5); «Барлығы да сатылады, бізде көршілер көшіп келді, мектепке жұмысқа орналасу үшін шамамен 1000 доллар ақша берді» (ТО, Д-2);*

- ауыл тұрғындарының бір бөлігінің өнімді еңбекпен, ең алдымен, ауыл шаруашылығымен айналысқысы келмейтіндігі, патерналистік ұстанымдар негізінде әлеуметтік иждивендтіліктің (біреудің есебінен күн көру) қалыптасуы: *«Мұнда керісінше, кенттің ішінде жұмыс бар, адамдар жұмыс жасағысы келмейді, мәселенің барлығы адамдардың өздерінде. Оларға барлығы да аз, жұмыс берсе әрбір адам жұмыс жасасын деп береді, ал мұнда ешнәрсе жасамай отыруға үйренген, бірақ, оларға ақы төленуі керек. Меніңше бұл жерде мемлекет кінәлі. Барлығы үшін жәрдемақы бар. Мақұл енді бала туылғанда берілетін жәрдемақы, оны көбейтсе жақсы қайта. Ал үйде отырып, ешнәрсе жасамағаны үшін, АӘК, қосымша төлемдер, азық-түлік кәрзеңкесі, меніңше бұл артық секілді» (БҚО, П-5); «Сиыр ұстайды, бірақ, әрине, мал басы азаюда, бір жағынан, жемге байланысты. Сосын жастарда мынадай тенденция бар, мал ұстау тиімді емес. Ауылда сиыр әркез жанның, өмірдің бір бөлігі болатын, ал қазір тиімсіз деп санайды» (СҚО, И-2).*

- спекулянт-алыпсатарлардың болуы, ауыл шаруашылық өнімдеріне нарықтық баға қою тетіктері жұмысының нашар болуы, осының салдарынан, ауыл шаруашылық өндірушілері үшін әділетсіз баға туындайды: *«Ет сатқан кезде, келетін, Көкшетауға келетін ет алыпсатары мен бір жарым жылда табатын табысымнан көп табады, мен бұл салыпсатарды неге асырауым керек, әділ емес секілді, сондықтан барлығын саттым. Қазір бал арасымен айналысамын, тағы да көп емес, өзім үшін ұстаймын, егер бал болса, жақсы жыл болады, балды тарататын жер таппай қаласың, егер бал болмаса, шығындарды да жаба алмай қаласың. Мүмкіндігі бойынша сатасың, бірақ тағы да, көп нәрсе салуың керек, ал сатқан кезде онда мың, екі мың, үш мың, ал егер, бал сатпасаң, ешнәрсе де ала алмайсың. Қалаға барсаң, бір*

нан бері адамдардың көшуі жалғасуда, нақты орыс тілділердің көші-қоны. Алдымен балалар кетті, онда өмір сүру үшін, азаматтық алу үшін, ал енді егде кісілер қалып еді, 5-6 жылдан бері үйлерін сатуда, балаларына кетіп жатыр» (ТО, М-6); «Жастар кетті, кәрі кісілер қайтыс болуда, барлық ауылда да солай ғой. Бізде балалар бар, баласы жоқтардың барлығы көшіп жатыр, мектеп бітіруде немесе жұмыс жасауға кетуде» (СҚО, Л-4);

- ауыл нарығының көлемі төмен, бәсекеге қабілетті экономикалық қатынастар дамыту мүмкін емес: *«өсіп, оқуға түсіп, өз бизнесін жасап, сосын барып көшіп жатыр. Себебі, ол ол жақта бизнес жасайды. Ал мұнда бизнес құра алмайсың. Өз уақытында ашқысы келгендер, ақшасы болғандардың барлығы ашты. Бәселес болу тиімді емес. Мұндай ақша, мұндай мүмкіндіктер жоқ» (ТО, Д-3); «Бизнес мында келуі үшін, бірнәрсе жасау үшін айналым жоқ. Бұл кімге керек, туристік аймақ жазда бір ғана ай жылы болады, қыста өте суық, сырғанауға келмейді. Не үшін керек? Көкшетауда 10 жыл бұрын шаңғы базасы салынды, біздің барлығымыз таңғалдық. Ал енді мұнда келуі үшін, инфрақұрылым керек, қонақ үйлер, коттеджтер салынуы керек, ал бұл нәрсе үшін көп ақша керек» (СҚО, Л-3);*

- тұрғындардың басым көпшілігінің табысының аса жоғары болмауы, сондықтан, олар өз алдына инфрақұрылымдық дамуға инвестиция жасау мүмкін болмайды: *«Мен былтыр ғана үйге су кіргізгеннен кейін не айтасың, онда да көршілер су тарта бастаған соң ғана, аса қымбат болмады. Біздің барлығымыз бірігіп, өзіміз сол құбырларды сатып алдық, трактор жалдадық, сол арқылы су тартуға мүмкін болды. Скважина қазу, қымбат ғана емес, жалпы жақсы ауыз су жоқ. Өте терең, жақсылап қазу керек, ол бірнеше миллион теңгеге шығуы мүмкін, ал былай аяқ су болады. Тұзды су, бұл 40-50 метр» (СҚО, Л-3);*

- әлеуметтік шиеленіс деңгейінің артуы, түрлі негіздегі жанжалдар аймақтарының пайда болуы. Мысалы, СҚО-да жергілікті тұрғындар мүдделері мен «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ қызметі арасындағы; жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар (қоныс аудару бағдарламасымен оңтүстік аймақтан көшіп келгендер мен қандастар): *«Ұлттық парк болғалы басталды. Ал халық шыдап келеді ғой. Қазір осы өрттер болып жатыр, мүмкін, біреу ашуланған шығар? Себебі, олар барлығын өз қолдарына жинап алды.халыққа бермейді. Біреу шыдай алмай, өрт қойып жіберді, болды, сосын кетті. Адамдардың шыдамы таусылды. Сосын олар осылай өрт қоюды бастайды» (СҚО, И-3); «Мен бұрынғы әкімке көрсеттім, міне мұнда бізде мәселе болды, оралмандар, малдары көп, көшемен өту мүмкін емес. Біз шыдап бақтық, біздің жолдар тар, малдар аулаға, бақшаға кіруде, бұл жаман, төбелеске дейін барды. Мен оған елдімекендегі*

жасанды нәрсені килограммын 6000 тг сатып жатыр, ал мен таза балды 2000 тг сата алмай отырмын» (СҚО, Л-3);

- ауылдар мен ауылдық округтердің қоқыстануының күшеюі, тұрмыстық қалдықтарды жинау мен кәдеге жарату үшін ұйымдастырылған полигондардың болмауы, мал қорымының болмауы: *«Біздегі ең қиын тақырып мал қорымы, тазалаушы құрылғы». (БҚО, П-6); «Бізде ассенизаторлар бар, қоқыс шығарумен айналысатын және тазалаушы құрылғыларды шығарумен айналысатын ұйымдар бар,. Қоқыс шығару үшін полигон бар, ал ассенизаторлар үшін жоқ, оларға тек қалада. Сәйкесінше, олар тартатын баға қаладағыдан екі есе аз. Ал егер қалаға адамдарға таситын болса, онда қымбат болады, ал ауылда тазалаушы құрылғы жоқ. Нәтижесінде олар табиғатқа, далаға құйып жатыр, сосын оларға айыппұл салынады. Оларда осы мәселе айтарлықтай ушығып тұр» (БҚО, П-5); «Біздің ең өзекті мәселелеріміздің бірі – бұл қоқыс шығару мәселесі, ауыл айналасында халық, кәсіпорындар шығаратын үлкен көлемдегі қоқыс жиналуда, мұның барлығы да жатыр, сұрыпталмайды. Көрші ауыл, Арықбалықта біреу тендер ұтып алды, олар шұңқыр қазып, тракторлармен қоқысты шұңқырға көмуде. Ал бізде жай жатыр, бұл көктемде өзенде, одан кейін көлде болады деген сөз, сосын барлығы да шіриді. Бұл мәселенің ең қауіпті тұсы санэпидемиологиялық жағдайға әсер етуі де мүмкін, қандай да аурулар таралуы мүмкін» (СҚО, И-2).*

- бұралқы, қараусыз үй жануарларының мәселесі: *«иттер мәселесі. Бізде осы бұралқы иттерден алаңқай пайда болғандығын әкімдікке айтуға барасың. Шағалдар да көп. Олар бізге ветеринарлар, ит ататындар бөліп береді» (ТО, Д-3).*

Сауалнама нәтижелері бойынша, ауылдық округтің ағымдағы жағдайын бағалау барысында ауылдардың екі типінің тұрғындары өкілдері арасында айырмашылық байқалады (Диаграмма 1.1 қараңыз). Сайлау өткен ауылдарда туған ауылдың потенциалына қатысты ортақ пікір қалыптаспаған. Сұралғандардың 36% пікірінше, ауыл/округтың өсуі мен дамуы үшін ішкі потенциал мен ресурстар бар болса, тұрғындардың дәл осындай көлемінің пікірінше, ресурстар қолда бар инфрақұрылымды асырауға ғана жеткілікті, 17% пікірінше, олардың ауылы даму үшін ресурстардың болмауы себепті құлдырауда деген пікірде. Сонымен бірге, сайлау өтпеген ауылдарда бағалаулардың пессимистік сипаты басым: сұралғандардың жартысының пікірінше, ресурстар қолда бар статус-квоны сақтауға ғана жетеді, ал әрбір төртінші тұрғын ауылы құлдырауда деген аса жағымсыз пікір ұстанса, тек 12% ғана ауылдағы дамудың ішкі потенциалына сенеді.

Диаграмма 1.1.*Сіздің ойыңызша, төмендегі пайымдамалардың қайсысы сіздің ауылдық округ/ауылдың ағымдағы жағдайына көбірек сай келеді? (% ауыл типі бойынша)*

Фокус-топ қатысушылары атап көрсеткендей, олардың ауылдары облыс және аудан орталықтарынан шалғайлығына қарамастан, өзінің «алтын уақыты» болған, ол көбіне XX ғасырдың 80 жж ортасы-аяғы шамасына сай келеді. Сонымен бірге, ауыл тұрғындары тарапынан кеңес өкіметінің соңғы жылдары болған сол потенциал, сол қуаттан айырылғандығына өкіну жиі айтылады.

«И: Сіздің ауылдың гүлдену уақыты деп қай уақытты санайсыз?

Р6: Мен 83 жылы келдім, сол кез гүлдену кезі еді, меніңше. Қаншама кәсіпорын болды!

Р1: Біз балалық шақта өстік, барлығы жұмыс жасады.

Р6: Шұжық цехы жұмыс жасады, конфеттер, печенье, кондитерлік цех, нан зауыты, қандай дәмді лимонад болды. Сосын құс фабрикасы, миллионер кәсіпорын болды ғой. Ол мектепке қалай көмектесетін.

Р2: Олар мектепті де соқты ғой.

Р6: Мен 83 жылы келген кезде, мектепте 1200 оқушы болды, параллельдер болды, бір сыныпта 38 баладан болды, үлкен сыныптап болды, сосын барлығы бітті. Меніңше, бұл гүлдену кезі болды» (СҚО, 1-тип)

«Сосын, бізде білесіз бе, бұрын бізде қандай май зауыты болды, барлық өнім болды, май да, сгущенка да, шоколадты майда, сосын осының барлығын бір сәтте құртты.Бұл біз үшін ең үлкен айырылу болды» (БҚО, 2-тип).

«Ауылдың ең гүлденген шағы 1985-1988 жж болды, осы кез ауыл дамуының ең жақсы кезеңі болды. Бұл кеңес үкіметі кезеңінде болды. Барлық адамдар тоқ, барлығы жас. Ешқандай мәселелер болмады. Біз осындай өмірге қайтадан келе аламыз ба, жоқ па?» (ТО, 2-тип).

Ауылдық жер үшін аса қасіретті кезең 90 жылдарға сай келеді, ол кезде жер үлестерімен, жайылымдармен, шабындықтармен алыпсатарлықты бастап берген жерге жеке жеке меншік енгізілген болатын. Осы кезеңде ауылдағы тағам өнеркәсібі кәсіпорындары құлдырады немесе жабылды, жұмыссыздық пайда болды. ФТ қатысушыларының пікірінше, қожалық ету түрінінің өзгеруі, сонымен қоса, ауылдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай ауыл тұрғындарының көпшілігі үшін жағымсыз салдарға ие болды.

«Ауылдағы жойылыстың басты себебі – жеке меншік. Кімнің шамасы келді, сол алды. Жерді сатып алды, сәйкесінше, жерсіз, ауыл шаруашылық пайдаланылатын жерсіз қалған тұрғындар зардап шегеді... барлығы құлағаннан соң, мұндағы жерлерді сатып ала бастады. Малды жаятын жер жоқ. Жалпы, мынау Бадам өзені онда тас пен қиыршық тас ғана, одан басқа ешнәрсе жоқ. Мал жайылғанмен, аш қайтады. Тұяқтары жараланады» (ТО, 1-тип).

Сонымен қоса, бүгінгі күнде ауыл тұрғындары жайылымдар мен шабындықтар жетіспеген 90 жж басындағы мәселелермен тағы да бетпе-бет келіп отыр, бірақ, қазір жағдай жемнің қымбаттауымен, инфрақұрылымның жоқтығымен, өнімді өткізу нарығының жоқтығымен шиеленісе түскен.

«Сол егістікте адамдар қазір соғысып жатқанын ешкім білмейді ғой, пышақпен, айырмен, әркім өз шабындығын қорғап жатыр» (СҚО, 1-тип).

«Қазір жемдер қымбаттап кетті, адамдар малдарын құрта бастады. Осыған байланысты, сүт өнімдері қазір қымбаттайды. Ет те, сол сияқты. Жемдер өте қымбат. Шаяннан алып келеді, шөп сол жақтардан келеді. Бір теңді 700-800 тг сатып алады да, үстінен 1000 тг. қосып, 1700-1800 тг етіп сатады. Қандай дисбаланс болып жатқанын байқадыңыз ба?»(ТО, 1-тип).

Егемендік алған уақыттан бері ауылдық аймақтардың дамуы әлсіз болды. Ауыл тұрғындары 2000 жылдары жүргізілген газ жүргізуді жалғыз ғана жетістігі деп атайды, *«жалғыз ғана басымдық – міне газ берді. Газ ғана басқа ешнәрсе жасалмады».*

Жалпы, фокус-топтық пікірталастар сараптамасы ауыл тұрғындары қосалқы және табиғи шарушылығы болғандығы себепті негативті экономикалық өзгерістерге бейімделуге көбірек мүмкіндіктері бар, сондықтан да, жинауға және молшылықта өмір сүруге мүмкіндіктері бар деген таптаурын пікірді жоққа шығарды.

«Малдың арқасында адамдар әлі де өмір сүріп жатыр. Қазір жердің барлығы сатылуда …» (БҚО, 2-тип)
«Р4: Міне қараңыздар, келесі жылы болады ма, қазір жердің барлығын сатып алуда. Барлығы сатылуда.
Р6:Барлығын жеке меншіктер сатып алады болды.
Р4: Мал жаятын жер де болмай қалады.
Р6: Соңғы сиырды да өткізу керек болады, сосын болды. Жаятын жер жоқ» (СКО, 2-тип)
«Р1: Негізінен, жұмыссыздар ғой. Негізінен өздерінің үйінде.
Р4: Жұмысқа баруға қарапайым қаражат та жетпей жатады. Мұндағы басты мәселе жұмыстың жоқтығы.
И: Онда сіздер ненің есебінен өмір сүресіздер?
Р4: Жекелей қосымша жұмыстар. Біреуі мал ұстайды. Біреудің отбасында бір мүшесі жұмыс жасайды, солай күнелтуде. Шынын айтқанда, әрең күн көруде.
Р6: Отбасынан біреуі жұмыс жасауға шығады.
Р4: Біреу шығып, жұмыс жасап, отбасына ақша салып отырады» (ТО, 1-тип).

Одан өзге, ауыл тұрғындары қаржылық несиелік ұйымдарға қатысты дискриминациялық жағдайда қалып қойған. Мысалы, СҚО-ндағы фокус-топтық пікірталас қатысушылары атап көрсеткендей, жеткілікті кепілдігі болмағандықтан, олар ауылдағы өздерінің бизнесін дамыту үшін несие алу мүмкіндігінен айырылған.

«Біз қуана-қуана жасар едік, бірақ, мемлекет бізді қолдамайды. Несиелеу ашылғанымен де, егер сенің кепілдігін болмаса, келісімге келгілері келмейді.
И: Ал сіздер барлық бағдарламаларды білесіздер ме?
Р1: Жоқ, барған кезде бізге түсіндіреді, олар айтқан кезде білесің. Бірақ, тағы да, қолдарын сермейді. Қомақты сомаларды айтады, бірақ, сен оларды қолдана алмайсың. Оларға керегі егер жоба ауқымды болса, онда кепіл де ауқымды болу керек. Ал былай аздап бастауға мүмкіндік бермейді» (СҚО, 1-тип).

Сонымен бірге, кеңес уақыты кезінде өте табысты өндірістік тарихы бар ауылдарда ауыл шаруашылық өндірі-сінің дамуымен байланысты күтілімдер жоғары екендігі байқалады. Өз ауылдарының бұрынғы қуаты мен ауыл шаруашылық бейіні туралы естелікке сүйене отырып, тұрғындар, әсіресе, ересек ұрпақ ескі өндірісті қалпына келтіру немесе жаңа өндірісті дамыту керектігін жиі атайды.

«Бірінші кезекте, мұнда аса үлкен емес, шағын кәсіпорындар қою туралы, адамдар жұмыс жасау керектігі туралы ойлану керек. Қандай да бір шағын консерві зауыттары, сүт өндірісі, сосын мал бағу үшін жайылымдар беру керек. Ауыл шаруышылығымен байланысты өндіріс. Жақсы жылыжайлар қою керек. Жұмыс жасаулары керек. Әйелдер сонда жұмыс жасаса. Қандай жағдай болса да жұмыс қолы керек қой» (ТО, 1-тип).

Жоба міндеттерін шешу үшін зерттеліп отырылған аймақтар кескінінде респонденттер бағасын зерттеу орынды болып саналады, себебі, әсіресе сайлау өткен ауылдық округ/ауылдарда тұрғындар өз тәжірибесіне сүйене отырып, жүргізілген реформалар салдарын бағалай алады. Осыған байланысты, осында және есепте одан әрі аймақтар кескініндегі ауылдардың бірінші типі сауалнамасының мәліметтері келтірілетін болады.

Түркістан облысы респонденттерінің өз ауылдарының жай-күйіне берген бағасын аса сарапталған әрі ойластырылған деп сануға болады. Сұралғандардың 85% пікірінше, ауылды қолдау мен дамыту үшін олардың ауылдарында қандай да бір ресурстары бар: олардың жартысынан көбінің ойынша, ауыл ресурстары қазіргі жай-күйін қолдауға ғана жеткілікті десе, алайда, әрбір үшінші тұрғын пікірі позитивті сипатта және олардың ауылдарында потенциал бар, өсу үшін ресурс та бар деген пікірде. Сұралғандардың бір пайыздан аз мөлшері жауап беруге қиналған. БҚО ауылдарынан сұралған тұрғындар бағасы ең кереғар сипатқа ие: мұнда ауылды қолдау мен дамыту үшін ресурстар бар деп санайтын респонденттердің үлесі ең төменгі көрсеткішке ие (64%) және жауап беруге қиналғандардың саны ең көп (әрбір бесінші). СҚО-да келесідей көрсеткіштер тіркелді: оптимистердің ең жоғары үлесі (ауылдың потенциалы бар деп санаушылар үлесі 48%) және пессимистердің ең жоғары үлесі (әрбір бесінші тұрғынның пікірінше, ауылда потенциал қалмаған).

Диаграмма 1.2. *Сіздің ойыңызша, төмендегі тұжырымдамалардың қайсысы сіздің ауылыңыздың/округіңіздің қазіргі жағдайын барынша дәл сипаттайды? (1-типтегі ауыл; аймақ бойынша)*



ТО	32,4%	52,4%	14,8%	0,4%
БҚО	28,4%	35,6%	14,8%	21,2%
СҚО	48,3%	20,0%	22,2%	9,6%

Бұл бөлімді **қорытындылай келе**, қоғамдық пікірдің көшбасшыларының бағалауы бойынша, қала мен ауыл арасындағы символикалық алмасуда әлі де диспропорциялар бар екенін айту керек. Яғни қала ұсынатын өнімдер мен қызметтерге (байланыс, интернет, әртүрлі азық-түлік емес/өнеркәсіптік тауарлар және т.б. қарағанда, ауыл тұрғындарымен өңде-летін азық-түлік (ет, сүт, олардың өнімдері, көкөніс, жеміс және т.б.), анағұрлым арзан тұрады, сонымен қатар олар азырақ қол жетімді, ал олардың сапасы ауыл тұтынушыларын әрқашан да қанағаттандырмайды. Бұл жағдайларда, ауыл тұрғындары пайда болатын әлеуметтік теңсіздікті жеңе алмай, осал күйде қала береді және жақын арада өз өмірінің сапасы мен деңгейін жақсарта алмайды, сонымен бірге өз ауылының жалпы әл-ауқатын жақсартуға үлес қоса алмайды.

Сонымен бірге, 1.1-1.4 Кестелерінде көрсетілген сауалнамаға қатысқан тұрғындардың жауаптарының талдауы мен жіктелуі, ауылды жақсарту боынша шешімдер үшін, тағайындалған немесе сайланған болсын, қазіргі кезде ауыл әкімінің қолында бюджет пен басқару мүмкіндіктернінің бар екенін көрсетіп тұр. (Кесте 1.1). Әлеуметтік инфрақұрылыс объектілерінің жағдайын жақсартудан, тұрғындардың әртүрлі топтар өкілдерін әлеуметтік қолдау саясатын жүргізуден бастап, тұрғындардың экономикалық сұрақтарына деген жауаптары сияқты қалған міндеттер тек жоғары тұрған басқарушы құрылымдармен шешіледі (аудандық деңгейден бастап, республикалық деңгеймен аяқталады). Бұл ауыл тұрғындарының қажеттіліктері қалдық негізінде қанағаттандырылу шеңберінде, ондаған жылдар бойы қалыптасқан ауылдық жерлерді қаржыландыру және басқару тәжірибесінің нәтижесі.

Сонда да, алынған мәліметтер негізінде зерттеу нәтижесі ретінде, басқару деңгейлері арасындағы қызметтерді бөлу арқылы әрбір ауыл округының алдындағы міндеттер көлеміне байланысты, бюджеттік модельды құру кезінде алдағы ұсыныстарды әзірлеу үшін ауылдарды типологиялауға болады деп есептеуге болады.

2. Ауылдың болашағы және тұрғындардың түсініктеріндегі өзгеріс драйверлері

Жалпы, зерттеуге қатысушылардың жартысынан астамы оптимистер (65%) және алдағы төрт жылда олардың ауылдарында жақсы өзгерістер болады деген болжамда, оның ішінде респонденттердің 17%-ы жақсы жаққа өзгеретініне нақты

сенімді. Таңдама бойынша орташа есеппен төрттен бірінен астамын скептиктер құрайды, яғни жақын болашақта олардың ауыл дамуында ешқандай өзгеріс болмайды деп есептейтіндер. Сұралғандардың 4%-ы нашарлауды болжайды.

Сонымен бірге, зерттеу әртүрлі ауылдар типтерінде әлеуметтік оптимизм көрсеткіштерінде айырмашылықтарды анықтады: сайлау өтіп кеткен жерлерде оптимизм деңгейі сайлау енді өтетін ауылдарға қарағанда жоғары. Осылайша, бірінші типтегі ауылдарда сауланамаға қатысушылардың 70%-ы жақсы жаққа өзгерістер болатынына сенімді, ал 2 типтегі ауылдарда мұндай респонденттердің үлесі 60% ғана. Сонда екінші типтегі ауылдарда скептиктердің үлесі 35%, ал бірінші типтегі ауылдарда - 23%. Яғни бұл ауыл әкімдерінің сайлауы сәйкес ауылдар тұрғындарының арасында үміттері мен әлеуметтік оптимизм деңгейінің жоғарылауына себеп болғанын көрсетіп тұр. Сонымен бірге ауылдағы жағдай туралы теріс пікірлердің елеулі санына қарамастан, фокус-топтамалық талқылаулар барысында тұрғындар жақын арада өз ауылдарында жақсы өзгерістерін жоққа шығармайды.

Диаграмма 1.3. *– Сіздің ауылдық округ/ауылдың жақын арадағы төрт жыл ішінде дамуындағы мүмкін болатын өзгерістері туралы Сіз не ойлайсыз? (ауыл типі бойынша %)*



Қоғамдық пікір көшбасшыларымен сұхбаттасу барысында ауыл тұрғындарының әлеуметтік оптимизм көздерінің кейбір түсініктемелері берілді. Мысалы, Түркістан және Батыс-Қазақстан облыстарының ауылдарында ауылдық әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайын жақсарту тренды байқалады, ең алдымен, ауыл ішіндегі жолдарында:

«Жолды асфальтпен төсеп басталғаны, ия, жақсы жақтары бар, бірақ теріс жақтары да бар, осыған байланысты бізде үй қымбаттады, өйткені, біріншіден, біз қалаға жақын орналасқанбыз. Тұрғындар үшін ыңғайлылық болса болды, жарық, газ, су болса, бұның бәрі бізде бар, егер қандай-да бір мәселелер болса, әкімшілік шешуге тырысады, егер де жұмыс жалғастырылып, адамдар барғанда, әкімшілік бізді еститін болса, онда менің ойымша, тек оң жақтар болады» (БҚО, Д-1);

«Жағдай, әрине, жақсарып жатыр, жолдар міне, біз отырған жер тұйықталған жер, қаншама жыл мұнда асфальт болмаған, алдыңғы жылы бұл жерде, кішкентай жолдарға дейін, асфальт төседі, барлық жерде асфальт төселген, Газ өткізілген, су құбырларын өткізді, бұл жөнінде қиыншылық жоқ» (ТО, Д-2);

«Болашақта біздің ауыл дамиды. Мектепті де жақсы салды, енды ары-беры жүрмес үшін, миниспортзалын жасап берсе» (ТО, Д-3).

Әлеуметтік-экономикалық сипаттағы шешілмеген мәселелердің үлкен көлеміне қарамастан, осы облыстарының сұхбаттарынан, ауыл шаруашылығы мен туризмге байланысты, ауылдың экономикалық даму жағынан кейбір жағымды өзгерістер де айтылды:

«Көп нәрсе бар, мысалы. Жұмыс істейтін адамға жер беріледі. Ауыл кеңесі: жұмыс істегілерің келсе, мынанша гектар жер алып, егін егіңдер – деп айтады. Біздің балаларға солай айтты. Жоңышқа егеміз. 5 жыл жоңышқа егіп, сатыңдар. Қазір жоңышқаның бір тюгі 1500 тенге. Ол жерден көп пайда түседі. Менің құдам 5 гектар жер алып, таңқурай екті. Егер жер беріліп жатса, адамдар жұмыс істейді. Бірақ үй салу үшін жер жоқ дейді. Ал жұмыс істейтіндерге, өсу үшін олар көмек береді» (ТО, Д-1);

«Менің ойымша, егер ол шынымен де болса, әкімнің көмегімен дамиды. Мен соңғы кезде естігенім, осы қарама-қарсы жерде бұрын пионер лагері болған, оны шекарашыларға берген. Олар лагерьды толығымен тормен қоршап тастаған. Біз ол жерге малды жібереміз, бір нәрсе кесіліп жатады. Былтыр қаншамасы өліп қалды. Бірақ қазір әкім қайтадан лагерь жасау үшін қол жеткізді. Иә, мемлекеттік. Егер ол ашылса, жұмыс та болады, балаларды да жіберіге болады. Бізде цех бар, болашақта оны да іске қосады, бірақ ол жеке меншік, адамдар алысқа бармай, сонда жұмыс істей алады» (ТО, Д-3);

«Аудан халқы тығыз орналасқан, табиғаты жақсы, туризмды дамытуға болады, қазір президент те айтып жатыр ғой, таулы жерлерде туризмды дамыту керек деп. Бізде бұл жерде шатқал бар, бүрын Турбаза деп аталатын, барлық ауданы ұлттық паркке жатады, ерекше қорғалатын таулы жер. Бұл жерге шетелдіктер көп келеді, олардың мақсаты Уган деген жерге жету, ол жақта жол бойы көптеген көрікті жерлер бар, ол жерде 40 қыз тұрған сияқты тастар бар, табиғат солай жаратқан, ол жерде мас бұлақ бар» (ТО, Д-2).

Және сауалнама нәтижелері бойынша, Түркістан облысы ауыл тұрғындарының көңіл-күйлері басқа облыстарда сұралған тұрғындардан анағұрлым жақсы: осылайша, сұралған түркістандықтардың 77%-ы сәйкесінше БҚО мен СҚО осындай жауаптардың 69%-ы және 62%-ы қарсы жақсы жаққа өзгерістерге сенімді немесе күтуде. Сонда барлық облыстардағы респонденттер жиі «жақсы жаққа өзгерістерді болжаймын» деген нұсқаны таңдаған, Түркістан облысындағы мұндай жауаптардың үлесі 58%.

СҚО-да әрбір үшінші сұралған алдағы 4 жылда ешқандай өзгерістер болмайды және барлығы бұрынғы қалыпта қалады деген оймен күмәнмен қарайтынына назар аудартамыз. Түркістан облысының респонденттердің 5%-ы және Батыс-Қазақстан облысының 6%-ы жақын арада ауылда жағдай нашарлайды деген ойда.

Диаграмма 1.4. *Сіздің ауылдық округ/ауылдың жақын арадағы төрт жыл ішінде дамуындағы мүмкін болатын өзгерістері туралы Сіз не ойлайсыз? (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



ТО	19,6%	57,6%	17,6%	4,8%		0,4%
БҚО	24,4%	44,8%	18,4%	3,6%	2,8%	6,0%
СҚО	21,9%	40,1%	33,8%	0,8%	0,8%	2,5%

Ауылдың/ауылдық округының даму перспективаларын бағалауға ауылдың географиясы, атап айтқанда оның облыс орталығынан шалғайлылығы әсер етеді.

Мысалы, СҚО сауалнамаға қатысушылардың скептицизмін түсіндіруге болады (34% - «барлығы сол қалпында қалады деп ойлаймын»). Зерттеу облыс орталығынан 350 км қашықтықта орналасқан ауылдық округтарда жүргізілді. Бұл

аудан газдалмаған, сондықтан бұл жерде ауыл тұрғындары жылдың суық мезгіліне отын дайындау мәселесімен кездеседі, бұл туралы фокус-топтамаларда айтылған. Сонымен бірге, жалпы саны 1100 адам құрайтын округтардың біріндегі тұрғындар 100 жұмыс орны бар кәсіпорынның жабылу мәселесіне тап болды, бұл ауылдың әл-ауқатына айтарлықтай соққы берді.

«Р1: Қазір бізге отын жеткізіп беру үшін, 70 мың теңге төлеу керек. Мысалы, выпискалар берілмесе, барлығын өзің сатып алуың керексін. Тракторға тапсырыс беру – ауыл үшін өте қымбат. Ауылда отын мен шөп қол жетімді болу керек, өйткені біз еңбекқормыз, қарапайым тұрғындармыз, қол жетімділік болу керек... Бізде барлығы үлкен ақша таппайды, орта есеппен бізде минималды шама 42500, отынды қалай аламыз.

Р3: Кеше бір әйел отын алу үшін, тамақты азайтқанын айтады, екі арба сатып алу керек» (СҚО, 1 тип).

«Училищені ашыңыз. Жөнді нәрсе жасаңыз. Сонымен кете беріп, адамдар жиналады. Бір жерден тағы бір нәрсе ашылар. Бұл жерде жұмыс болмағандықтан, барлығы қашады. Училище құлаған кезде, ешкім ешкімді мүлдем алмайды, бұл жерде мүлдем адам болмайды. Осындай ғимараттар, оларды жөндеуге қаншама қаражат жіберіп, бір жылдан кейін жауып тастады» (СҚО, 2 тип).

Жалпы ауыл және оның тұрғындарының әл-ауқатының нашарлауы ауыл тұрғындарының оптимизміне және әлеуметтік әл-ауқатына кері әсерін тигізуде. Оңтүстік және солтүстік аймақтарының фокус-топтмаларының қатысушылары ертеңгі күнге сенімі жоқ екенін айтады.

«И: Ал егер, мысалы, сол уақытты алсақ, біз өкініштерді естідік, бұл жұмыспен әлде басқа нәрсемен байланысты болды ма?

Р1: Ол мемлекет өзгерді.

Р3: Мемлекет өзгерді, Біз тек өзіміздің ғана емес, балаларымыздың да ертеңгі күніне сенімді болғанбыз, біз ауырып қалсақ, тегін емдейтінін білгенбіз, санаторий тегін, курорт тегін, барлығы тегін болған.

Р1: Сенімділік болған.

Р3: Балаларымызға білім беретінімізге, жұмыс болатынына сеніміділік болды, ал қазір былай» (СҚО, 1 тип).

«Түсінесіз бе, адамда ақша жоқ кезде, тіршілік көзі жоқ кезде, ол бірінші кезекте келесі күнге нан табумен айналысады. Ертеңгі күн қандай болатынын емес. Бүгінгі күн керек. Ертеңгі күнге сенім жоқ бізде. Мүлдем ешқандай сенім жоқ. Сіз 4 жылдан кейін дейсіз, 4 жылдан кейін асфальт салынады, жарық беріледі, болды. Сонымен барлығы тоқталады. Бізге жұмыс керек. Бізге осы жерде жұмыс керек» (ТО, 1 тип).

Жалпы, солтүстік және оңтүстік аймақтардың ауыл тұрғындарының талаптары төмен екені анықталды, олар жиі демалыс және әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту мен дамытуға сұраныстарымен шектеледі.

«И: Сіздің ауылыңыз 4 жылдан кейін қандай болады?

Р7: Қандай болды, сондай болып қалатын шығар.

Р4: Сол қалпында қалады. Ештеңе өзгермейді.

Р6: Мүмкін, жақсы болатын шығар. Асфальт төселеді, жарық болады деп айтады. Балалар алаңы болады дейді. Жақсы болады деп үміттенемін.

Р8: Үмітпен күтіп отырмыз» (ТО, 1 тип).

Ал облыс орталығынан 30 км артық емес қашықтықта орналасқан және көлік қатынасы бар БҚО-ң ауылдарының зерттеуге қатысушыларының жағдайында, қысқамерзімді болашаққа көбінесе позитивті көзқарас байқалады (24,4% «жақсы жаққа өзгерістерге сенімді»).

«Р6: Болашақта ауылдың гүлденетінін көремін. Барлық жағынан.

И: Не себептен?

Р6: Қазір құрылыс қарқынды жүріп жатыр, көптеген халық келіп жатыр. Тек қаладан ғана емес келіп жатқан бұл жерге. Бұл жерге өз жеке үйін салу үшін көшіп келеді. Және де алыс жатқан ауылдардан қалаға жақынырақ келуге тырысады» (БҚО, 1 тип).

Ауыл мен аймақтың түріне қарамастан, барлық қатысушылар үшін ортақ нәрсе – ауылдардың жандануының, олардың тартымдылығының тұрақты тұрғылықты жер ретінде жоғарылау шарты ретінде, жаңа жұмыс орындарының ашылуына күту болып табылады.

«Және ең бастысы, болашақта бұл жерде өндіріс дамыса екен.Тек қана елді мекен емес, ауыл, мал сияқты, атап айтқанда өндіріс дамыса екен. Онда жұмыс орындары болатын еді» (БҚО, 1 тип).

«Бұрын орман шаруашылығы болғанда, тәртіп болатын, ал қазір Ұлттық саябақ деген – жай аты ғана. Олар сол жақта Көкшетауда отыр. Егер осы жерде Арықбалықта отырса, жергілікті халықта қаншама жұмыс орындары болатын еді, және бәрін бақылайтын еді» (СҚО, 1 тип).

«…Бұл зауыттар жабылып қалды. Ештеңе қалмады. Адамдар қайда барады? Жұмыс істеу керек. Еңбекақы өте аз төленеді, айталық Шымкентте. Ос жерден барып келу, тамағы бар, сондағы қалатыны не? Түсінесіз бе, адмдардың рухы моральды төмен түсуп кеткен» (ТО, 1 тип).

Сонда да ауыл тұрғындардың оптимизмі неге негізделген? Олар туған округ/ауылында өмірінің жақсаруына деген үміттерін кіммен байланыстырады? Зерттеу екі түрдегі ауыл тұрғындарының арасындағы бағалауда жоспарланатын жақсартулардың жетекшісі/драйвері бойынша айырмашы-

лықтарды анықтады. 1 типтегі ауылдарда негізгі драйверлер үштігіне – жергілікті кәсіпкерлер (32%), сайланған әкім (25%) және округ/ауыл тұрғындарының өздері (22%) кіреді. 2 типтегі ауылдарда рейтинг басқаша қалыптасты: бірінші орында және округ/ауыл тұрғындары (41%), одан кейін кәсіпкерлер (38%) және сайланған әкім (34%).

Екінші типтегі ауылдарда тұрғындардың әртүрлі топтарының күш-жігеріне айтарлықтай мән берілетіні анық көрінеді (жергілікті қауымдастық, жеке қосалқы шаруашылық иелері, тұрғындар, жергілікті кәсіпкерлер), сонда 1 типтегі ауылдардың респонденттері жиірек олардың ауыл/округіндегі жақсартулар аудандық әкімнің жұмысына байланысты екенін айтты, және бір қызығы, қойылған сұраққа жауап беруге қиынға соқты (14% 7%-ға қарсы).

Диаграмма 1.5. *Сіздің ауылдық округ/ауылдағы өмірді жақсарту үмітін Сіз кіммен байланыстырасыз? (ауыл типі бойынша %)*



1 ауыл типтегі	12,1%	32,4%	10,9%	22,3%	25,2%	14,1%	2,6%	13,7%
2 ауыл типтегі	15,2%	37,7%	12,5%	40,7%	34,1%	10,6%	1,1%	7,2%

Сайлау өткен ауылдар тұрғындарының пікірлері сай келетіні қызық, көрсеткіштердің пайыздық толуы ерекшеленсе де, өзгертулердің негізгі драйверлері туралы Түркістан және Батыс-Қазақстан облыстарында сәйкес келді. Сонда, өзінің ауылдық округ/ауылдың өмірін жақсарту үмітін бірінші кезекте

жергілікті кәсіпкерлер мен бизнесмендермен байланыс-тырады - респонденттердің сәйкесінше 49% және 25%, екінші және үшінші орындарда - ауыл округының сайланған әкімі мен аудан әкімі аталған. СҚО жақсарту үміттері бірінші кезекте ауыл тұрғындарының өздерімен, ал одан кейін ғана сайланған әкім мен жергілікті кәсіпкерлермен байланысты. Ал СҚО мен БҚО-ң әрбір бесінші респонденттің бұл сұрақа жауап беруге қиынға түскені назар аудартады.

Диаграмма 1.6. *- Сіздің ауылдық округ/ауылдағы өмірді жақсарту үмітін Сіз бірінші кезекте кіммен байланыстырасыз? (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



ТО	18,4%	48,8%	18,4%	21,2%	27,2%	26,8%	0,0%
БҚО	9,2%	24,8%	11,6%	11,2%	15,6%	11,6%	19,6%
СҚО	8,4%	23,2%	2,1%	35,0%	33,3%	3,4%	21,9%

Фокус-топтардың қатысушылардың пікірінше, ауылда әкімнің маңызы зор. Олар оны ауыл/аудан тұрғындарының мүдделерін қорғауға тиіс ресми көшбасшы ретінде көргісі келеді, *«әкімшілік тиісті, біз көмекшіміз, ол көшбасшы болу керек, ал біз оны үнемі қолдаймыз»*. Сонымен бірге адамдар өздерінің

ауылдарының дамуына қатысуы мен бастамаларын жоққа шығармайды, *«бірақ ненің есебінен? Бқл жердің табиғаты жақсы. Турбазалар ашуға болады. Ненің есебінен? Халықтың есебінен. Бұл жердегі халық жақсы және еңбекқор».*

Сұхбат барысында кейбір сарапшылар ауылдағы жағдайды жақсарту мүмкіндігі ретінде әкімдердің тағайындаудан сайлауға өзгерту саяси жүйесі туралы айтқанын атап кету керек: *«ешқандай қорқыныш болған жоқ, біз болашаққа үмітпен өмір сүреміз, бір көшбасшы кетіп, басқасы келеді, бұл жақсы, әкім ауысса, жаңа бір нәрсе енгізіледі, жақсы нәрсе болады» (ТО).*

Сонымен бірге қоғамдық пікірдің көшбасшыларының сұхбатында олардың ауылдық округтарында әкімшілікке қосымша ауылды өзін-өзі басқару құрылымында кейбір бейресми/институционалды емес топтары туралы айтылды: ақсақалдар, «ақсақалдар кеңесі» сияқты *(«олар жиналып, бұрын қолдарды жинайтын, шалдар сондай ғой, «әбден тиісіп болмай», кетпейді)* немесе «қоғамдық кеңестер» *(«біздің қоғамдық кеңесіміздің мүшесі әкім бола алады, өйткені біз шешеміз»)*, олар өз міндетіне бастамалар алуы мүмкін, халықтың маңызды мәселелерін шешу үшін әкіммен кездесе алады, немесе өздері сондай шешім қабылдай алады. Алайда олардың іс-әрекеті әрқашан елеулі әсермен аяқталмайды: *«Олар сол кезде осы жол мәселесімен жүрген, бәрібір шеше алмады, әкім де шешпеді».*

Сонымен бірге, өзін-өзі басқару бастамалар тәжірибесі зерттелетін ауылдарда бар, және БҚО-ң сарапшылары атап өткендей, оларды Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамытуға пайдаланға болады: «Иә, егер де оны қазір бақыласақ, дәл біздің қоғамдық кеңесіміздің мүшесі әкім бола алады, өйткені біз шешеміз. Бұл машықтану алаңы сияқты, ары қарай мемлекеттік қызметке. Бұл жақсы болатын еді, бұл өте жақсы модель болатын еді, өйткені егер адам халық пайдасы үшін тегін жұмыс істесе, онда қызметте одан да жақсы болады. *Менің ойымша, ол жерде қауіптер жоқ, қоғамдық кеңес мүшелерін әкімдікке сайлау үшін, енды оған қоғамдық кеңестің өкілеттілігін күшейтіп қосса ғой» (БҚО, Д-3).*

Осы тармақты **қорытындылай келе**, туған ауылдарының жағдайына қатысты елеулі сын және қанағаттанбаушылыққа қарамастан, респонденттердің көпшілігі (65%) болашақта жақсы болады деген үмітін және оптимизмін жоғалтпайтынын атап өту керек. Үміттердің едәуір бөлігі жергілікті кәсіпкерлердің және өзін-өзі ұйымдастырудың әртүрлі формаларымен айналысатын ауыл тұрғындарының қызметімен байланысты. Жергілікті және аудандық әкімдердің іс-әрекеттері

өзгеріс драйверлері ретінде салыстырмалы жоғары бағаланады: өзгеріс субъектілер тізімінде екінші-үшінші орында.

Сонымен бірге, сауалнама нәтижелері бойынша, сайлау өтпеген 2 типтегі ауылдардағы халықта ауылдық округ/ауыл өмірін жақсартуда кім үлес қоса алатыны туралы көбірек идеалдандырылған түсінік бар екені көрініп тұр. Ал сайлау өткен ауылдарда (1 тип) сайлау нәтижелері бойынша түсінбеушілік пен шатасулар орын алады: көрсеткіштердің пайыздық толуы 2-ші типтегі ауылдарға қарағанда әлдеқайда төмен, сонда әрбір оныншы үшін өзгертулер драйверлері туралы сұраққа жауап беруге қиынға соқты.

Бір қызығы, сауалнамаға қатысқан үш облыстың бірдебірінде респонденттер ауыл әкімін өзгеріс драйвері ретінде бірінші орынға қойған жоқ. БҚО мен Түркістан облысында үміттерін бірінші кезекте кәсіпкерлермен байланыстырды, СҚО-да ауыл округының тұрғындарының өздерімен. Осылайша, тағайындалған немесе сайланған ауыл әкімі ауылдастардың сенімі мен қолдауына ие болу үшін, алған мәтебесі негізінде, өзінің ресми көшбасшылығын дәлелдеуі керек.

2 БӨЛІМ. ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: КӨҢІЛСІЗДІК, СЕНІМСІЗДІК ЖӘНЕ САЯСАТҚАДЕГЕН ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ

1. Ауыл әкімдерін сайлау туралы хабардар болу мысалында елдің саяси өміріндегі оқиғаларға деген қызығушылық

Сауалнама нәтижесінде, іріктеу бойынша орташа шамамен респонденттердің 69% елдің саяси өміріндегі шешімдерімен, оқиғаларымен тұрақты немесе олардың мүдделеріне қатысты қызығушылық танытады. 28% саяси жаңалықтармен мүлдем қызықпайды деп жауап берді. Ауылдарың екі типі бойынша бөлінген мәліметтер ұқсас үлестіруді көрсетеді: тұрғындардың көпшілігі азды-көпті саяси оқиғаларға қызығушылық танытады, аз бөлігі (26 және 30%) «саясатқа қызығушылық танытпайды».

Диаграмма 2.1. *– Сіз елдің саяси өміріндегі оқиғаларға, шешімдерге қаншалықты жиі қызығушылық танытасыз? (ауыл типі бойынша%)*

Облыстық кескін тұрғыдан алғанда, «менің өз мүдделеріме қатысты қызығушылық танытамын» деген саяси жаңалықтарға ең прагматикалық көзқарасты Түркістан облысының тұрғындары көрсетіп тұр (50%). Олардың арасында сауалнама елдің саяси жаңалықтарымен мүлдем қызығушылық танытпайтындардың ең көп үлесін анықтады (әрбір үшінші). Саяси ақпарат тұтынушылары жиі БҚО-да және бәрінен көп СҚО-да кездеседі: осы облыстардағы сауалнамаға қатысушылардың сәйкесінше 38% және 44% елдің саяси өміріндегі шешімдері мен оқиғаларымен тұрақты қызығушылық танытады. Сонда СҚО-да саясатпен қызықпайтындардың үлесі салыстырмалы жоғары (әрбір төртіншісі), ал БҚО-да әрбір оныншыға жауап беруге қиынға соқты.

Диаграмма 2.2. *– Сіз елдің саяси өміріндегі оқиғаларға, шешімдерге қаншалықты жиі қызығушылық танытасыз? (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



	Тұрақты түрде қызығушылық танытамын	Бұл менің мүдделеріме қатысты болған кезде ғана	Қызығушылық танытпаймын деуге болады	Жауап беруге қиналамын
ТО	15,2%	50,4%	32,8%	1,6%
БҚО	37,6%	32,0%	20,0%	10,4%
СҚО	44,3%	25,3%	25,3%	5,1%

Сұхбат барысында қоғамдық пікір көшбасшыларының әртүрлі бағалары айтылды. Осылайша, Батыс-Қазақстан облысының ауылдарының сарапшылары өздерінің ауылдастарының саяси оқиғаларға жоғары қызығушылық танытатынын растайды.

«Бізде халық өте белсенді, бізде жергілікті және қоғамдық кеңестер бар, және менің ойымша, біздің адамдар саяси және заңды сауатты. Өйткені мен бірнеше рет сайлау комиссиясының мүшесі болдым, кейбір нюанстар болып жатты, жеке куәлік мерзімі өтіп кеткен адамдар да келді, әртүрлі жағдайлар болды, оның өз құқықтары мен міндеттерін білетінін адамдарға қарап білесің»;

«Біз бәріміз саясатты қадағалаймыз, жаңалықтарды көреміз»;
«Сауаттылық бар, бізде барлығы интернетте бар, Дарьинск хабары чаты бар, қолданылады, жай Дарьинсқоғамдық кеңесі бар».

Бұл облыстың тек бір сарапшысы ғана ауыл тұрғындарының саяси сауаттылығының төмендігі туралы айтты:

«Ноль. Оларды кім дамытады, бізде бәрі айқай-шумен дамиды, ал сауатты қолдануға қолдан келмейді. Біздің ауылды алсақ, барлығы ауылды жерден. Мысалы, мен қалада өстім, мен кімге қалай айтуды білемін, ал бұл жерде адамдар колхоздағыдай жиналуға, хаттама жүргізбей айта салуға әдеттенген. Халың еркелеп кеткен, ол әкімді ғана емес, мысалы, жұмыртқа қымбат деп, кез келген құс фабрикасының директорын қуып шығады, бұл да тәртіпсіздікке әкелуі мүмкін».

Сонымен бірге Түркістан облысындағы саяси сауаттылық жағдайы БҚО-ғы жағдайдан айтарлықтай ерекшеленеді. Атап айтқанда, жергілікті сарапшылардың бағалауынша, үй жұмысының үлкен көлеміне, сәйкесінше уақыт жетіспеушілігіне сылтау жасап, ауыл тұрғындарының еліміздегі саяси және қоғамдық оқиғаларға төмен қызығушылық танытуы байқалады. Оларға жергілікті сайлау да қызықты емес болды.

«Э: Ауыл басшылығы, білмеймін. Жиналыстар өткізгенде, мені ешқашан шақырмайды.
И: Неге өзіңіз бармайсыз?
Э: Жиналыс қашан болатынын мен қайдан білемін? Мен жиналыс өткізіліп жатқандығы туралы басқалардан естимін, есеп береді. 2020-шы немесе 2019-шы жылы ма, есімде жоқ, 2020-шы жылы шығар, мен біреуден жиналыс өтетінін естіп, барғанмын. Біздің көше туралы айтылды»;
«Мен біреу үшін айта алмаймын, әрыреуі үшін, бірақ бұл жерде адамдар құр босқа отырмайды, әртүрлі қарама-қайшы нәрселерді көруді жақсы көреді, сол туралы әңгімелеседі, содан соң түсініспеушілікке келеді, кімге, неге сенерін білмейді»;
«Бізде қызығушылық танытпайды, өйткені ауылда үй тіршілігі өте көп, барлығында бақшалар бар, негізінде барлық адамдар бос емес, жұмыс істейді, ешкім құр босқа отырмайды, барлығына бәрібір деп айта алмаймын, бірақ бұл жерде адамдар көбірек жүктелген. Теледидарды да кешке ғана көреді деп айта аламын, күндіз уақыт жоқ»;
«Мен 50 де 50 деп айтамын, өйткені олардың сайлау алды кампаниясы, бағдарламасы, бізде халық онша сауатты емес, көп уәде беріп, шын мәнінде қалай болатынын ешкім білмейді, сондықтан менің ойымша, бұл іс соңына дейін аяқталмаған».

Дегенмен тұрғындар арасында қалауларында айырмашылықтар бар: жергілікті сайлауға қарағанда, жоғары деңгейдегі сайлау көбірек қызығушылық тудырады (президенттің, облыс маслихатының), сонымен оларға ауыл деңгейінде де көбірек мән мен үлес беріледі.

«Бізде халық, бізде ғана емес, жалпы президент сайлауына және облыстың маслихатқа депутаттардың сайлауына да қаттырақ көңіл аударылады, өйткені жергілікті деңгейде көптеген үміткерлер бар, барлығы жақсы, халық шатаса бастайды. Ал облыстық маслихат сайлауына, ол жерде көбірек жауапкершілікпен сайлауға барады, халық өздерінің тікелей депутатына қолдау көрсетеді. Деңгей неғұрлым жоғары болса, халық көбірек байсалды болады».

Саясатқа деген қызығушылықты 2021 жылдан бастап енгізілген ауылдық округтер әкімдерін сайлау сияқты ішкі саяси оқиғадан хабардар болу деңгейден байқауға болады, әсіресе олар мақсаттық топтың - ауыл сайлаушыларының мүдделеріне тікелей қатысты болғандықтан. Іріктеу бойынша орташа есеппен респонденттердің жартысынан астамы (63%) сайлау туралы білетініне қарамастан, 1 типтегі ауылдарда бұл оқиға туралы хабардар болу деңгейі барлық сайлаушылардың 100% қамтымағандығы назар аудартады.

Неліктен осы зерттеу шеңберінде бұл нәрсеге назар аудару маңызды? 2021 жылдың 25 мамырда президент Қ.Тоқаевпен қол қойылған «Қазақстандағы сайлау туралы» Конституциялық заңға енгізілген түзетулерге сәйкес, ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу көзделуде. Негізінде, жергілікті деңгейде тікелей демократияны енгізу туралы сөз болып тұр. Тікелей демократия – бұл әрбір азамат өзінің көзқарасын білдіруге және дауыс беруге құқысы бар саяси жүйе[1]. Тікелей (тура) демократияда регламентке немесе шешім қабылдау тәртібіне маңызды мән беріледі. Және, әрине, сайлаушыларды сайлау процесіне тартудың ең маңызды негізі немесе бастамасы, оларды жоспарланған дауыс берудің барлық кезеңдері туралы хабарлау. Осыған байланысты алдағы сайлау туралы 1 типтегі ауылдарда дауыс беру құқығы бар тұрғындардың хабардар болған 68%-ы 25 шілдеде өткен сайлауды сәтті өтті деп санауға жеткілікті нәтиже емес деп қарастырылады.

---

[1]Нуреев Р.М. Теория общественного выбора (курс лекций). - М: ГУ ВШЭ, 2005. - С.145.

Диаграмма 2.3. *Сіз Қазақстанда 2021 жылдан бастап ауыл/ауылдық округ әкімдері тағайындалмай, ауыл/ауылдық округ тұрғындарымен тікелей дауыс беру жолымен сайланатынын білесіз бе? (ауыл типі бойынша %)*



Фокус-топтарға қатысушылардың көпшілігінің алдағы болатын сайлау туралы ақпараттың қалай жарияландырылғанына наразылығын білдіргенін атап айту керек. Көбінесе дүкендер мен поштада ілінген үміткердің өмірбаяны бар парақшалармен шектелген, үгіт-насихат жұмыстары аз жүргізілгеннен басқа, ешкім дауыс беруге шақыру қағазын алған жоқ. Фокус-топтардың қатысушылардың ешқайсысы әкімдікке үміткерлердің бағдарламаларын көрмепті. Кейбір жерлерде халықпен кездесулер жүргізілген, бірақ олар көбінесе елді мекендерді жалпылама қамтымай, кездейсоқ болған. Фокус-топтардың қатысушыларымен кейбіреулері ауылда сайлау өтетіні туралы хабардар емес болды, ал кейбіреулері соңғы сәтте білгені туралы бірнеше рет айтылды.

«И: Сіз сайлау туралы білдіңіз. Оны қалай білдіңіз?
Р1: Мен екі күн бұрын білдім.
Р5: Мен ана әкімді алып тастады деп айтқанда, сайлаудан кейін білдім.
Р1: Мен көршім телефонмен сөйлескен кезде, жексенбіде сайлау болатыны туралы кездейсоқ білдім» (СҚО, 1 тип).

Нәтижесінде, ауыл әкімдерін сайлауынан күткені туралы айтқанда, көбісі *«үміткерлер туралы ақпарат толығымен жарияланса», «адам туралы ақпарат түсу үшін бақылау болу керек, Кім, не ол?»* сияқты ұсақ-түйектерді қалайтындарын айтты.

Сонымен бірге, сайлау алда болатын ауылдарда (2 тип), сайлау жүйесіндегі жаңалықтар туралы тек 57% ғана хабардар екені көрініп тұр. Яғни, сайлау туралы мәлімет, алдыңғы сұрақта саясатқа қызығушылық танытамын деген тұрғындарға да қызықты емес екені көрініп тұр (69%; 7-ші Диаграмманы қар.). Сонымен бірге, келесі тәуелділік анықталды: саясатқа үнемі қызығушылық танытатындардан, 89%-ы Қазақстанда әкімдердің сайлануы енгізілетінін білді; ал саясатпен мүлдем қызықпайтындардың 69%-ы жергілікті деңгейде сайлау институтының енгізілуі туралы білмейді.

Диаграмма 2.4. *– Саяси жаңалықтарға қызығушылық мәселесі арқылы әкімдерді сайлауды енгізу туралы хабардар болу (2 типтегі ауылдар)*



Облыстар кескінінде сауалнама нәтижелері, Түркістан және Батыс-Қазақстан облыстарымен салыстырғанда, СҚО-ң тұрғындары Қазақстанда жергілікті билік органдарының – әкімдерінің сайлауы өтетіні туралы көбірек хабардар болғанын көрсетеді (74%). Солтүстік-Қазақстан облысының сарапшылары атап өткендей, жалпы, олардың ауылдастарында саясатқа деген қызығушылық бар, *«жиі жаңалықтарда, компьютерде»*, сонда да, дәл олардың ауылында сайлау өткізу туралы ақпарат *«көпшілік үшін күтпеген жағдай болды, түсіндірме жұмыстарын ешкім жүргізген жоқ, ал баспаны негізінен мұғалімдер, медиктер алады, поштада жазып береді, кім сол өмірмен байланысты, солар ғана білген»*. Және ақпараттандырудың қанағаттанарлықсыз деңгейінің нәтижесінде халықта *«ол жаққа (сайлауға) барудың қажеті жоқ, онсыз да бәрі белгілі»* деген көзқарас қалыптасты.

Әртүрлі облыстардағы сауалнама нәтижелері бойынша, сайлау өткен ауылдағы респонденттердің бестен-төрті, 2021 жылдан бастап Қазақстанда ауылдық округ/ауылдарда әкімдері тағайындалмай, тұрғындардың тікелей дауыс берумен сайланатыны туралы білмегенін айтты. Сонымен бірге БҚО-нан респонденттердің 18%-ы жауап беруге бас тартқаны айқын, бұл сауалнама барысында олардың саясат мәселелерінде инфальтилизм көрсеткісі келмейтінін куәландырады.

Диаграмма 2.5. *– Сіз Қазақстанда 2021 жылдан бастап ауыл/ауылдық округ әкімдері тағайындалмай, ауыл/ауылдық округ тұрғындарымен тікелей дауыс беру жолымен сайланатынын білесіз бе? (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



	ТО	БҚО	СҚО
Жоқ	27,6%	20,4%	22,4%
Иа	68,4%	62,0%	74,3%
Жауап беруден бас тарту	4,0%	17,6%	3,4%

Бұл бөлімді қорытындылай келе, ішкі саяси оқиғаларға қызығушылықтың жоғары екендігіне қарамастан (33% үнемі қызығушылық танытатындар, 36% - жағдай бойынша), сұралған ауыл тұрғындарының 63%-ы ғана Қазақстанда 2021 жылдың 25 шілдеден бастап әкімдердің тікелей сайлауы енгізілуі туралы хабардар болғанын атап айту керек. Бұл көрсеткішті енгізілетін тікелей демократия тұрғысынан жеткілікті деп санауға болмайды, өйткені зерттелетін облыстардағы сайлаушылардың бестен бір бөлігінен астамы, олар өздеріне қатысты маңызды оқиға – жергілікті өзін-өзі басқару органының басшысын таңдау туралы шешім қабылдаудан тыс қалды.

Сонда Түркістан облысының тұрғындары үшін ауыл әкімінің сайлауы, ел президентінің немесе тіпті облыстық мәслихаттар депутаттарын сайлауынан гөрі, маңызды емес оқиға болып шығады. Ал СҚО-ң сайлаушылары алдағы сайлау туралы көбірек хабардар болғанымен (74%), олар сайлау

науқаны кезінде үгіт-насихаттау жұмыстарына тартылмай қалды, сондықтан олардың арасында жүргізілген дауыс беруге қанағаттанбағандардың едәуір саны бар.

2. Әкімдердің қызметін бағалау: қайсысы жақсы тағайындалған әлде сайланған ба?

Биліктің қолдау дәрежесі мен әкімдердің қызметіне халықтың баға беруін қарастырған кезде, сараптамалық сұхбаттар нәтижелері бойынша қос көзқарас пайда болады: бір жағынан, ынта болмаса да, позитивті, басқа жағынан немқұрайлы - теріс. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың айтуынша, әкімдердің сайлануы әзірге бағалауда маңызды рөл атқармайды.

Жүргізілген сұхбаттардың талдауы, әкімге қойылатын маңызды талаптардың бірі – жергілікті қоғамдастыққа тиесілігі сайланғаннан гөрі маңызды екенін көрсетеді. Барлық сарапшылар дерлік басқа жақтан келгендермен салыстырғанда, сайланған да, тағайындалған да жергілікті әкімдердің артықшылықтарын атап көрсетеді, өйткені *«жергіліктінің аты жергілікті, ол халықтың барлық мәселелерін біледі»*, және шағымданады: *«Менің ойымша, әкімдер соншалық жиі ауыспау керек, өйткені әкімді енді қойып, ол бір нәрсені істеп үлгерммей, оны алып тастап отыр. Мен, мысалы, жастар үшін, бізде жақсы стадион бар, оны 90-шы жылдары салған, спортпен айналысу үшін, әкім оны жөндеуге уәде берген, одан кейін оны алып тастап, басқа жерге аударады»; «Әкім бір-екі жыл жұмыс істеді, басқасы үш, тағы біреуі төрт жыл, сосын оларды алып тастайды да, олар Дарьинск өмірімен танысуға үлгермейді де»; «Олардың бәрі жергілікті емес болған, олар бір жерде отырмайды, оларды ауыстырып жібереді, танысуға үлгермейді»; «Олар біздің жерден емес, біздікі емес, біздің округты білмейді, танысқанша, халықты, жерді танып үлгермейді, оларды басқа жерге аударып жібереді, неге олай істелінеді, білмеймін»; «Оның, кем дегенде, жауапкершілігі бар, бірдеңе жасауға тырысады, ол жергілікті ғой, ауылдастар алдында жауап беру керек».*

Көбінесе ауыл өміріндегі өзгерістердің бастамашысы ретінде әкімдер ұсынатын билік болып табылады. Әкімдердің өздері туралы пікірлер әкімішіліктң жұмысы туралы оң бағалануы («сәтті» тағайындалған) немесе олар орындаған қоғамдық-пайдалы істері куәландырады: *«жақсы жаңа қазақ мектебін ашты, сөз жоқ, балабақшаны жөндеді, басқа мектептерді де жөндеді және үйлер тұрғызып жатыр, кейбір жерлерде асфальт*

төседі, бұның бәрі жетістік»; «жалпы, болашағынан үміт күттіретін жас жігіт, өз жұмысын біледі, бір жыл жұмыс істеді, тек жақсы сәттер ғана». Ауыл әкімінің жұмысының сапасы «төртке» бағаланады, ал халықтың қолдау дәрежесі «50 де 50». Сонымен бірге сарапшылар, билікті негізінен қарт тұрғындар сынға алады деп есептейді: *«біреуде шатыры құлады, қорасы, біреуге шарбақ құру керек»,* және осындай жағдайлардың жартысында әкімшілік мәселені шешуге көмектеседі. Сонымен бірге, кейбір ауылдарда бұдан нашар жағдай байқалады, ол жерде билік *«бар және жоқ та сияқты»*, және *«мұнда күш те, қамшы да, қожайын да жоқ»*, ал *«мұндай жүйе, дұрыс жоспарланбаған жұмыс»* ауылдың жеткілікті қарқынды дамуына жол бермейді, және күш-жігер *«халыққа шынымен мұқтаж»* салаларға бағытталмайды. Жергілікті билік тұрғындардың өтініштерін жай ғана елемеуі мүмкін: *«Егер сол жаққа барсаң, әкімшілік өз бетімен өмір сүріп жатыр. Аяқтарын айқастырып, темекімен отырады»; «Қазір олардың бәрі өзінше».*

Фокус-топтың қатысушылары арасында ауыл әкімінің лауазымының беделі мен әсері туралы пікір екіге бөлінді. Бір жағынан, бұл билік иерархиясындағы мәртебе екені мойындалды, бірақ оны сақтап қалу үшін, күш салу керек, *«беделді. Авторитетті ұстап тұру керек, халықпен жұмыс істеу керек».* Екінші жағынан, ауыл әкімінің мәртебесі оның иесіне ғана тән құндылық ретінде қарастырылады. Көпшілік ауыл тұрғындарының түсінігінше әкім беделі оның жұмыстарының нәтижесіне тікелей байланысты, *«ол адамның артынан жүгіру керек. Ия, халық үшін терін төгу керек. Бізде олардың бәрі тек ақша үшін ғана отыр, болды. Ештеңе жасамайды»*. Және пікірталасқа қатысушылардың сөздеріне қарағанда, ауыл әкімдерінің көпшілігінің беделі жиі төмен түсетін сияқты болады, *«егер бәрін дұрыстап жасаса, оның лауазымы да болады, халық арасында беделі де болады. Ал егер дұрыс жасамаса, әкім жәй ғана әкім».*

Әрине, ауылдың табысы әкімнің тағайындалғанына немесе сайланғанына қарамастан, оның жеке қасиеттеріне, үнемділігіне, жауапкершілігіне және табандылығына байланысты. Әкімнің жеке тұлғасы ауыл тіршілігінде шешуші рөл атқарады: *«бұл өте жауапты адам. Жұмысына жауапты. Мен оның барлық әрекетін көремін. Қаншама бақ отырғызды, ағаштар отырғызды. Сосын оның қамқорлығындағылар, сол жерде тұратын жұмыссыздар, оларға жұмыс берді. Барлық көшелер әктелген».* Сұхбат барысында Батыс-Қазақстан облысының ауылдарының бірі мысал ретінде келтірілді, ондағы әкім *«ауылды*

өте жақсы жағдайға келтірді. Барлық жерде асфальт төселген, су өткізді. Колхозшылар, олар жұмысқа қуана барады. Кез келген жұмысты жасайды, өйткені барлық жағдай жасалған. Оны қаншама мақтады, ол үш мәрте батыр». Бірақ ол кете салысымен, ауыл құлдырап кетті: *«ол ауылды қазір таратып жіберді, ештеңе жоқ, бос дала».*

Тұрғындардың жеке өмір сүру жағдайын жақсартуға және басқару процестеріне қатысуға қызығушылығына келетін болсақ, сарапшылардың жауаптары олардың өз қажеттіліктерін түсіну жағдайында халықтың пассивтілігін және патерналистік ерекшеліктерін көрсетеді. Фокус-топтардың нәтижелері де ауыл тұрғындарының мінез-құлқы патерналистік модельге бейімділігін растайды, *«барлығы талқылағысы келеді, бірақ ешкім жауапкершілікті алғысы келмейді».* Мысалы, мынау керек, *«саябақ, демалыс орындарын, жағажай орнатуды халықтың өзі қалайды»*, бірақ билік әрекет етуге мүмкіндік бермейді және жағдай жасамайды: *«ол (билік өкілі – жергілікті әкім) бұл иесі жоқ жерлер, ол жерде салуға болмайды деп түсіндіреді»; «Жер қалай бөлінентінін мен білмеймін»; «Төрт жыл деп айтады, келесі Әкім, төрт жыл, одан кейін келесі. Адамдар бір жерде тоқтаған жоқ. Солға, оңға салатын қалта болған жоқ»; «Сіз өзіңіз қалаған Әкімді сайлайсыз ғой».*

Сұхбат кезінде сарапшылардың біреуі өзіне жауапкершілік алу дайындығын көрсеткенін атап айту керек: *“Ауылда бәрі сені сайлайық деді. Мен келісемін. Егер мен өзім шешім қабылдасам. Біздің Әкім жоғарыдан нұсқау келмей, ештеңе шешпейді”*. Бірақ ол да қатаң вертикалды билік бар кезде әкімдердің тәуелді болу теріс жағдайын (*«Әкім бар, аудандық Әкім бар, облыстық Әкім бар. Солай өмір сүресін»*) өзгертуге болмайды деп есептейді, бұл тағы да халық арасында қалыптасқан көзқарастар мен пессимизм туралы айтады. Ал халық қоғамдық мәселелерді шешу үшін әкімшілікке белсенді түрде өтініш жасаса (*«Жалпы, адамдар жиындарға қуана барады ма? Э: Ия, барады, бірақ дамдар симайды»*), билік жауап бермейді: *“Уәде берды, болды. Бір адамның келгенін ешқашан көрген емеспін”.*

Екі типтегі ауылдардың сауалнамаға қатысқан респонденттердің 60%-дан астамы, әкім үлкен жауапкершілікті және шектеулі мүмкіндіктерді жүктейтін есеп беруші қызмет деп санайды. Респонденттердің үштен бірінен азы (бірінші типтегі ауылдарда 30% және екінші типтегі ауылдарда 28%) әкімнің қызметін ықпалды, және оның иесіне билік пен өркендеуді қамтамасыз ете алады деп санайды.

Диаграмма 2.6. *– Сіз қай тұжырыммен көбірек келісесіз? (ауыл типі бойынша%)*



Ауылдық деңгей әкімі - бұл жауапкершілік көлемі ауқымды және мүмкіндіктері шектеулі есеп берілетін лауазым (мысалы, бюджеті аса үлкен емес, құзіреті жеткілікті емес)

Ауылдық деңгей әкімі - бұл мұндай лауазымда отырған адамға билік, әсер ете алу мен молшылықты қамтамасыз ететін ықпалды лауазым

Жауап беруге қиналамын

Фокус-топтардың қатысушылары ауыл әкімдерінің бюджеттік мүмкіндіктері мен аудандық әкімдерімен қарым-қатынасына назар аударды. Бірінші де, екінші жағдайда да ауыл әкімдері тәуелді жағдайда болады. 4-ші деңгейдегі бюджет туралы заң қолданыста болғанына қарамастан, ауыл әкімінің ауылдың өзекті мәселелерін шешуге қаражаты жеткіліксіз. Негізінде, ауыл/округ әкімі тендерлерге, бюджеттік гранттарға және мемлекеттік инфрақұрылымдық бағдарламаларға тәуелді.

«Барлығына оның ақшасы жоқ. Көктемде бізді үнемі су алып кетеді. Сол Бадам өзенінде ағызатын жақсы ойластырылған науа жоқ. Жаңбыр суы ағызылмайды. Ол жерде науаларды жасау керек. Әкім оған қаражат жоқ дейді. Болды. Сонымен барлық әңгіме аяқталады» (ТО, 1 тип).

«Заңның күшіне енгеніне 4 жыл болса да, ауылдық округтың бюджетін әкім басқармайды. Бірақ аудандың әкімі қалай шешсе, солай болады. Ауылдық округтың әкімі бұл ақша кетті дегенге ғана қол қояды» (СҚО, 1 тип).

«Р1: Әкімде бюджет болмай, жақсы болмайды.
Р3: Дұрыс.
Р1: Өйткені ол ауданнан ақша сұрайды, ал ол жерде оған келісім бермейді, ал біз оны жаман деп айтамыз» (БҚО, 2 тип).

Әкім – жауапкершілігі көп және мүмкіншілігі шектеулі есепті қызмет деген пікір, облыстарға тәуелсіз, сайлау өткен барлық ауылдардағы респонденттерде бөлінеді (59%-дан және 64%-ға дейін). Сонда СҚО-да және Түркістан облысында әрбір үшіншісі, әкім – бұл оның иесіне билік пен байлықты қамтамасыз ететін қызмет деп есептейді. БҚО-да әрбір алтыншының қойылған сұраққа жауап беруге қиынға түсті.

Диаграмма 2.7. *– Сіз қай тұжырыммен көбірек келісесіз? (1 типтгеі ауылдар; аймақтық кескін)*



Әкім қызметінің ерекшеліктері туралы осындай түсініктерге сәйкес, зерттеу қатысушылары сауалнама барысында ол жүргізетін жұмысты бағалады. Негізгі баға (57-58% деңгейінде) бұрын қызметке тағайындалған әкімдер өз жұмыстарын істей алатынын куәландырады. 1 типтегі ауылдардың респондент-тердің 22%-ы және 2 типтегі аулдарда - 19% әкімнің жұмысын біржақты оң бағалады (толығымен жұмысын атқарып жатыр). Ал ауыл әкімі толығымен жұмысын атқармайды деп бірінші типтегі ауылдардың тұрғындарына қарағанда (16%), жиі екінші типтегі ауылдардың тұрғындары айтты (18%).

Диаграмма 2.8. *– Егер де өткенге көз жүгіртіп, бағалауға тырыссақ, сіздің ауылдық округ/ауыл әкімі өз жұмысын атқара алуда ма/атқара алмауда ма? (ауыл типі бойынша%)*

2.9-диаграммадан көріп тұрғандай, сайлау өткен ауылдардағы респонденттер әкімдер өз жұмысын атқара алуда деп есептейді. СҚО-нан алынған нәтижелерінің үлестірілуі анық емес: үштен бір бөлігі өздерінің бұрынғы/тағайындалған әкімнің жұмысымен толығымен қанағаттанған (30%), бірақ сонымен бірге әрбір төртінші оның жұмысымен жартылай немесе толығымен қанағаттанбаған. Әкімнің жұмысына қатысты ең жоғары баға Түркістан облысының ауылынан алынды - 88% әкім өз жұмысын толық атқара алуда деп есептейді.

Диаграмма 2.9. *– Егер де өткенге көз жүгіртіп, бағалауға тырыссақ, сіздің ауылдық округ/ауыл әкімі өз жұмысын атқара алуда ма/атқара алмауда ма? (1 типтегі ауыл; аймақтық кескін)*

	Иа, толықтай атқарды	Атқара алды деуге болады	Атқара алмады деуге болады	Жоқ, толықтай атқара алмады	Жауап беруге қиналамын
ТО	19,2%	69,2%	8,0%	0,4%	3,2%
БҚО	17,6%	58,8%	10,8%	3,6%	9,2%
СҚО	30,0%	41,4%	10,5%	13,9%	4,2%

Тұрғындардың өз әкіміне сенім деңгейі сияқты көрсеткішіне келетін болсақ, оның жұмысын бағалау жағдайындағыдай, екі типтегі ауылдардың респонденттерінің жартысынан көбі оң баға берді, яғни әкімдер тұрғындардың көпшілігінің сеніміне лайық (1 типтеге ауылдарда 54% және 2 типтеге ауылдарда 68%). Бірақ тағайындалған әкімдер жұмыс атқарып жатқан ауылдарға қарағанда, сайлау өткен ауылдарда (1 тип) сайланған әкімдерге сенім азырақ: осылайша, 1 типтегі ауылдарда жалпы сенім көрсеткіші 70%-ды құрады, 2 типтегі ауылдарда - 80%. Сонымен бірге сауалнама деректері бойынша, екінші типтегі ауылдарға қарағанда, 1 типтегі ауылдарда жауап беруге қиналғандардың саны екі есе жоғары (15% 7%-ға қарсы).

Диаграмма 2.10. *– Сіздің пікіріңізше, сіздің ауылдық округ/ауылдың сайланған/міндетін атқарып жатқан әкім сіздің округ/ауыл тұрғындары тарапынан сенімге лайық па немесе лайық емес па? (ауыл типі бойынша%)*



Бағалардағы мұндай айырмашылықтар немен байланысты болуы мүмкін? Егер сайлау өткен ауылдарда әкімдерге сенім білдіру туралы сұраққа жауаптарды респонденттер сайлауға барды ма деген сұрақ арқалы талдасақ, келесі заңдылық табылады. Егер адам сайлауға бармаса, онда ол сайланған әкім сенімге лайықты емес деп жиі айтқан және жиі «жауап беруге қиналамын» деген нұсқаны таңдаған. Ал жауап беруге бас тартқандардың арасында сайланған әкім сенімге лайықты емес деп есептейтіндердің саны өте көп (27%). Осылайша, егер респонденттің сайлау институтына сенімсіздігі болса, және сол себептен оған қатыспаса, онда ол жеңген үміткердің заңдылығына күмән (сенімсіздік білдіреді) келтіреді.

Диаграмма 2.11. *– Сайлауға қатысу көрсеткіші арқылы ауыл округы/ауыл әкіміне сенімділік (1 типтегі ауылдар бойынша деректер)*



Сауалнамаға қатысқан Түркістан облысындағы 1 типтегі ауыл тұрғындары, басқа облыстардың 1 типтегі ауылдардың сауалнамасына қатысушыларға қарағанда, сайланған әкім сенімге лайық деп есептейді (БҚО-да 94% 66%-ға қарсы және СҚО-да 49%), сонда СҚО-да әрбір үшінші респондент жауап беруге қиналды. Алынған мәліметтерге байланысты (салыстырмалы төмен сенім деңгейі және жауап беруге қиналғандардың көп пайызы), СҚО-да ауыл үшін жаңа адам сайланса, сол уақытта басқа облыстарда әкім ретінде, сайлауға дейін тағайындау негізінде лауазымда болған «ескі» әкімдер сайланғанын атап айту керек. Осыдан СҚО-да сайланған әкімге әзірге сақтықпен қарайды, бұл жүргізілген сайлау алды науқанына қатысты сарапшылар сұхбатында айтылған сынымен расталады.

Диаграмма 2.12. *– Сіздің пікіріңізше, сіздің ауылдық округ/ауылдың сайланған/міндетін атқарып жатқан әкім сіздің округ/ауыл тұрғындары тарапынан сенімге лайық па немесе лайық емес па? (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*

	Иа, толықтай сенімге лайық	Лайық деуге болады	Лайықсыз деуге болады	Жоқ, сенімге лайықты емес	Жауап беруге қиналамын
ТО	18,0%	76,0%	4,4%		1,6%
БҚО	18,8%	47,2%	16,8%	5,6%	11,6%
СҚО	12,7%	36,3%	15,2%	4,6%	31,2%

Сонымен бірге, сайлау алда болатын ауылдар тұрғындарының жауаптарын талдасақ, онда олардың 57%-ы сайланған немесе тағайындалған әкімнің қолдау деңгейінде айтарлықтай айырмашылығын көрмей отыр. 29%-ы тағайындалған әкімге қарағанда, сайланған әкімдерде тұрғындар тарапынан қолдау көбірек болады деп оптимисті сенеді, 4% – азы. Әрбір оныншы жауап беруге қиналды.

Диаграмма 2.13. *– Сіздің пікіріңізше, 25-ші шілдеде сайланған әкімдерде ауыл тұрғындары тарапынан қолдау көбірек, азырақ немесе тағайындалған әкімдердегідей сияқты ма? (2 типтегі ауыл деректері бойынша %)*



Осы бөлімді **қорытындылай** келе, зерттеу барысында зерттеу қатысушыларында ауыл үшін қай әкім жақсырақ/өнімдірек/тиімдірек – тағайындалған немесе сайланған туралы біркелкі көзқарастың қалыптаспағанын атап айту керек. Өткізілген сұхбаттар әкімге қойылатын талаптардан сайлаудан гөрі – оның жергілікті қоғамға тиесілігі маңыздырақ екенін: ол осы ауыл тұрғыны болу керек. Сонымен қатар сарапшылар олардың ауылдарында осы қызметке тағайындалғандар арасынан да, яғни ауыл округының тұрғындарымен сайлау процедурасымен байланысты емес, халық сыйлайтын жақсы әкімдер болған мысалдар келтірді. Сонымен қатар шын мәнінде сайлау процедурасы көмегімен болған қызметтегі тағайындалған әкімдердің «қайта сайлануы», сарапшылардың кейбіреуінде Қазақстанда жергілікті билік органдары деңгейіндегі сайлау, жергілікті қоғамдастықты өзін-өзі ұйымдастыруының негіздерін қолданбай, ресми түрде, «для галочки» өткізілетін сияқты сезім тудырады.

Ауыл тұрғындарының қабылдауында әлі күнге дейін тағайындалған әкім мен сайланған әкімнің жұмысында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ: мысалы, екінші типтегі ауыл респонденттерінің 57%-ы сайланған немесе тағайындалған әкімді қолдау деңгейінде айтарлықтай айырмашылықты көрмейді; 71%-дан 88%-ға дейін сайлау өтіп кеткен ауылдар-

дың респонденттері олардың бұрыңғы (тағайындалған) әкімі өз міндетін атқарды деп есептейді; 1 типтегі ауылдағы 54%-ы және 2 типтегі ауылдағы 68%-ы әкімдер тұрғындардың көпшілігінің сеніміне лайық деп ойлайды.

Сонымен бірге зерттеумен келесі тәуелділік анықталды: Қазақстандағы сайлауға институт ретінде сенімсізідк білдіретіндер арасынан сайлауға қатыспайтындар саны көбірек, және осы негізде олар жеңген үміткердің заңдылығына күмән келтіреді.

3. Әлеуметтік әрекеттерге және өзара көмекке дайындық

Зерттеу мақсаттарының бірі ауыл тұрғындарының әлеуметтік белсенділік тәжірибесін, олардың туған округ /ауылының істеріне араласуын зерттеу болды, өйткені тұрғындарды мазалайтын кейбір мәселелерді тек бірлескен, ұжымдық күшпен шешуге болатыны анық. Сонда зерттеудің сауалнамасына қатысушылар қаншалықты әртүрлі іс-шараларға қатысуға дайын және сол арқылы туған ауылында жағдайды жақсартуға ықпалын тигізеді?

Жергілікті сарапшылармен жүргізілген сұхбаттар нәтижелері бойынша бір ауылдың тұрғындары арасында әлеуметтік өзара әрекеттесу мен өзара көмек беру сақталады, бірақ әр жерде емес және тұрғындардың қатысуы әртүрлі дәрежеде деген қорытынды жасауға болады. Мысалы, Түркістан облысының зерттеуге қатысқан ауылдарының сарапшылары өзара көмек берудің әртүрлі формаларына тартуы туралы жиірек айтты. Бұл туралы Батыс-Қазақстан облысынан сұхбат қатысушылары сирек айтты, ал олардың пікірлерінде проблемалық жақтар да атап өтілді, ягни бір ауыл тұрғындарының әлеуметтік бірлігінің төмендеу себептері. Солтүстік-Қазақстанның сарапшылары ауыл тұрғындарының бір-біріне көлденең өзара көмек берудің тек бірнеше мысалын ғана келтірді, жиі ол жоқтың қасы деп айтылды.

Фокус-топтық талқылаулардың талдауы зерттелетін жергілікті қауымдастықтарда әлеуметтік бірліктің мәдени детерминанттарының болуын көрсетті. Мысалы, СҚО-ғы 1 типтегі ауылының фокус-топқа қатысушылары ауылдастар арасында берік байланыстың жоқтығын айтса, 2 типтегі ауылда тұрғындарды тату деп айтты. Қалыптасқан әлеуметтік қашықтықтың себебі екі ауылға тән ұйымдастырушылық-шаруашылық қатынастарға байланысты. Егер 1 типтегі ауылда бірнеше

ұйымдар болып, оның негізінде тұрақты байланыстары бар бірнеше ұжымдар құрылса, сол кезде 2 типтегі ауылда әрбір үй шаруашылығынан ең болмаса бір өкілі жұмыс істейтін, бір ірі кәсіпорын болды. Осылайша, екі ауыл негізінде тұрғындар арасында түрлі коммуникациялық байланыс түрлері қалыптасты.

Түркістан облысында, әсіресе дәстүрлі түрде өзбектер көп тұратын оңтүстік аудандарында, махалля ауыл тұрғындарының бірлік деңгейіне әсер етті. Бұл форманың бар екендігі жоққа шығарылғанымен, біз оның функциясын ауылдағы көше принципі бойынша тығыз қауымдастықтардың құрылуынан көреміз.

БҚО-да облыс орталығына іргелес жатқан ауылдарда құрылыстың қарқынды дамуы ішкі мигранттарды көптеп тарту факторына айналды, бұл тұрақты байланыстары жоқ жаңа тұрғындар санының көбею есебінен жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік бірігуін төмендетті.

Соған қарамастан, жергілікті сарапшылар арасынан зерттеуге қатысушылар да, топтық талқылаудың қатысушылары да өзара әрекеттесудің келесі формаларын анықтады:

- ортақ мерекелерді тойлау (мемлекеттік, діни): *«біздің ауылда 50% -ы өзбектер, 40%-ы қазақтар, 10%-ы басқа ұлттар. Бірақ қазір бұл жерде өзбектер мен қазақтар бөлінбейді, бұл жерде барлық шаралар осылай өтеді, бізде барлық тойлар, шаралар бірге өтеді, егер Наурыз болса, басқа мейрамдар, міндетті түрде үлкен көшелер жиналады, үлкендер, бүкіл көше ақша жинайды, барлық істерді өткізеді, бұл жағынан тұрғындар өте тату» (ТО, М-6), «Мейрамдар бойынша. Әрине, күнде ешкім жиналмайтын. Бірақ, ауданда көшенің немесе көршілердің жиналуы болды, әрине, қандай-да бір жиындар» (ЗКО, 1 тип);*

- әкімшілік ұйымдастыратын іс-шаралар (көбінесе ауыл аумағын тазарту бойынша сенбіліктер): *«Негізінен, сенбіліктер өткізіледі. 100% шығады, барлығы өз еркімен барады. Әкім ұйымдастырады, бұл әкімнің өтініші». (БҚО, Д-1), ал әуесқой сенбіліктерді өткізуге қорлар жоқ: «Сенбіліктер, тұрғындар әрқашан дайын, бірақ техника жоқ, еш нәрсе жоқ, коммуналдық шаруашылық жоқ». (БҚО, П-5);*

- кенеттен өмірлік қиын жағдайға тап болған ауылдастарына көмек көрсету (өрт, ауыр диагнозы бар аурулар, отбасы асыраушысының қайтыс болуы): *«бізде бір оқиға болды, бала ауырып қалды, диагнозы өте жаман болды, адамдар жинап берді, қанша бере алды, жинады. Адамдар өздері, ауруханада адамдар*

жинап берді, балабақша, мектептер» (БҚО, Д-2); «бізде үй өртеніп кетті, қоғамдық кеңес, жинап бердік, көмектестік, қысқа дейін бұл үйдің шатырын көтеріп бердік. Бір әйелге құдық керек болды, ауыз су, бізде су мәселесі бар, бұл көпбалалы отбасы, жолдасы жоқ, оларға көмектестік, жасадық. Бұл ауылдастарының тағдырына бей-жай қарамайтын қоғамдық кеңес пен өзге де тұрғындар. 20 адамға жуық, бір жерде, бірдеңе мүмкін болмаса, әкімнен көмек сұраймыз. Біз жігіттермен жинаймыз, бізде өзіміздің кассамыз бар, әркім қанша бере алады, одан кейін кімде нашар болса, соған көмектесеміз» (БҚО, Д-3); «бір нәрсе болса – қоңырау шалады, жүгіреміз. Егер мысалы, көрші қайтыс болса, біз өзбек махаллясында тұрамыз, туысқан болмаса да, бір-бірімізге көмек береміз, қолымызда не бар, көмектесеміз, ақша береміз, ыдыс-аяқ, көрпелер, ауылда солай ғой» (ТО, М-4), «Асарлар болады. Сонда адамдар барып, көмектеседі» (ТО, 1 тип);

- жағдайы нашар отбасыларға тұрақты көмек (балаларды сабақ басталғанда жинау; азық-түлік көмегі): *«Қайырымдылық жасадық. Өткенде малға ақша жинап, сойып, 23 отбасыға таратып бердік. Үлкен мал, сиыр емес, бұқаны. Нашар тұратын 23 отбасыға таратып бердік» (ТО, Д-1); «мысал келтірейін, тамыз айында «Мектепке жол» деген республикалық акция бар, біз жағдайы нашар отбасыларға балаларын мектепке жинауға көмектесеміз, ол рюкзак немесе кеңсе тауарлары болсын, сонда да үлкен көмек, көптеген адамдар ат салысады бұған. Біз ауылды аралап жүріп, таратқанда, бізден басқа да осындай адамдар бар екенін көреміз, осы акцияға қосылатындар өте көп, бұл адамдарда мүмкіндік бар, жақсы табыс табатынын білдіреді» (БҚО, Д-2).*

- шаруашылық қызметті жүзеге асырудағы өзара іс-әрекет: *«көбісі бірігіп, шығарады, айталық, 5 еркек бірігеді де, олар дақылдар гүлдеп жатқанда, ұяларды апарады, мысалы, бүгін күнбағыс гүлдеп жатыр, ертең тағы басқа гүлдер, солай қозғалады» (СҚО, Л-3), «Көшеден 5-6 адам жиналып, оған барып айттық. Қиындық болған жоқ. Бізге әкімнің қабылдау күні қашан екенін айтты, біз кірдік. Қабылдады, орнында болған. Жазып алды» (БҚО, 1 тип);*

- еліміздің басқа аумағында тұрса да, ауылдан шыққан тұрғындардың демеушілік көмегі: *«Демеушілер – Қарағандыдан спортшылар, саудагерлер, олар жөндеу жұмыстарына ақша жібереді. Бірақ бұның бәрі әкімшілікпен емес, біздің қарттармен, молда, имаммен бақыланады. Есептеуді имам өзі жүргізбейді, ол қарттарды жинап, айтады, олар жазып алып, қандай жұмысшы бар, ауылдан алып келеді» (ТО, Д-3);*

- ауыл жағдайының мәселелерін шешу үшін әкімшілікке тұрғындардың жеке өтініштері: *«Мен өтініш бергем, су құбырын тартқанда, бірнеше жыл бұрын, люктар құлап кеткен, әсіресе*

Астанада балалар люкке түсіп кеткенін жазғаннан кейін. Бірнеше ашық люктар болатын, мен әкімшілікке барып, айттым. Олар жапты, бірақ қалай жапты, жол бойы бетон төртбұрышты плиталарды қойғанда, біреуін түзу қойды, біреуін қисық қойды, жанынан ашық тұр. Іскер адам керек, мәселе болса, нақты шешетін, әйтпесе адамдар барады, мәселе жайымен қалады, адамдар ары қарай жүре береді» (СҚО, Л-3);

- әкімшілік көмегімен құрылған еріктілер топтарының жұмысы: *«әрқашанда әртүрлі, егер үйдің өртенгені туралы кім бірінші білсе, алдымен ол әкімшілік, олар топтарға жазады. Мәдениет үйі жанында жастар одағы бар, еріктілер, «Жасыл ел», жасақтандыру бойынша ауылға өте жақсы көмектеседі, өзерінің спорт командаларын құрайды, өз араларында үйірмелер ұйымдастырады» (БҚО, Д-1).* Әкімшіліктің ауыл тұрғындарының әлеуметтік белсенділігі мен өзара әрекеттесудің шоғырландыру және төмендету бойынша жұмысы айтарлықтай маңызды екенін атап айту керек: *«Бұл жерде әйелдер кеңесі бар, әкімге ойларын айтады, біздің жақтан жазып алып, мен әкімге барып, айтамын, үйлесімді жұмыс істейміз» (БҚО, П-4); «әрқашанда әкімшілікке жүгінеміз. Қарт адамдар біздің депутаттарға барып, әкімге жеткізсін деп айтады. Негізінен, депутатқа өтінеді, қарттар депутатты шақырады, біреудің үйіне қонаққа шақырады, ол әкімге барып, ақша бар ма, жоқ па деп ақылдасады, жоқ болса, көмектесе алатын, қайырымдылық бере алатын кәсіпкерлерден ақша жинайды» (ТО, Д-3);*

- көрші немесе жалпы ауылдық чаттарға қатысу: *«Бізде қоғамдық чат бар. Қарапайым адамдар құрған, «Қоғамдық кеңес» деп аталады. Ауылдың көптеген тұрғындары сол жерде бар». (БҚО, 1 тип), «Чатта ұйымдардың басшылары бар, одан кейін олар ұйымдар бойынша біздерге жеткізеді» (БҚО, 2 тип).*

Алайда, белгілі болғандай, өзара әрекеттесу әрқашан оның іс-жүзінде жүзеге асырылатынын білдірмейді, және жиі онлайн әрекет офлайнға ауыспайды: *«100% сияқты, және қатыспайтын сияқты, чатта топ бар сияқты, онда бәрі айқай-шу шығарады, ал жиынға келгенде, ешкім жоқ. Шешімге келерде 100%-дан 1% ғана қалады. Қалғандары бейтарап қалады, мүмкін аналар жеңілетін шығар деп. Бізді ауыл деп айта алмайсын, ауыл бұл 1000 адам жергілікті, қалғандары жаңадан келгендер, олар мұндайға қатыспайды, өйткені ешкімді білмейді және білгісі келмейді. Егер мәселе болса, онда байырғы тұрғын немесе әкімшілік көмектеседі» (БҚО, П-6); «Аздап. Мүмкін, 10 адам шығар. Қазір бәрі өзімен өзі. Қазір ешкім ешкімге бармайды, тек өз басын және өз отбасын ғана ойлайды» (ТО, Д-1).*

Фокус-топтардың қатысушылары ауылдастардың белсенділігі көбінесе қандай-да бір сұраққа қызығушылықтың айтылумен ғана шектелетінін айтады. Сонда сұрақты алға жылжыту мен шешім қабылдау мен оның орындалуын бақылау бойынша белсенді әрекет жоқ , *«мен де айтамын, бағыт алып, сол бойынша шешіңдер, тек қана мәселе туралы айқайлай бермей»*. Көбінесе мұндай тәртіпті, әкімшілікке өтініш беру процедурасы туралы ақпаратты және өз өтініші бойынша шешімдерді қадағалауды білмей, жанжал жағдайын туғызатын ауыл тұрғындарының құқықтық сауаттылығының төмендігімен байланыстырады. *«Адамдар жай ресми мемлекеттік органға өтініш берудің спецификасын түсіндейді. Осы чатқа олар өз мәселелерін айтып, сонымен әкімге өтіндік деп есептейді. Алайда, бұл ресми чат емес. Адамдар ауызбен, көшеде адамға жай айта салғанды да өтініш деп санайды. Бұл дұрыс емес».*

Виртуалды белсенділікке қарсы Түркістан облысының жергілікті сарапшылары ақысыз көмек көрсету (асар) дәстүрінің іске асырылу, әсіресе ауылдастарының үйлерін жөндегенде және салғанда, мысалдарын келтіргені туралы назар аударады: *«Бізде, мысалы, үй салғанда, іргетас құяды, қабырғаны көтереді, одан кейін төбені жасау керек. Менде, мысалы, достарым бар. 5-6 адам жалдауға менде мүмкіндік жоқ, мысалыға. Мен достарыма көрші көшелермен сөлесіп беруді сұраймын, олар адам жинайды, ал мен оларға тамақ дайындап беремін, олар керек нәрсенің бәрін жасайды, ал мен тамақ берем, бізде солай болуы керек, ол үшін ешқандай ақша сұрамайды» (ТО, М-6); «жастар жалғастырады. Айталық, сыныптастар. Егер сыныптас үйленсе, олар бірнеше мыңнан жинайды. Егер ақша құнсызданса, олар етке жинайды. Бір килограмм еттің құнына қарап, сол эквивалентте ақшамен береді. Осылай жасайды қазір. Менде екі немере бар, олар бір біріне солай көмектеседі. Сыныптастар немесе группаластар. Группалатсарымен де сөйлеседі. Менің ойымша, жастар ары қарай жалғастырады» (ТО, Д-1).*

Ал сонда БҚО мен СҚО-ң қоғамдық пікірдің көшбасшылары ауылдастарының бір-біріне жиірек ақысыз қызмет/көмек көрсетуден бас тартып, ол үшін ақы сұрайтынына назар аударады: *«Бұрын бір нәрсеге көмек көрсету керек болса, көршілерге барып сөйлесіп, келіп көмектесетін. Үстел басына отырып, тамақтанып, біреу ішіп, ыдыстарды жуып. Рахмет, болды. Бүгін мен оған көмектестім, ертең ол маған, солай болған. Қазір қиындау, тек ақшаға ғана. Барлық жерде төлеу керек» (СҚО, И-3); «Менің ойымша, негізгі бюджет мемлекеттен келеді, жеке кәсіпкерлерден пайда жоқ, мен білетіндей, барлығы сараң, шыны-*

мен айтсақ, олардан кез келген қолдау ала алмайсын, әркімге оның орнына бірдеңе қажет» (БҚО, П-4).

Сарапшылар ауыл тұрғындарының өзара көмек беру мен әлеуметтік бірлігін қолдаудағы маңызды рөлді кәсіпкерлерге береді. Мысалы, Түркістан облысының қоғамдық пікірдің көшбасшылары «Балмұздақ» ЖШС-ң қайырымдылық іс-әрекеттерін көріп, оң бағалайды: *«Мынау «Балмұздақ» ЖШС-гі, олар жаңа әкімшілікті өз есебінен тұрғызды, қайырымдылық ретінде, көпірлерді қанша рет су алып кетіп жатты, олар көпірлерді өз есебінен қаншама қалпына келтірді, олар өте көп қайырымдылық жасады» (ТО, М-6).* СҚО-да өз ауылының тумасы кәсіпкер И.Кузахметовке алғысын шексіз білдіреді, ол тұрғындарға жаңа салаға араласуына ықпал етіп, ауыл дамуында тың серпін берді: *«Алдымен кәсіпкердің ауылға бұл идеяны енгізуден басталды,ол бастаған, ол «Жасыл елде» жұмыс істеген және өзіне сондай кәсіп тапты, ауылдастарға тұқым әкеліп, олардан көшеттерді алып кететін болды, ақырындап адамдар өздері өткізіп, клиенттерді тапты. Қазір жастар өте белсенді компьютер арқылы табады, ол жерде сайттарға бәрін салып, кім мұқтаж, кім істей алады. Егер өзара көмек болса, онда туысқандар, достар жиналады, біз мектеп ретінде орман шаруашылығы үйірмесін аштық» (СҚО, И-2).*

Айта кетерлігі, сұхбат сұрақтарына жауап берген сарапшылар көбінесе жергілікті кәсіпкерлердің әлеуметтік белсенділігін, қайырымдылық жасауды қаламайтындығын мысалға келтірді. Сонда, БҚО мен Түркістан облысының сарапшылары ауылдың дамуындағы кәсіпкерлердің әлеуметтік рөлін атап өтіп, оның әрдайым белсенді емес екенін және тұрғындардың үмітін толық ақтамайтынын айтты: *«Бұл жердегі кедей отбасыларына біз ақша жинап, көмек ретінде газ тартып бердік, бірде-бір кәсіпкер өз еркімен ақша берген жоқ. Олар жасай алатын еді. Жақсы көтерілгендер жасай алатын еді, міндетті түрде оларға бірдеңе жасап беру керек, әйтпесе көмектеспейді. Көбісі жергілікті, осы жерде туылғандар, бірақ олар солай әдеттенген, өз бизнесін құртқысы келмейді, өздері үшін өмір сүреді» (БҚО, П-4); «Менің айтарым, бізде негізінен пассивті, белсенділер аз. Белсенділер бар, өздері үшін белсенді күресіп, бірдеңе жасайды. Дүкен ашты, әкімшілікке барып, сұрайды. Қолдау беріп жатқан сияқты, бірақ олар өз табысы үшін белсенді. Ал халық белсенділігі туралы, халық үшін белсенді күресетіндер аз. Мешітке де толығымен ешқандай демеушілер болмады» (ТО, Д-3).*

Сонымен бірге, кәсіпкерлердің жеткіліксіз белсенділігінің себептерін түсіндіре отырып, сарапшылар халықтың бір бөлігі

арасында тәуелді сезімдердің қалыптасуына, тұрғындардың жекелеген топтар өкілдерінің өнімді жұмыспен қамтылуға қатысқысы келмеуіне назар аударды. Және осыған байланысты потенциалды қайырымдылық жасаушылардың сұрағы пайда болады: өз өмірін жақсартқысы келмейтін, жұмыс істегісі келмейтін, оның проблемаларын басқа біреу шешіп береді деп күтіп отырған адамға неге олар көмек беру керек: *«адамдар жұмыс істегісі келмейтініне кәсіпкерлер ашуланады, 90-шы жылдары бәрі бірдей өмір сүрді, біреуі көтерілді, біреуі жоқ, ішіп жүр сол қалпы, жұмыс істемейтіндер солай үйінде жатыр. Өйткені олар көбісі жұмыс істегісі келмейді деп айтады, тегін өмір сүруге дағдыланған, солай боп жатыр. Мысалы, әйелдер бала туып, халық санын көбейтіп жатырмыз деп, мемлекет төлесін дейді. Бірақ барлығы емес, кейбіреуі шынымен мұқтаж» (БҚО, П-5); «Біздің қазақша мерекелеріміз бар, Құрбан айт бар, қой сойып, бәріне бөліп беремін, жүрмін. Ал кейбір адамдар неге 5 килограмм ет алып келе жатсын деп таңғалады. Онда кешіріңіз, шынымен кімге керек, соған апарып берейін, саған керек емес онда. Көбісі ертек сияқты айтады. Ал өздері ештеңе жасамайды. Мемлекеттік сияқты көзқарас, ал мен өз бетімен. Дәл қазір – әкім жасайды» (БҚО, П-6).*

Осы жағынан жергілікті сарапшылардың пікірінше, ауыл тұрғындарының әлеуметтік белсенділік пен тартылуына тек өздерінің мүдделері мен қажеттіліктері бойынша өмір сүру әдеті кедергі жасайды, ал егер ауыл деңгейінде мәселелер туындаса,олардың аумағында барлығына «жауапты» атқарушы билік, әкімдікке хабарласу. Осыдан әкімнің іс-әрекетіне үнемі қанағаттанбаушылық пен сын, және туған ауылындағы жағдайға ең болмаса қамқорлық пен жауапкершіліктің бір бөлігін қабылдағысы келмеуі: *«Бізде көпшілікте «менің үйім шетте» деген көзқарас, қатысқысы келмейді. Чупа-чупс берсе, қолдайды, ал чупа-чупстың фантигін неге тастады дегенде, сынға алады, осындай жүйе» (БҚО, П-5); «ештеңе көрмегендер әкім оларға үйге де асфальт төсеу керек деп ойлайды, олардың ойынша, әкімшілік бәрін түгел жасап, олар жұмыс істемеу керек» (ТО, М-6); «Жоқ, олар, керісінше, ағаштарды сындырады, ішіп, қолына бөтелке ұстайды. Оларға айтсаң, өзіңе ұрсып береді. Оларға көп керек, қайда тастағысы келсе, сонда тастайды. Өз аумағы 5 метр. Оларға айтсаң, керісінше жасайды» (БҚО, П-6); «Мен пассивті деп айтар едім, бізде әркім өзі үшін, өзім ғана жақсы тұрсам, әркім өзі үшін тырысады, үйді жақсылауға, жем-шөбін дайындап, трактор, арба сатып алады,ақша табады, бірақ өз ауласынан аспайды» (СҚО, Л-4).*

Кейбір сарапшылар ауылдағы жағдайдың оң бағытта өзгеруі мүмкін екенін болжайды, және мүмкін болатын жақсартуды белсенді және сауатты, көбірек прагматикалық әрекет етуді білетін жастармен, жас ауылдастармен байланыстырады: *«Жастар өте жақсы белсенді, өте сауатты сөйлейді, біз сияқты емес. Олар сөйлегенде, тыңдай бергің келеді» (БҚО, П-6); «Менің жеке ойым, оларды қайта тәрбиеле алмайсын, тек балаларға үміттенеміз, қазір жастар адекватты, ал үлкендер мемлекет оларға міндетті деп санайды» (БҚО, П-4).*

Сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің 78%-ы іріктеудің орташа шамасымен туған ауылында жағдайды өзгертуге/жақсартуға қатысуға дайын немесе әлдеқайда дайын, сонда әрбір төртіншісі толығымен дайын. Жұмыстың мұндай түріне дайын еместігін респонденттердің 12%-ы айтты. Жалпы, ұқсас ниеттер екі типтегі ауылдардың тұрғындарында анықталған, сонда жиірек 1 типтегі ауылдардың респонденттері ауыл пайдасына белсенді жұмыс атқаруға толығымен дайын деп мақұлдады (28% 22%-ға қарсы).

Диаграмма 2.14. *– Сіз ауыл тұрғыны ретінде туған ауылдағы жағдайды өзгертуге/жақсартуға қатысуға дайынсыз ба? (ауыл типі бойынша %)*



1 типтегі ауылдар бойынша алынған деректердің аймақтық кескіні сарапшылар сұхбаттар барысында анықталған ауыл деңгейіндегі өзара көмектесу және өзара әрекеттесу бойынша тұрғындардың әлеуметтік көзқарастарының ерекшеліктерін айтты. СҚО және БҚО тұрғындарына қарағанда, Түркістан облысының сауланама қатысушылары туған ауылдағы жағдайды өзгертуге/жақсартуға қатысуға дайын немесе дайын деуге болады (87% 81%-ға қарсы және сәйкесінше 66%). БҚО

мысалында сараптамалық қорытындылардың тағы бір дәлелі. Бұл облыста әрбір бесінші әлеуметтік белсенділікке дайын емес немесе дайын емес деуге болады, тағы 14%-ы жауап беруге қиналды, яғни, шын мәнінде, әрбір үшінші (34%) қоғамдық алаңда белсенді болуға бейім емес. СҚО-да тұрғындардың әлеуметтік іс-әрекетке дайындығы салыстырмалы жоғары (81%), бірақ сонымен бірге әрбір бесінші респонденттің белсенділік көрсетуге дайын еместігі назар аудартады.

Диаграмма 2.15. *– Сіз ауыл тұрғыны ретінде туған ауылдағы жағдайды өзгертуге/жақсартуға қатысуға дайынсыз ба? (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



	Иа, толықтай дайынмын	Иә деуге болады	Жоқ деуге болады	Жоқ, дайын емеспін	Жауап беруге қиналамын
ТО	30,8%	56,0%	4,8%	0,8%	7,6%
БҚО	24,8%	41,2%	10,0%	10,0%	14,0%
СҚО	29,5%	51,9%	6,3%	3,4%	8,9%

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ауылдың екі түрінен де респонденттердің арасында сұранысқа көбірек (Топ-3) әрекеттердің түрлері келесі: жергілікті билік органдарымен ұйымдастырылған әлеуметтік акциялар мен іс-шараларға қатысу (мысалы, сенбілік, көгалдандыру және т.с.с.); елді мекеннің мәселелерін өз күшімен шешу бойынша белсенділер тобына қатысу (мысалы, алаңдарды көгалдандыру, жалғыз басты адамдарға көмек және т.б.) және қайырымдылық акцияларына, мұқтаж адамдарға қаражат жинауға қатысу (қаражат, киім, тұрмыстық заттар, азық-түлік).

Респонденттер қандай-да бір ұйымға (мысалы, жануарларды қорғау қоғамы, және т.б.) материалдық, демеушілік көмек көрсетуге ең аз дәрежеде дайын, оның себебі ауылды жерлерде сондай ұйымдар түрлерінің дамымағаны. Респонденттер әлеуметтік бағыттағы іс-әрекетке қатыспаудың себептердің арасында уақыттың, мүмкіншіліктің және қаржы қорының жоқтығын атады.

Диаграмма 2.16. *– Сіз қатысуға дайын қызмет түрлерін көрсетіңіз? (ауыл типі бойынша %)*

Респонденттердің қатысуға дайын қызмет түрлері туралы жауаптарды салыстыру, тұрғылықты аймаққа байланысты басымдылықтарда айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетеді. Жауаптар нұсқаларының пайыздық толуы бойынша, СҚО мен БҚО-ң ауыл тұрғындарына қарағанда, түркістан ауылдарының тұрғындары бірлескен қызметтердің әр түріне қатысуға дайын екендігін көруге болады (әрқайсысы бойынша 30%-дан жоғары). Сонда,

- Түркістан облысында ТОП-3 сұранысқа ие қызмет түрлеріне: елді мекеннің мәселелерін өз күшімен шешу бойынша белсенділер тобына қатысу (48%); қиын өмірлік жағдайдағы адамдарға көмек көрсету бойынша қоғамдық бастамаларға қатысу (44%); жергілікті билік органдарымен ұйымдастырылған әлеуметтік акциялар мен іс-шараларға қатысу (мысалы, сенбілік) (40%) кіреді;

- БҚО-ғы ТОП-3: әлеуметтік маңызы бар іс-шараларда ерікті болып (тегін ерікті жұмысшы ретінде) жұмыс істеу (30%); жергілікті билік органдарымен ұйымдастырылған әлеуметтік акциялар мен іс-шараларға қатысу (мысалы, сенбілік) (22%)

және елді мекеннің мәселелерін өз күшімен шешу бойынша белсенділер тобына қатысу (17%);

- СҚО-ғы ТОП-3: жергілікті билік органдарымен ұйымдастырылған әлеуметтік акциялар мен іс-шараларға қатысу (мысалы, сенбілік) (37%); қайырымдылық шараларға қатысу, мұқтаж жандарға қаражат жинау (35%) және қиын өмірлік жағдайдағы адамдарға көмек көрсету бойынша қоғамдық бастамаларға қатысу (26%).

Таблица 2.1. *– Аймақтық кескіндегі қызмет түрлері (1 типтегі ауылдар)*

Қызмет түрлері	ТО	БҚО	СҚО
Қандай-да бір ұйымға материалдық, демеушілік көмек көрсету (мысалы, жануарларды қорғау қоғамы, және т.б.)	31,2%	6,4%	3,8%
Әлеуметтік маңызы бар іс-шараларда ерікті болып (тегін ерікті жұмысшы ретінде) жұмыс істеу	34,4%	30,4% (1)	15,2%
Елді мекеннің мәселелерін өз күшімен шешу бойынша белсенділер тобына қатысу	48,0% (1)	16,8% (3)	19,4%
Жергілікті билік органдарымен ұйымдастырылған әлеуметтік акциялар мен іс-шараларға қатысу (мысалы, сенбілік)	40,0%(3)	22,4%(2)	36,7% (1)
Қайырымдылық шараларға қатысу, мұқтаж жандарға қаражат жинау	39,2%	10,0%	35,4% (2)
Кең көлеміндегі төтенше жағдайлар кезінде жұмыс күшімен, техникамен, материалдармен көмек көрсету	39,2%	3,6%	23,6%
Қиын өмірлік жағдайдағы адамдарға көмек көрсету бойынша қоғамдық бастамаларға қатысу	44,0%(2)	11,2%	26,2% (3)
Мен жағдайларға байланысты қатыспаймын, мүмкіндік жоқ	0,8%	2,8%	0,4%
Жауап беруге қиналамын	0,0%	11,6%	15,2%

Бөлімді **қорытындылай келе**, қоғамдық пікір көшбасшыларының сараптамалық сұхбаттардың нәтижелері, ауылда өзара көмек берудің және өзара әрекеттесудің әртүрлі формалары дамығанын көрсеткенін атап айту керек: ортақ мейрамдарды тойлау (мемлекеттік, діни); әкімшілік ұйымдастырған

шараларға қатысу (ауыл аумағын тазалау бойынша сенбіліктер); кенеттен қиын өмірлік жағдайға тап болған ауылдастарға көмек көрсету (өрт, ауыр диагнозы бар аурулар, отбасы асыраушысының қайтыс болуы); тұрмысы нашар отбасыларға көмек (балаларды сабаққа жинау, азық-түлік көмегі); шаруашылық әрекеттерді жүзеге асырғанда өзара әрекет. Еліміздің оңтүстігінде, Түркістан облысында әлі де асар дәстүрі дамыған – үй салғанда туысқандар мен ауылдастарға ақысыз көмек көрсету. Жалпы, Түркістан ауылдарының тұрғындары, сауалнама нәтижелері бойынша, қоғамның істеріне араласуының жоғары деңгейін көрсетіп тұр. Сонымен бірге, мысалы, БҚО мен СҚО-да көмек туралы істер жиі декларациядан ары аспайды, және адамдар, әкімшілік «мойнына» асып қойып, өз ауылдастарына әрдайым көмек көрсетпейді және көрсеткісі келмейді.

Ауыл тұрғындарының әлеуметтік бірлік пен өзара көмек беруде қолдаудағы маңызды рөлді, сарапшылар, әсіресе, бой көтерген және айналымдары үлкен кәсіпкерлерге береді (мысал ретінде «Балмұздақ» ЖШС-ң қайырымдылық жұмысы келтірілді, Түркістан облысы).

Бір қызығы, әлеуметтік белсенділігінің төмендігі және облыс тұрғындарының бір бөлігінде тәуелділік сезімін қалыптастыру, тұрғындардың жеке топтар өкілдерінің тиімді жұмыспен қамтылуға қатысқысы келмеуі туралы БҚО-ы сарапшыларының пікірлері сауалнама нәтижелерімен расталды: шын мәнінде, бұл жерде әрбір үшінші адам (34%) өзімшілдік пен өз мүдделерін ұжымдық мүдделерінен басымдық танытып, қоғамдық алаңда белсенділік танытуға бейім емес.

Сонымен бірге, сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің жалпы санының 78%-ы туған ауылдағы жағдайды өзгертуге/жақсартуға қатысуға дайын немесе дайын деуге болады. Сауалнама нәтижелері бойынша бірлескен қызметтердің ең танымал түрлері ретінде: жергілікті билік органдарымен ұйымдастырылған әлеуметтік акциялар мен іс-шараларға қатысу (мысалы, сенбілік, көгалдандыру және т.с.с.); елді мекеннің мәселелерін өз күшімен шешу бойынша белсенділер тобына қатысу (мысалы, алаңдарды көгалдандыру, жалғыз басты адамдарға көмек және т.б.) және қайырымдылық акцияларына, мұқтаж адамдарға қаражат жинауға қатысу (қаражат, киім, тұрмыстық заттар, азық-түлік) аталды.

3 БӨЛІМ. ЭЛЕКТОРАЛДЫ ҰСТАНЫМДАР ЖӘНЕ ЭЛЕКТОРАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ: ӨЗАРА ТӘУЕЛДІЛІК БАР МА?

1. Жергілікті билікті қалыптастырудың негізі ретінде сайлауды қабылдау түсініктері

Қазақстандық саясаттанушы Е.Полетаев атап өткендей, ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу *«адамдар өздерінің айналасында не болып жатқанына қатынасы барын сезінуге, қоғамдық-саяси өмірге ел азаматтарын көбірек тарту қажеттігін түсіну болды»*[3]. Бұл міндет қаншалықты сәтті жүзеге асты?

Әкімдерді сайлауға қатысты сұхбат барысында анықталған әртүрлі облыстардың қоғам пікірлерінің көшбасшыларының әртүрлі көзқарастарын атап өтуге болады. Сонда, кейбір жауаптар бойынша, *«әкімдерді сайлау керек»* деп есептеледі, және егер әкім әділ сайлау нәтижесінде сайланатын болса, онда билік пен халық арасында табысты ынтымақтастық мүмкін: *«халықтың билікке деген көзқарасы жақсы болады. Және сенім пайда болады, көбірек көмек көрсетіледі, сынамайды, сұрайды, мүмкін, көмек көрсетеді»; «Біз анау, немесе анау болсын деп айтар едік, 5-6-уын атайтын едік. Және сайланған адам біз үшін сөйлеп, біз үшін жұмыс істейтін еді».*

Сонымен бірге, сайлау өткен ауылдарда көз бояушылық сайлау өткізген алдамшы биліктің уәделеріне адамдардың сенімсіздігінен пайда болған күмәнді көзқарас қалыптасып отыр: *«Менің есімде сайлауда, Нур Отан сайлауының алдында – «біз сіздерге жасаймыз». Қанша уақыт өтті, бірде-бір адам келген жоқ»; «ол сайланған емес, ол тағайындалған десе болады, шын мәнінде. Ол ауылдан тағайындалған емес, бізде оны ешкім білмейді, алдау жолымен тағайындалған, адамдар оның бәрін көріп отыр. Сайлауға дейін бәрі белгілі болса, ондай сайлау не үшін қажет, бірден теріс көзқарас пайда болады».*

Әкімдердің сайлауы ауыл тұрғындарына жергілікті билік органдарының шешімдеріне әсер етуге мүмкіндік бере ме деген сұраққа әр түрлі ауылдағы сауалнамаға қатысушылардың салыстырмалы талдауы көрсеткендей, сайлау өтпеген 2 типтегі ауылдарға қарағанда, сайлау өткен 1 типтегі ауылдарда тұрғындардың өз құқықтарын жүзеге асыруына сенім

[3] Эдуард Полетаев. Выборы сельских акимов – барометр для корректировки курса // газета «Литер» (онлайн-версия), от 24 июня 2021 года. https://liter.kz/vybory-selskih-akimov-barometr-dlya-korrektirovki-kursa/ Дата обращения: 29.09.2021.

білдіруі төмен (57% 74%-ға қарсы). Сонымен қатар 1 типтегі ауылдардағы сауалнаманың әрбір үшінші қатысушысы, тікелей сайлау ауыл тұрғындарының ауылдарды басқаруға қатысуын арттырмайды деп санайды (32%).

Диаграмма 3.1. *– Сіз ауылдық округ/ауыл әкімін тікелей сайлау ауыл тұрғындарына жергілікті билікке, ауыл әкімі қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге мүмкіндік береді деп санайсыз ба? (ауыл типтері бойынша %)*



Өткізілген сайлау нәтижесінде, 1 типтегі ауылдардың тұрғындарында ауылдық округ/ауыл әкімін тікелей сайлау, тұрғындарға жергілікті билікке әсер ету мүмкіндігін беру бойынша күмән бар. Ең үлкен сенімсіздікті БҚО-ң Подстепное ауылының тұрғындары білдірді: сауалнаманың әрбір екінші қатысушысы ауыл тұрғындарының шешім қабылдауға қатысу немесе әсер етуі күшеймейтінімен бір дәрежеде келіседі. Фокус-топтың талдауы, бір жағынан, билік иерархиясына сәйкес ауыл әкімдерінің жоғарыдағылармен өзара әрекет ету жүйесінің тұрақтылығын көрсетті, және ауыл басшылары өз қызметінде негізгі бенефициар ретінде жергілікті қоғамға қайта бағдарланатынына үлкен күмән тудырады. Ал басқа жағынан, осы тәжірибеге сүйене отырып, жергілікті қоғамдастықтың өзі билікпен қарым-қатынастың жаңа, белсенді форматына дайын емес екендігі атап өтіледі. Бұл жағдайда адам санасын қайта өзгертуге қажет болатын уақыт факторы ескерілуі керек. *«Бұл үшін, біріншіден, адамдар саналы сайлауды үйрену үшін, уақыт өту керек. Ал содан кейін сайланған әкімнің жұмысын бақылау. Ал екіншіден, әкімге өзін көрсету үшін уақыт беру».*

Диаграмма 3.2. *– Ауылдық округ/ауыл әкімін тікелей сайлау ауыл тұрғындарына жергілікті билікке, ауыл әкімі қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге мүмкіндік береді ме?*
(1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)



	ТО	БҚО	СҚО
Иа	17,2%	13,2%	25,7%
Иа деуге болады	62,4%	20,8%	27,8%
Жоқ деуге болады	13,6%	18,8%	26,2%
Жоқ	2,8%	31,2%	8,9%
Жауап беруге қиналамын	4,0%	16,0%	11,4%

Зерттеу нәтижелері бойынша, жалпы реформаға деген көзқарас пен ауыл әкімдерінің алғашқы сайлауына реакция әртүрлі.

Алғашқы сайлауларға қатысуға байланысты реакцияны біркелкі емес деп айтуға болады. Мысалы, сайлау өткен 1 типтегі ауылдарда, тікелей сайлау нәтижесінде, аудандық билікке «ыңғайлы» үміткерлер жеңіске жетті деген пікір басым (49%). Сайлау әлі өтпеген 2 типтегі ауылдарда, тікелей сайлау тұрғындарға ауыл/ауыл округының әкімі қызметіне лайықты үміткерді сайлауға мүмкіндік береді деген үміт сақталуда (59%), *«егер сайлайтын болсақ менің ойымша, бәрібір, бізге лайықты адамды сайлаған дұрыс болады».*

Диаграмма 3.3. *– Сіздің көзқарасыңыз бойынша, өткен ауылдық әкімдер сайлауының нәтижелеріне сенуге болады ма?*
(ауыл типі бойынша %)



- Жауап беруге қиналамын
- Нәтижелерге сенуге болады, олар ауыл/ауылдық округ тұрғындарының таңдауына сай келеді деп ойлаймын
- Сайлау нәтижелеріне сенуге болмайды, аудандық билік үшін «қолайлы» кандидатты таңдады

«Нәтижелерге сенуге болмайды, олар ыңғайлы үміткерді таңдады» деген жауаптардың үлесі 1 типтегі ауылдарда 42-ден 58%-ға дейін, ал жауап беруге қиналғандардың үлесі 3-тен 26%-ға дейін ауытқыды. Ауыл әкімдерінің сайлауы өткен зерттелген үш ауылдың екеуінде қазіргі әкім сайланғанын айта кету керек.

Диаграмма 3.4. *– Сіздің көзқарасыңыз бойынша, өткен ауылдық әкімдер сайлауының нәтижелеріне сенуге болады ма? (1 типтегі ауылдар; аймақтық)*



2 типтегі ауыл тұрғындарының арасында өз ауылындағы ауыл әкімін сайлау, ауыл мен оның тұрғындарының мүдделері үшін емес, облыс және аудандық билігінің мүддесі үшін өтуі мүмкін деген күмән бар екенін атап айту керек.

«И: Сізде қазір, жалпы сондай сезім боды ма, сіз кімді сайлағаныңыз туралы ойландыңыз ба?

Р6: Жоқ.

Р5: Бізді ешкім тыңдамайтын сияқты.

И: Ал сіз қалай ойлайсыз?

Р7: Дәл солай, егер сол адамды сайласақ, ол жоғарыдан не айтады, соны істейді.

Р2: Бірінші жылы бірдеңе болатын шығар, тыңдап, одан кейін қайдам. Сосын сіз өзіңіз біздің менталитетімізді білесіз, сәл жоғары көтерілсе, өзі үшін ғана жұмыс жасайды, біреу үшін емес» (БҚО, 2-тип);

«Мен айттым ғой, мен өзім мұндай сайлауға 25 жыл қатысып келе жатырмын. Бәрібір, айтып кетті ғой, барлығы жоғарыдан шешіледі. Жоғарыда не айтылады, сол болады. Халық деп айтса да, бәрібір сол сөзге тоқтайық». (ТО, 2-тип)

Фокус-топтық талқылаулардың талдауы көрсеткендей, бұл алаңдаушылықтар, ауыл тұрғындарының өтініштері

мәселені шешуге уәде деңгейінде қалатын кездегі, ауыл тұрғындары мен олардың әкімдері арасындағы қарым-қатынастың эмпирикалық тәжірибесіне негізделген, *«бізде биыл көп қоңыздар шабуылы болды. Мен өзім әкімшілікке шағымдандым. Олар келді, қарады, сол қоңыздарды зерттеуге алып кетті. Оларды уландырамыз деді, келмеді. Екінші ай болды» (БҚО, 2 тип),* немесе еленбейді, *«біз кеткеннен кейін, олар ұмытады, біз келмегендей».*

Топтық талқылауға қатысушылардың айтқаны, жергілікті қоғамдастық пен әкімшілік арасындағы қарым-қатынасындағы тағы бір күрделі қауіп – әкімдер тарапынан өкілеттігін асыра пайдалануы, сенімсіз субъектілерге қысым көрсету үшін әкімшілік ресурстарды пайдалануы. Бұл ретте сайланған әкім кезінде жағдай өзгере ма деген сұрақтар пайда болады? Жергілікті қоғамдастық тарапынан әкімді кері шақыру механизмі қарастырылған ба, бар болса, ол қаншалықты орынды?

«И: Сіздердің араларыңнан 3-4 адам белсенді екенін көріп тұрмын. Сіздер қоғамдық кеңестерді құра аласыздар ғой? Ол туралы ойламадыңыз ба?

Р4: Түсінесіз бе, кім, ол белсенділер кімдер, кім туралы айтып тұрсыз!? Барлығында қандай-да бір бизнес, дүкендер, шағын бизнес бар. Егер бұл адам әкімге барса, онда ертесіне әкім оны басып тастайды ғой. Оның бизнесін жауып тастайды, түсінесіз бе? Ары кетсе, тұншықтырады.

И: Неге? Яғни оған қарсы еш нәрсе сұрауға болмай ма? Ештеңе айтуға болмай ма?

Р4: Иә. Жұмыс істеп жатырсын, өз ісіңмен айналыс, болды, шаруаң болмасын.

Р5: Иә, кіріспе деген сияқты.

Р4: Түсінесіз бе?

Р5: Ол сол қалпында қалады.

Р4: Ол солай қалады. Заң деңгейінде жасау керек. Егер ақшасы бар адам шеше алмаса, қарапайым адамды кім тыңдайды? Қайтарып жібереді, болды» (ТО, 1 тип);

«Р5: Әкіммен кездесуге барғанда, барлығы барады, сұрақтар көп, ол жаққа кіргенде, үндемейді, өзіне кедергі жасамау үшін.

И: Жамандық істей ала ма?

Р7: Барлығына әкіммен байланыс керек, барлығы тату тұрғысы келеді» (СКО, 1 тип).

Фокус-топқа қатысушылардың көпшілігі, ауыл әкімдерін сайлау реформасының тиімділігін оның барлық деңгейіндегі үкіметке де, сайлау механизміне де сенімсіздіктен көреді.

«И: Сонда сіз тек бүгін отбасымды немен асыраймын деп ойлайсыз да, ал үй сыртында не болып жатқаны сізді мазаламайды ма?

Э4: Жоқ, мазалайды. Біз сенбейміз.
И: А, сенбейсіз бе?
Э4: Бізде билікке сенім жоқ» (ТО, 2 тип);
«Э5: Барып, басқасына дауыс берудің мәні не? Ол бәрібір бірінші орын алатыны алдын-ала белгілі.
И: Ал сіз неге сайлауға бармадыңыз?
Э7: Білмеймін, жәй барғым келмеді.
И: Неге бармадыңыз енды?
Э7: Бәрібір бұл шешілген сұрақ» (ТО, 1-тип).

Сауалнама нәтижелері бойынша, сайлауға қатыспаудың басты себебі потенциалды сайлаушының жеке істері маңыздырақ болып табылады. Жалпы, 1 және 2 типтегі ауылдарда жарияланған дауыс беруге келмеу себептерін салыстыру, ақталу аргументтерді таңдауға аяқталған оқиғаның әсері туралы болжам жасауға мүмкіндік береді. Сонда, 2 типтегі ауылдарда әрбір екінші (жалпы үлесі 57%) дауыс беруге қатыспаудың себебі ретінде сайлау нәтижелеріне сенімсізідігін немесе немқұрайлылығын білдірсе, 1 типтегі ауылдарда дауыс беруге қатыспағанын сайлау күні ауылда болмағанына сілтеме жасаған (34,7%). 1 типтегі ауылдарда сайлау нәтижелеріне немқұрайлы және сенбейтіндер үлесі 25%.

Диаграмма 3.5. *– Сайлауға неге бармадыңыз? (ауыл типі бойынша %)*

Аймақ кескіні бойынша, сайлауға бармау себебі ретінде оңтүстік аумақтарда жиі одан маңызды істерді атаса, батыста және солтүстікте – сайлау өткен елді мекенінде физикалық жоқ болуы көрініп тұр.

Диаграмма 3.6. *– Сайлауға неге бармадыңыз? (1типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



Соған қарамастан, сауалнама электоралды белсенділіктің белгілі бір инерциясы сақталып отырғанын көрсетті. 25 шілдеде сайлау учаскесіне барған немесе ауылда сайлау өткенде бару ниетін білдірген әрбір екінші дауыс беруші, ол өз шешімін әрқашанда сайлауға барамын деп ақтады (тәртіпті электоралды белсенділік). Сонымен қатар сауалнама 1 типтегі ауылдарда дауыс беруге қатысуға айтарлықтай ынталандыру ретінде, ауыл әкімінің бірінші тікелей сайлауы сияқты іс-шараларға қатысуға ауыл тұрғындарының қызығушылық болғанын көрсетті – осылай әрбір үшінші адам жауап берді (37,7%). 2 типтегі ауылдарда электоралды мінез-құлықтың саналығы жоғарырақ екені байқалады, дәл айтқанда, өз үміткеріне қолдау көрсету үшін сайлауға баратындардың үлесі шамамен екі есе көп (14,6% 8,3%-ға қарсы).

Диаграмма 3.7. *Сіз неліктен сайлауға бару туралы шешім қабылдадыңыз? (ауыл тиі бойынша %)*



Мен әрқашан сайлауға барамын
Маған ауылдық әкімдердің алғашқы сайлауына бару қызықты болды
Мен өз кандидатымды қолдағым келді
Мен дауыс беруге мәжбүрлі түрде қатыстым
Басқа

Аймақтар бойынша кескінде әртүрлі аймақтардағы электоралды мінез-құлқының ерекшеліктері көрініп тұр. СҚО тәртіпті электоралды мінез-құлық басым, яғни көпшілік сайлауға әдет, дәстүр бойынша барады

Диаграмма 3.8. *– Сіз неліктен сайлауға бару туралы шешім қабылдадыңыз? (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



Мен әрқашан сайлауға барамын
Маған ауылдық әкімдердің алғашқы сайлауына бару қызықты болды
Мен өз кандидатымды қолдағым келді
Мен дауыс беруге мәжбүрлі түрде қатыстым
Басқа

Бірақ, жалпы алғанда, реформаның негізгі бенефициарлары ретінде ауыл тұрғындарында жергілікті өзін-өзі басқару реформасынан әлі де оң үміт күтілуде. Корреляциялық талдау көрсеткендей, өткен сайлауға сенім деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым сайлау нәтижелері бойынша азаматтардың басқаруға қатысу мүмкіндігінің бағасы жоғары болады (1 типтегі ауылдарда r=0,267; 2 типтегі ауылдарда r=0.356).

«Мен бұл өте қажет реформа мен жаңалық деп есептеймін. Өйткені бұл ауыл мәселелерін шешетін лайықты тұлғаны таңдауға мүмкіндік береді» (БҚО, 2 тип);

«И: Ауылда шешімдер қалай қабылдануы керек?

Р3: Ауылды өзін-өзі басқару. Менің ойымша, өздері басқара алмайды. Өйткені әркім өзін ғана ойлайды. Қалай ақша табам, қалай тіршілік етем, өзін ғана ойлайды. Қазір ауылға жақсы басқарушы керек. Ауыл өзін өзі басқара алмайды. Ал адамдармен, халықпен бірігіп – иә» (ТО, 2 тип).

Сонымен қатар фокус-топтардың қатысушылары аймақ пен ауыл түріне қарамастан, жергілікті билік органдарынан басқа, тұрғындар өздері таңдаған, ауыл тұрғындарынан тұратын, және жергілікті билік органдарымен көлденең өзара әрекеттесу үшін, Ақсақалдар кеңесі, Қоғамдық кеңестер, Кеңестер сияқты өкілдік органдарды құру қажеттігін түсінеді.

«Бұны заң деңгейінде әр ауылда Ақсақалдар кеңесін енгізу керек. Адамдар жиналысқа келіп, өз ойын айтып, шешім қабылдауына талап ете алатындай… Ал жеке бастама ретінде оны ешкім тыңдамайды. Ешбір әкім тыңдамайды. Қазір бізге айтады ғой: «ақша жоқ», - деп» (ТО, 1-тип);

«И: Иә, сол арқылы соңына дейін жеткізетін тағы бір қосымша орган керек сияқты сезім.

Р1: Оларды бақылайтын.

Р6: Сайланған, өзіміз, біз сайлаған, арлы.

Р1: Біз сияқтыларды, ондай емес, біреу келіп, онда оны ешкім бақыламайды» (СҚО, 1 тип).

Талқылауға қатысушылар жергілікті өзін-өзі басқару органдар атқарушы биліктің тепе-теңдігін сақтау үшін қажет, бірақ олар міндетті түрде заңмен бекітілген ресми мәртебеге ие болуы керек деген пікірмен келіседі. Тек осы шарттың орындалуы кезінде ғана атқарушы билік органдары олардың беделін, дауыс беру құқығын мойындайды. Сонымен бірге, зерттеуге қатысушылар өкілді органдардың миссиясын келесі функцияларды орындаудан көреді:

1) Жергілікті қоғамдастық пен жергілікті билік арасында «құлақ асатын мемлекет» және «кері байланыс» функцияларын қамтамасыз ету;

Бұл жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару халықпен тікелей байланыста болатын, атқарушы билік үшін көмекшілер немесе кеңесшілер ретінде көрінеді.

«Жалпы керек. Әкім біреу, оның барлық жерге баратыны туралы айтса да, естіп жатсақ та, бәрібір ол жалғыз өзі үлгермейді. Бір адам ешқашанда үлгермейді. Бәрібір, ресми емес керек, жергілікті қоғамдастықтың, ардагерлер Кеңесінің және т.б. басқарушысы ретінде көмекшілер болса да. Дегенмен, олар алға қарай жылжытады, көмекші ретінде емес, халықпен тығыз болғандықтан. Бұл адам бәрібір біреудің қасында тұрады, біреумен араласады. Мәселені жеткізе алады… Өйткені жаңалықтардың, мәселелердің бәрі әкімге жетпейді, солай айтқан. Не кеш айтылды, не мүлдем жетпейді» (БҚО, 1 тип).

2) Жергілікті билік органдары қабылдаған шешімдерді бақылау функциясын орындау;

«Әкімдердің үстінен бақылау органы болса, онда олар жұмыс істейді. Олардың үстінде бақылау органдары жоқ. Иә, үстінен аудандық әкім бар. Бірақ олар бәрі бір буында. Түсінесіз бе? Ал егер әрбір ауылдың бақылау органы оларға қысым көрсетсе, сонда олар қимылдай бастайды. Әкімді артынан біреу итермелеп түру керек. Ақсақалдар кеңесі дәл осымен айналысатын еді» (ТО, 1 тип);

«Мысалы, әкімге біздің ауыл үшін мыналшама ақша бөлінген. Біз оны көрмейміз. Халық көрмейді. Егер халыққа берсе, халық бәрін біледі. Халық өз-өзін бақылап отырады. Өйткені халық қайда, қанша кеткенін біледі. Ешкім ешкімнен қызғанбайды» (ТО, 2 тип).

3) Жергілікті қоғамдастықтың қажеттіліктері мен талаптарын талқылау және сараптау кезінде ауылды/ауданды дамыту бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік беретін кеңестік функция.

«Ақсақалдар әкімдер мен әкімшілік өкілдеріне қарағанда, біздің өмірімізді көбірек біледі» (ТО, 2 тип).

Сондай-ақ, өзін-өзі басқару мәдениеті болмаған жағдайда, тәуелсіздік пен бейтараптылықты сақтап, непотизмге батып кетпеу үшін, бастапқы кезеңде өкілді органдар қысқа мерзімге сайлануы керектігі айтылды.

«Бұл жерде жеке тәуелсіз орган болу керек, олар әкімшілік ғимаратында орналаспау керек, мүлдем тәуелсіз, айына бір рет қарастыратындай… Бірінші кезеңде бұл Кеңес тұрақты түрде сайланбау керек, мысалы, бір жылға ғана. Мысалы,

мәслихат 4 жылға сайланады, менің ойымша, бұл да дұрыс емес, бір жыл-бір жарым жылға жасау керек. Өйткені 4 жыл ішінде олар аудандық әкімшілікпен әбден бірігіп алады, бір команда болып қалады» (СҚО, 1 тип).

Жергілікті өзін-өзі басқару идеясын ойдағыдай жүзеге асыру үшін ауылда белсенді және саналы, өз істерін саналы түрде жасайтын көшбасшылар керек. Ал көшбасшылар үшін маңызды талабы ретінде олардың саны емес, белсенділігі, ауылды дамыту мәселелері бойынша ұстанымның болуы және оны жүйелі түрде қолдау болып табылады: *«Қазір менің ойымша, оларда ауыл өміріне қатысуында қажетті белсенділік жоқ. Және олардың мәртебесін сәл жоғарылату керек сияқты? Немесе бұл жұмысты белсендіру керек. Мысалы оппозициялық газеттің редакторы Лұқпан Ахмедияров тұратын ауылда, ол сол жеде адамдарды ұйымдастырды. Олар ауыл өміріне белсенді қатысуда. Дәл айтқанда, әкімшілік қабылдаған шешімдерге, бюджетті үлестіргенде және т.б.»*. Бірақ сұрақтың мына жағынан, фокус-топтардың қатысушылардың айтуы бойынша, соңғы кезде ауылда жағдайы нашарлап барады. Бір жағынан, қауымдастық мүшелерінің атомизациясы бар, көпшілігі өмір сүрудің өзекті мәселелерін шешумен айналысады, жастар қалаларға қоныс аударуда. Екінші жағынан, ауыл тұрғындарының бойында немқұрайлылық пен жалқаулық күшеюде, *«ештеңе жасағысы келмейтін адамдар өте көп. Айлық өте аз, мұндай айлыққа өмір сүру өте қиын. Кейбіреулері бұл маған не үшін қажет, мемлекет мен туралы ойламайды ғой деп айтады».*

Ауылды дамыту үшін тікелей сайлаудың маңыздылығын бағалауда бейтарап-позитивті бағалаулар басым болады. Жауаптардың 10%-дан азы – негативті күтімдер. Бұл реформа олардың ауылдарына зияннан гөрі көбірек пайда әкеледі деген үмітті 1 типтегі ауылдардың сауалнамаға қатысушылары жиірек айтады (45,5%). 2 типтегі ауылдардың сауалнамаға қатысушылары көбірек скепсис білдіреді – көпшілік бөлігі тікелей сайлау, ауылдарды дамыту бойынша ешқандай өзгеріс әкелмейді деп есептейді (41,3%). Фокус-топтардың қатысушыларының әкім сайлауында «теріс сәттерге қарағанда, жағымды сәттер көбірек. Сонда да кез келген жағдайда сайлау барысын, ақпарат беруін қадағалау керек» деген ойлары бірдей болды.

Диаграмма 3.9. *– Әкімдерді сайлау, сайлау өткен ауылдық аймақтарды дамытуға көбірек пайдасын әлде зиянын тигізеді ме, немесе ешнәрсе өзгермейді ме? (ауыл типі бойынша %)*



Сауалнама нәтижелері бойынша, оңтүстік өңірде сайлаудан кейін даму жағдайының позитивті сценарийына жиі үміттенеді, ал батыс өңірлерінде болашақта әкім сайлауының арқасында ауылға берілетін жеңілдіктер туралы белгісіз болжамдар басым, *«әкімнің үстінде облыс әкімі бар. Оған не айтады, сол болады. Ары қарай орындалуын бізге аударады». Солтүстік өңір жалпы тенденцияның аясында.*

Диаграмма 3.10. *– Әкімдерді сайлау, сайлау өткен ауылдық аймақтарды дамытуға көбірек пайдасын әлде зиянын тигізеді ме, немесе ешнәрсе өзгермейді ме? (1 типтегі ацылдар; аймақтық кескін)*

Сауалнамаға қатысушылар өз тәжірибесі мен жағдайды бағалау негізінде өз бетінше атаған, ауылдарды дамытудың нақты пайдасы мен тәуекелдерінің тізіміне келетін болсақ, 1 типтегі ауылдарда ауылды дамытудың нақты инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге көбірек көңіл бөлінгенін көруге болады. 2 типтегі ауылдардағы сауалнамаға қатысушылар ауылдардың экономикалық дамуына, соның ішінде жаңа жұмыс орындарын құруға, инвестиция тартуға және өндірісті дамытуға көбірек көңіл бөлді.

***Таблица 3.1**. – Әкімдерді сайлауды енгізуден ТОП-5 мүмкіндіктер, ауыл типі бойынша %*

№	Мүмкіншіліктер	1 типтегі ауылдар	Мүмкіншіліктер	2 типтегі ауылдар
1.	жолдарды жөндеу (асфальттау)	18,6%	жаңа жұмыс орындары	25,8%
2.	ауылды жақсарту	5,9%	а/ш өндірісін дамыту	24,0%
3.	көшелерді жарықтандыру	5,9%	инвестициялар, қаржыландыру	12,7%
4.	балалар алаңдарын құру	5,3%	су құбырын тарту	8,6%
5.	жаңа жұмыс орындары	5,3%	мал шаруашылығын дамыту	7,7%

Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын енгізудің тәуекелдеріне келетін болсақ, әртүрлі ауылдар типіндегі жауаптарда айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Сауалнамаға қатысушылар атаған тәуекелдерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1. Сайлау процесін ұйымдастырудағы қаржылық тәуекелдер.
2. Ауылдық аймақтарды дамытуға қатысты сайланған әкімдердің сыбайлас жемқорлық және жауапсыздық қаупінің сақталуы.
3. Жергілікті қоғамдастықты қанағаттандырмайтын әкімді сайлау қаупі.

Фокус-топтардың нәтижелеріне сәйкес, қазіргі таңда жергілікті қоғамдастықты қанағаттандырмайтын әкімді сайлау негізгі қауіп болып табылады, мұны 2021 жылы 25 шілдеде республиканың 730 ауылдық округі мен ауылында өткен сайлау растады.

Таблица 3.1. *Әкімдерді енгізудегі негізгі тәуекелділіктер, %*

№	Тәуекелділіктер	Орташа мәні
1	сайлау қосымша қаражатты қажет етеді	14,3%
2	сыбайлас жемқорлық	14,3%
3	басшылардың жауапсыздығы сақталады	14,3%
4	ауылдың негізгі мәселелері бәрібір шешілмейді	14,3%
5	ауылды дамытудың жоқтығы	4,8%
6	ұрлық	4,8%
7	біліксіз басшылықты сайлау	4,8%
8	әкімнің ұзақ отыруы (егер ол 2-ші немесе 3-ші мерзімге қалса)	2,4%
9	әкімді «сырттан» сайлау	2,4%

Осы бөлімді **қорытындылай келе**, реформаның жеткіліксіз тұжырымдамалық әзірленуі жағдайында, сондайақ осы реформа туралы мақсаттық топтың нашар хабардар болуы, жергілікті билікті құруға арналған негіз ретінде ауыл әкімдерін сайлау туралы түсінік қалыптаспады. Бұған бірнеше жағдайлар кедергі келтіреді. Біріншіден, қарапайым тұрғындармен талқылау деңгейінде-ақ бір нәрсенің жетіспейтіні анықталды, дәл айтқанда, атқарушы билікпен диалогында халыққа өзін-өзі басқару органы ретінде өкілді жиналысты қоса алатын салмақ жетіспейді. Бірақ қарапайым адам жергілікті өзін-өзі басқару тұжырымдамасын қабылдаудың заңнамалық бұрмалары туралы аз біледі. Екіншіден, билік иерархиясына сәйкес, ауыл әкімдерінің жоғары тұрған биілік деңгейіне бағыттау жүйесінің тұрақтылығы соншалық, ол ауыл басшыларына оның қызмет нәтижелерінің негізгі бенефициары ретінде жергілікті қауымдастыққа қайта бағдарлануына мүмкіндік бермейді. Сондықтан ауыл әкімі кім болатынын анықтау қағидасының өзгеруінен ауыл тұрғындары өздеріне қандай айырмашылықты да, айқын пайданы да көрмей отыр. Үшіншіден, электоратта электоралдық мінез-құлқының екі типі үстемдік етеді[4]: өзінің саяси бағытының әлсіз көрінісімен

[4] Гудков И.В. РФ өкілетті билік органдарын сайлау контекстіндегі электоралды жүріс-тұрыстың типологиясы //Человек. Сообщество. Управление ж. 2008 №2, - 15-29 б.

сипатталатын патерналистік, және «бармаймын, уақытты не үшін жұмсау керек, мен үшін шешеді» деген сөйлеммен сипаттауға болатын маргиналды. Мінез-құлық түрлерін сипаттауларынан, өткен сайлауда бірінші топ жасаған таңдауы қатаң саналы таңдауға ұқсамайтыны анық.

Дегенмен, өткен сайлауға қатысты скептицизм мен сенімсіздікке қарамастан, ауыл тұрғындарында жергілікті өзін-өзі басқару реформасынан позитивті күтімдер мен ауылда өмір сүру жағдайы жақсарады деген үміт әлі бар.

2. Әкім лауазымына «идеалды» үміткер: адал, әділ, жауапты

2021 жылдың 21 маусымда аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауыл округының әкімі лауазымына сайлау комиссиясында тіркелу үшін үміткерлер тапсыратын құжаттардың Тізімі бекітілді[5]. Бұл құжатта: «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауыл округының әкімі лауазымына үміткерлер мемлекеттік қызмет саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру үшін, аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады» делінген:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) осы тізімнің қосымшаға сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауыл округының әкімі лауазымына үміткердің еңбек өтілі;

3) еңбек кітапшасының көшірмесі;

4) білімі туралы құжаттардың көшірмесі».

Нәтижесінде жаңа ережелер бойынша, «аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауыл округының әкімі ретінде тек Қазақстан азаматы ғана бола алады. Оның жасы 25-тен кем болмау керек. Потенциалды ауыл басшысының жоғары білімі және мемлекеттік қызметте немесе басшылық қызметте жұмыс тәжірибесі болуы керек. Әрине, соттылығы немесе сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қатысы жоқ»[6].

---

[5] Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестікті тексеру үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттардың аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына ұсынатын құжаттарының тізбесін бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023158

[6] «Хабар» агенттігінің жаңалықтары. Ауыл округі әкімдеріне қойылатын талаптар. Ақпарат көзі: https://khabar.kz/ru/news/politika/item/134796-trebovaniya-k-kandidatu-v-akimy-selskogo-okruga

Ауыл әкімі лауазымының үміткерлеріне қабылданған талаптар сарапшылар мен қоғам тарапынан сынға ұшырығанын атап айту керек. Әсіресе, жоғары білімі туралы талап пікірталас тудырды.

Ең алдымен, ауыл тұрғындар санынан қоғамдық пікірдің көшбасшылары арасында әкім, жергілікті тұрғындар қатарынан болу керек па деген сырттай пікірталас пайда болғанын атап айту керек.

Жергілікті сарапшылардың көпшілік бөлігі қазіргі әкімдер жергілікті/ауыл мәселелерін нашар біледі деген қорытындыға келді, сондықтан олар әкім жергілікті өкіл болу керек деген тілек білдірді:

«Неге бұл әкімнің рейтингі 50-ден төмен? Өйткені жергілікті емес. Жергілікті бұл жерде кім тұратынын, қандай мәселе бар екенін біледі. Әрине, үміткерлер бар, мысалы, осы әкімшілікте, әкімшілік қызметкерлерінен... жергілікті және адамдармен жұмыс жасайды» (БҚО, Д-2);

«оның өз халқына жақсылық жасай алмайтыны үшін халқының алдында ұят болады, ал басқа жақтан келгенге бәрібір, олар карьерасын жасайды, нәтиже оларға қызық емес. Жастардан ешкім жоқ қазір, уақытша болса да, зейнеткерді таңдау керек, ол өз орынбасарын таңдау керек, орынбасарды қалай жұмыс істеу керек екенін 2-3 жыл үйретіп, көрсетіп» (БҚО, Д-3).

Ауыл әкімін таңдау кезінде жерлестік факторының маңыздылығына қатысты сарапшылардың ұстанымы, ауыл тұрғындарының арасынан фокус-топқа қатысушылардың ұстанымымен сәйкес келетінін айту керек, олар да ауыл әкімі «өзіміздің жергілікті, тамырлас» болу керек деп санайды.

«Р1: Ол ішкі мәселердің барлығын біледі, ал сырттан келген ештеңе білмейді, оған айтты, ол келді, ал бұл жерде тұратын адам адамдарға не керек екенін біледі.

Р3: Ол саналы, адал болуы керек.

Р6: Жауапкершілігі бар. .

Р8: Жергілікті болу керек.

Р1: Сөзінде тұратын адам» (ЗКО, 2-тип);

«Р6: Білімі, әрине, болу керек, бірақ ең бастысы адам жергілікті болу керек. Бізге үшеуін беріңіз, үшеуін қояйық, және біз сырт келбеті бойынша емес, әрине.

И: Адамдар өздерін ұсынады деп ойлаған шығар.

Р1: Үміткерлер болды, осы ауылды 100% тартып, пайдасы болатын еді, бірақ олардың бәрін алып тастады, олар жанымен ауылы үшін ауыратын еді.

И: Сіз не ойлайсыз, кімді қалайсыз?

Р7: Жергілікті тұрғынды, осы жерде туылған, ауылына жаны ашитын, ұжымды жинап, кез келген шараны атқара алатын» (СҚО, 1-тип).

Сонымен бірге, СҚО-нан сұхбат берген сарапшылар олардың ауылында ауылдасы әкім болған кезде ауылға пайда әкелмеген мысалдарды келтірді, сондықтан бұл сарапшылар үшін жергілікті мәселелерді терең білетін, жергілікті емес әкімнің болу нұсқасы мүмкін: *«Болсын, бірақ ауылдың жағдайын білетін, бұл жағынан ауылдан болуы міндетті емес, басқа жақтан болсын, бірақ ауыл мәселелерін білетін».*

Әкім қандай болу керек, өз жұмысын атқару үшін, қандай керекті қасиетке ие болу керек?

Болашақ әкімнің негізгі аспектілері оның жеке қасиеттері болып табылады:

Біріншіден, ақыл: *«біріншіден, әкім ақылды адам болу керек»; «ақылды адам болу керек, мінезі бар»;*

Екіншіден, өзіне жүктелген міндеттерді шешуге мінезі мен ерік-жігері: *«Менің ойымша, әркім өз ісін білу керек, мен соны жақтаймын, егер ол әкімдікке барса, егер оны не күтіп тұрғанын білсе, адам оған жауапкершілікпен қарау керек, ол оның жұмысы, менің ойымша, әдейі сондай адам болу керек, адам өмірінің жағдайын жақсарта алатын, патриот болу керек»;*

Үшіншіден, көшбасшылық қасиеттер: *«Ауылда бас ие болу керек, завхоз»; «халыққа үңілу керек, адамдармен сөйлесу керек, олардың қандай шағымдары мен өтініштері бар, оларды не толғандырады, оларға қалай көмектесу керек, бәрін жасай алатындай нағыз ер болуы керек».*

Бұдан басқа, ауыл әкімі *«басқару, қалай басқаруды»* білу керек; *«адамдармен сөйлесе»* білу, олармен *«өзін қалай ұстау керектігін»* білу, сонымен қатар «ауыл жағдайын білу керек». Әкім үшін маңыздысы жинақталған шаруашылық жұмыс тәжірибесінің және сәйкес білімге негізделген білімінің жанжақтылығы болып табылады: *«Міндетті түрде, білімі бар. Менің ойымша, ауыл шаруашылығы, құрылыс, заң туралы білу керек, ең бастысы – солар. Бізідің ауыл үшін ауыл шаруашылығын, бастысы құрылысты білу керек, өйткені қазір, мысалы, мектептер салынады. Міндетті түрде экономист, экономика білімі де керек, техникалық білімі болмайды, оған қоса гумманитардық болса, жақсы болатын еді» (ТО, М-6).*

Жоба аясында ауыл әкімдігіне үміткер үшін кейбір қасиеттердің қолайлы және қолайсыздығы туралы сұрақ қойылған, бұл бір жағынан, маңызды сипаттамаларды елеусіздерден ажыратуға, ал басқа жағынан, мемлекеттік кадр саясатындағы жаңа трендтерді қолдауда ауыл электоратының дайындығына баға беруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, жас кадрлар, әйелдер мен мүгедектер үшін басқару лауазымдарға квоталарды кеңейту туралы сөз болып тұр.

Диаграмма 3.11. *– Егер Сіздің ауылыңызда әкім сайлауына ... сияқты адам өзін ұсынатын болса, жеке сіз үшін ол қолайлы немесе қолайлы емес па? (ауыл типі бойынша %)*



Әртүрлі типтегі ауылдардың сауалнамаға қатысушылардың жауаптарын салыстырмалы талдау нәтижелеріне сүйене отырып, келесі қорытындыларды жасауға болады:

- Сайлау әлі өтпеген 2 типтегі ауылдарда әкім лауазымына үміткердің жоғары білімі мен мемлекеттік қызметтегі жұмыс тәжірибесі сияқты іскерлік қасиеттерінің жоқтығын жиі мойындайды, ал 1 типтегі ауылдарда бұл қабылданбайды деп есептейді;
- 2 типтегі ауылдарда басқа елді мекеннен келген немесе партияда жоқ үміткер көп жағдайда бас тартуды тудырмайды, ал 1 типтегі ауылдарда бұл фактілер екіұшты реакция тудырады;
- Ауыл типіне байланыссыз, мүгедек адамды сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі ауыл әкімі лауазымына жарамсыз деп таныды;
- Көп жағдайда әйел үміткердің шағымдары қабылдамауды тудырмайды, ал бұл ретте 30 жасқа дейінгі жас басқарушыларға қабылданбайтынмен ұштас екіұшты көзқарас бар.

Аймақтар кескінінде ауыл әкіміне қолайлы қасиеттерді қабылдауда айырмашылықтар байқалады. Мысалы, Түркістан облысында осы ауыл округы/ауылының әкімі ретінде әйел және осы ауыл округы/ауыл тұрғыны емес адам дұрыс қабылданатын болады. Солтүстік және батыс өңірлер тұрғындарының қабылдауы біршама ұқсас: мұнда әйелды және партиясы жоқ үміткерді қолдайды. Сонымен бірге, СҚО-да ауыл әкімінің орта арнайы білімнің болуы қолайлы, бірақ ол жергілікті тұрғыны болмаса, қолайсыз. БҚО-да орта арнайы білімі бар әкімге қарағанда, жас әкімді қолдауға дайын.

Диаграмма 3.12. *– Ауыл әкімінің қолайлы сипаттамасы (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



Сауалнамаға қатысушылар ауыл әкіміне үміткердің қалаулы деп көрсеткен сипаттамалар мен қасиеттер тізімінде, ауыл типіне қарамастан, іскерлік емес, жеке қасиеттері басым. Бұл ауыл тұрғындары үшін бірінші орында маманның тұлға ретіндегі қасиеттері, басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудағы дағдылары тұрғандығын көрсетеді. Сонда, сауалнамаға сәйкес, әкім қасиеттерінің ТОП-10-на тек екі іскерлік қасиеті енді – білімділігі (3 ранг) және тәжірибелілігі (8 ранг). Қасиеттер тізімінің айтылу жиілігі бойынша даусыз көшбасшысы «адалдық, әдептілік» болып табылады. Екінші орынды «жауапкершілік, саналылық» сияқты қасиеттер алады. Сондай-ақ «қамқор, жауап беретін» басшы деген сұраныстың атап өткен жөн (4 ранг).

1 типтегі ауылдардағы әрбір бесінші және 2 типтегі ауылдардағы әрбір төртінші ауылдың бірінші басшысына басымдық беретін қасиетті анықтай алмады, жауап беруге қиналды.

Диаграмма 3.13. *– Сіздің ойыңызша, ауылдық округ/ауыл әкімі лауазымына үміткер адам ең алдымен қандай қасиетке ие болуы керек? (ауыл типі бойынша %)*



Фокус-топтардың қатысушылары да іскерден гөрі ауыл әкімінің адами қасиеттеріне көбірек тоқталып, сол арқылы қоғам үміттерінің тұрақтылығын растады *«әкім жолы айқын: халық оны сайлағанда, халықты ойлауы керек, әрекет етуі керек, қарамағындағы аумақтарға жағдай жасауы керек» (ТО, 2-тип).*

Сонымен, ауыл әкімінен күтілетін негізгі талаптардың тізіміне келесілерді жатқызуға болады:

- Халыққа қызмет ету, қамкор болу керек, *«әкім халықтың жағдайына қамқор болуы керек. Халыққа қызмет ететін адам деп ойлаймын. Олар өз жұмысын ақтауы керек»;*

- Сөзі мен ісінде тұратын адам болуы керек, *«әкім болардың алдында берген уәделерін орындау керек. Қалай айтты, солай істеу керек»;*
- Жұмысын ашық және есеп беретін түрде жүргізу керек, *«айына бір рет халық алдында атқарылған жұмыс бойынша есеп беріп тұру керек»;*
- Халық мүдделеріне мұқият болуы керек, *«ол мұккият болу керек. Әр адамды тыңдау керек»;*
- Немқұрайлы болмау керек, *«адамдарды тыңдай білу керек. Менің ойымша, біздің әкімге бұл жерде не болып жатқаны, кім не айтып жатқанына бәрібір»;*
- Іскер адам болу керек, *«әкім – бұл отбасының иесі сияқты. Ол шаруақор болу керек. Ол өз ауылы үшін, алға қарай жүру керек. Біз жақсы өзгерістерді көретіндей. Сол жақсы өзгерістер туралы біз естітіндей. Оның іс-әрекет істеп жатқанын біз көруіміз керек. Сонда ғана біз сондай адамның арқасында тұрып жатқанымызды білеміз. Және жыл сайын оны таңдаймыз».*

Осы бөлімді **қорытындылай келе**, сауалнамаға қатысушылардың күтімдерінен қалыптасқан ауыл әкімінің «мінсіз» бейнесі саналы бастамасына негізделгенін атап айту керек. Зерттеу жергілікті қоғамдастықтардың ауыл дамуындағы жауапкершілікті атқарушы билік өкілдерімен атқаруға дайын емес екенін көрсетті. Дегенмен, олар әкімдердің көмекшілері болуға дайын. Ал мәселенің осылай тұжырымдалуы ауыл әкімінен іскерлік, басқарушылық дағдыларды ғана емес, сонымен бірге жан-жақты дамыған жұмсақ дағдыларды талап етеді.

Ауыл әкімінің жергілікті тегі туралы талқылау ашық күйінде қалып тұр. Бірақ қазірден-ақ «сырттан келген» үміткерге қарағанда, жергілікті кадрлардан шыққан үміткер сайлаушылардың сенімін, адалдығын және қатысуын көбірек оятатыны анық. Бұл жағдайды шиеленіс болуы мүмкін аймақтарда сайлауды ұйымдастыру кезінде ескеру керек.

3. 2021 жылғы 25 шілдедегі сайлау: қандай нәтижеге қол жеткізілді?

Ауыл әкімінің тікелей сайлауын өткізудің алғашқы тәжірибесінің сәттілігі жалпы жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалауға оң көзқарасты бекіту үшін маңызды болғанын атап өткен жөн. Бірақ, ауыл әкімдерін сайлауда БАҚ арқылы бізге ұсынғандай бәрі жақсы өтті ме?

Фокус-топтық талқылауларды талдау ауыл әкімдерінің алғашқы сайлауының ұйымдастырылу тәсіліне сәйкес, сауалнамаға қатысушылардың тағайындалған және сайланған әкім арасында ешқандай айырмашылық көрмегенін көрсетті.

«И: Жеке өзіңізге сіз әкімді сайлайтыныңыз ұнайды ма?

Э5: ұнайды – ұнамайды. Сайлау кезінде де алаяқтық... Әрине, біз, мысалы, белсенді адамды сайлағымыз келеді. Бірақ не үшін ол керек?» (ТО, 1 тип);

«И: Сіздің ойыңызша, сайланған және тағайындалған әкім арасында айырмашылық бар ма?

Р6: Ешқандай айырмашылық жоқ! Бізден сол жақта сұраса да, сұрамаса да. Ал онымен біз жұмыс істейміз.

Р2: Сайлаған жоқпыз, тағайындады.

Р6: Иә, кіргізіп жіберді» (СҚО, 1тип);

«Әкімшілікке бірде-бір жергіліктіні қоймайды, жергіліктінің біреуін алып көріңізші, аудадық әкімдер өзерінің адамдарын қояды, кіргізіп жібереді. Халықтан сұрамайды да» (ТО, 1 тип).

Әкімдікке үміткерлерді ұсыну барысы үлкен сын тудырды. Фокус-топқа қатысушылардың айғақтарына сәйкес, үміткерлердің көпшілігі «массовка үшін» болды. Осыған байланысты ауылдық округ/ауыл әкімдігіне үміткерлерді ұсынудың «ішкі асханасы» туралы талқылауға қатсыушылардың бірінің әңгімесі қызықты, ол бойынша сайлау процессіне әкімшілік тәсілмен өзін-өзі ұсынатын үміткерлер ретінде мектеп директоры, бас дәрігерлер, бизнесмендер сияқты мәртебелері бар ауыл тұрғындары тартылды.

«Р5: …Өйткені ол өзі басқа ауданда ұсынылды.

И: Сіз ұсынылдыңыз ба?

Р6: Шынымен айтсам, кешке маған аудандық әкімшіліктен қоңырау шалып, ұсынылу керек деп айтты. Олар үміткер бар деді, бірақ тағы альтернативті үміткер керек, «сізге ештеңе жасаудың қажеті жоқ» дегендей айтты. Мені әкімшілікке апарып, сол жерде қағаздар толтырдым, жеті атаға дейін туысқандар туралы, не керегін, барлығын анамның тұрмысқа дейінгі фамилиясын да. Енды мен кездейсоқ Қазан аудандық округында ұсынылғанымды білдім. Ол бізден өте алыс қашықтықта орналасқан. Сосын олар маған қоңырау соғып, мен халыққа қалай үгіт-насихат жүргізіп жатқан суреттерді жібер деп айтады, мен ондай жоқ, мен ондаймен айналыспаймын деп жауап бердім. Сосын мен газет алғанда, ол жерде менің Қазан ауылдық округына арналған сайлау алды бағдарламасы басылған екен.

И: Нәтижесінде?

Р6: Маған, әрине, дауыс берген жоқ. Мен ол жерде керек емеспін. Бізде де бұл жерде альтернативті үміткер массовка үшін керек болды…» (СҚО, 1 тип).

Оң жақтардың ішінен фокус-топқа қатысушылар көп жағдайда дауыс беру тәртібінің өзін бұзу фактілерінің жоқтығын атап өтті. Қатысушылар жалғандық болуы мүмкін үш жағдайды атады:

- бір адам өзінің бүкіл жанұясы үшін дауыс бергенде;
- бір адам екінші рет басқа фамилиямен дауыс бергенде;
- дауыстарды санау кезеңінде толтырылған бюллетеньдерды қосқанда.

Олардың бағалауынша, әкім сайлауында алғашқы екі жағдайға жол берілмеді, бұл сайлаудың шынайы өткендігі туралы айтуға мүмкіндік берді. Бірақ үшінші жағдайға ешкім сенімді емес.

«Р7: Біз де екінші адам үшін дауыс беруге болмайды деп естідік. Онда, шынайы өткен шығар. Мүмкін, басында бәрі қатаң болып, соңында біреу қайтадан дауыс берген шығар?

Р6: Есептеу кезінде.

Р8: Есептеу кезінде қосуы мүмкін. Бірақ біз басқа адам үшін дауыс беруге болмайды деп естідік» (ТО, 1 тип).

Сайлау нәтижелеріне сенімсіздік білдіргенімен, тәуелсіз үміткердің жеңіске жеткен жағдайлары да жұртшылыққа тарап, мысал ретінде келтірілді.

«Тіпті бұл көрсеткіш, тіпті үміткер екінші болса да, ол белгілі бір санды жинады. Бұл демократияны дәл көрсетеді. Бізде бір аудан бар, нақты айта алмаймын қайсысы, тіпті тәуелсіз, өзін-өзі ұсынған үміткер әкім болып сайланды. Өйткені оны халық қолдады» (БҚО, 1-тип).

Қазақстанда жүргізілген электоралды зерттеулер, оның ішінде «ӘСЗО «Стратегия» ҚҚ-ң, сайлаушылар арасында абсентеизмнің таралғанын көрсетеді. *«Біз үшін барлығы шешілген», «сайлауға барудың маңызы бар ма?», «сайлауға бару үшін, уақытты жоғалтасын»* сияқты жауаптар әлі орын алуда. Бұл ретте мынадай заңдылық атап өтіледі: сайлау деңгейі неғұрлым жоғары болса, сайлаушылардың сенімі мен қатысуы соғұрлым жоғары болады, ал сайлау деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым жергілікті электорат тарапынан сайлау үдерісіне аз көңіл бөлінеді. Жаңа сайлау сайлаушыларды қызықтырды ма?

Ресми мәліметтер бойынша, БҚО-да сайлаушылардың 81,4%-ы, СҚО-да – 87,1%-ы, Түркістан облысында – 77,1%-ы құраған.

Сайлау өткен және әлі өтпеген ауылдардағы ауыл әкімін сайлауға қатысу туралы сұраққа берілген жауаптардың салыстырмалы талдауы ауылдағы жарияланған және нақты электоралды белсенділігі деңгейінің арақатынасы қандай екенін анық көрсетеді. Мәселен, 2 типтегі ауылдар бойынша ауыл әкімін сайлауға қатысуға әзірмін деп мәлімдеген 67%-ға қарсы, 2021 жылдың 25 шілдеде өткен ауыл әкімдерінің сайлауында іс жүзінде қатыстым деп жауап берген респонденттердің үлесі 43%.

***Диаграмма 3.14.**– Сіз 25 шілдеде өткен өз округ/ауыл әкімінің сайлауына бардыңыз ба? (1 типтегі ауылдар) немесе Сіз ауыл әкімінің сайлауына барар едіңіз ба? (2 типтегі ауылдар), %*



Аймақтар кескіні бойынша, өткен сайлауға ең көп СҚО ауылының тұрғындары қатысты - 51,5%; ең азы – Түркістан облысының ауылында – 38,8%. Сауалнамаға қатысушылардың арасында ең көп жауап беруге бас тартқандар БҚО-нан – 16,8%.

***Диаграмма 3.15.** – Сіз 25 шілдеде өткен өз округ/ауыл әкімінің сайлауына бардыңыз ба? (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



Ресми деректерге қарағанда, фокус-топқа қатысушылардың бағалауы бойынша, ауыл әкімдерін алғашқы сайлауына сайлаушылардың қатысуы төмен болды.

«И: Сіздер сөйлесесіздер ғой, сайлауға қанша адам барды?
Р6: Көбісі барған жоқ.
Р4: Егер оннан бірі дауыс берсе, жақсы болар еді.
И: 100%-дан 10%-дай ма?
Р4: Иә, иә.
Р5: Қазір біреуге барып дауыс беруге бұрынғыдай ынта жоқ» (ТО, 1 тип).
«Егер сайлау туралы айтсақ, сайлауға адамдардың 20%-ы ғана қатысты. Адам көп келген жоқ» (ТО, 2 тип);
«И: Адам қандай пайызбен жеңді?
Р2: 99% деп айтады.
И: Қатысу қандай болды?
Р2: Білмеймін.
И: Хаттама деген зат бар…
Р7: Әрине, ешкім сұраған жоқ.
Р2: Егер 70 адам болса, жақсы болатын еді. Бізде ауыл округының солдаттары бар, ауруханалар, мектептер, патриоттар… Зейнеткерлерден 9 адам болды, олар басқа адамға дауыс берді» (СКО, 1 тип).

Бұл процедура әлі өтпеген ауыл округтерінің ауылдарында бірінші сайлауды бақылады ма? Сауалнама нәтижелері 2 типтегі ауылдардың ауыл тұрғындары тарапынан жергілікті сайлауға деген жоғары емес қызығушылықты көрсетіп тұр: 2 типтегі ауылдардың сауалнамаға қатысушылардың 73%-ы, бұл ересек тұрғындарының ¾-і, бұл оқиғаларды бақылаған емес деп жауап берді.

Диаграмма 3.16. *– 2021 жылдың 25 шілдеде Қазақстанда ауыл әкімдерінің алғашқы сайлауы өтті. Сіз бұл оқиғаны бақыладыңыз ба? (2 типтегі ауыл бойынша %)*



Аймақтар кескіні бойынша өткен сайлауға анағұрлым көбірек қызығушылықты оңтүстік өңірінің тұрғындары танытты (32%).

Диаграмма 3.17. *– 2021 жылдың 25 шілдеде Қазақстанда ауыл әкімдерінің алғашқы сайлауы өтті. Сіз бұл оқиғаны бақыладыңыз ба? (2 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*



Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, сауалнаманың әрбір алтыншы қатысушысы (17,4%) 1 типтегі ауылда сайлау нәтижелері бойынша олардың ауылдарында женген адамға сипаттама бере алмады. Сонымен бірге, сауалнамаға қатысушылардың айтуынша, орындардың үштен бір бөлігі өз креслолары үшін күресуге бел буған қазіргі кездегі әкімдерге берілді. Қатысушылардың үштен бірінен көбірек бөлігі, сайлау нәтижелері бойынша әкім ретінде сол ауылда ешқашан тұрмаған адам болды деп айтты. Және де қатысушылардың тек 7%-ы ғана ауылы Кіші Отаны болып табылатын үміткер жеңді деп айтты.

Диаграмма 3.18. *– Сіздің ауылдық округ/ауылда әкім сайлауында кім жеңгенін Сіз білесіз бе? (1 типтегі ауыл бойынша %)*

Аймақтар кескіні бойынша сауалнама нәтижелері ауыл тұрғындарының сайлау нәтижелері туралы хабардар болуының төмен деңгейін көрсетеді:

- Подстепное ауылдық округында сайлауда «Nur Otan» партиясы ұсынған, 2013 жылдан осы орында қызмет етіп келе жатқан Мадиев Сержан Салимбаевич жеңіске жетті, бірақ 37%-ы ғана қызметтегі әкім жеңді деп айтты, 30,8%-ы жауап беруге қиналды.
- Киелітас ауылдық округында сайлауда «Nur Otan» партиясы ұсынған, 2013 жылдан осы орында қызмет етіп келе жатқан Туребеков Полат Аширбекулы жеңіске жетті. Қызметтегі әкім жеңіске жеткені туралы сауалнамаға қатысушылардың 69,6%-ы жауап берді. Тек 8%-ы ғана жауап беруге қиналды.
- Имантау ауылдық округында өзін-өзі ұсынған, «Жантілеуов» ЖК-ң басшысы, Володар ауылдық округының Саумалкөл ауылында тұратын Жантілеуов Бакытжан Миктасович жеңіске жетті. Сауалнамаға қатысушылардың 84%-ы «біздің ауылдық округ/ауылынан емес үміткер жеңді» деп көрсетті, 13%-ы жауап беруге қиналды.

Диаграмма 3.19. *– Сіздің ауылдық округ/ауылда әкім сайлауында кім жеңгенін Сіз білесіз бе? (1 типтегі ауылдар; аймақтық кескін)*

	Біздің ауылдан шыққан кандидат жеңді	Басқа жерден келген кандидат жеңді	Бұрынғы әкім орнында қалды	Жауап беруге қиналамын
ТО	7,2%	15,2%	69,6%	8,0%
БҚО	11,6%	20,4%	37,2%	30,8%
СҚО	1,7%	84,0%	1,3%	13,1%

Сараптамалық ортада «жаңадан сайланған әкім үшін, мәслихат депутаттарынан тәуелсіздігі және халықтың қолдауы бар, халықтың сені танып, сенуі, маңызды артықшылық» деген пікір бар[7]. Сонымен қатар, сауалнама жүргізу кезінде қызмет ететін әкімдердің танымал болу деңгейі төмен болып шықты.

Ауыл типіне байланысты емес, сауалнамаға қатысушының әрбір екіншісі өз ауылының әкімінің атын/тегін атауға қиналды. Сонымен қатар, ауыл үлкен болған сайын, ауыл әкімінің танымал болу деңгейі жоғары екені байқалады. Фокус-топтардың қатысушыларының көбісі өз ауылының немесе ауыл округының әкімін танымайтындығын мойындады, *«Оны ешқашан көрген жоқпын, мүлдем білмеймін», «біз тек әкім бар екенін, «әкімнің тапсырмасы», «әкімнің келуіне», «әкімнің кетуіне» дегенді естиміз».* Әкімдердің көпшілікке беймәлім себебі ретінде олардың жиі ауысуынан көреді, *«соңғы кезде өте жиі ауысады, жыл сайын», «бізде бір жылдың ішінде екеу болды, бір жылда ауысты. Мен әлі біріншісін көріп үлгерген жоқпын, екіншісі келді»,* басқалары – әкім тарапынан белсенділігі жоқтығынан, *«сіз маған әкімді көрсетіңізші. Мен оның түрін де білмеймін. Өйткені ол шықпайды, ауылды араламайды, халықпен сөйлеспейді, біз оның түрін де білмейміз».*

Диаграмма 3.20. *– Сайланған әкімнің аты-жөнін атай аласыз ба? (%, ашық сұрақ)*

[7] Эдуард Полетаев. Выборы сельских акимов – барометр для корректировки курса // газета «Литер» (онлайн-версия) от 24 июня 2021 года. https://liter.kz/vybory-selskih-akimov-barometr-dlya-korrektirovki-kursa/ Дата обращения: 29.09.2021.

Фокус-топтардың қатысушылардың айтуынша, дауыс беру нәтижелеріндегі теңгерімсіздіктердің бірі, дауыс беру мотивтерінде беделді тұлғалардың пікірінің басым болуымен, жеке таңдаудың басымдығымен және халықтың саяси бағытын әлсіз білдірумен сипатталатын электоралды тәртібінің патриархалдық типінің көзқарастарына сәйкес, зейнеткерлік жас алдындағы үміткерді сайлау болды.

«Қазіргі қызметтегі әкімге зейнетке дейін 2 жыл қалды. Оны не үшін сайлады, оның орнына жас белсенді адамды қоймай ма? Ол зейнетке кеткеннен кейін, тағы да сайлау өткіземіз ба?» (ТО, 1 тип).

Сондай-ақ, ауыл әкімдерінің кәсіби құрамының корпусына үміткерлерге қойылатын міндетті талаптар үлкен әсер етті, дәл айтқанда жоғары білімнің және мемлекеттік қызметте еңбек өтілінің болуы. Соның салдарынан көптеген ауылдық округтарда еңбек өтіліне байланысты зейнеткерлікке шыққан кәсіби полиция қызметкерлері әкім болды.

«Сайланғаны дұрыс шешім болды, бірақ оны жөнді жасамады, жақсы нәрсені бұзып, барлығы әділ болу керек, комиссия мүшелері өз халқымыз болса, біздің ауылдан, солай болу керек, бірақ бәрін құртты. Бірақ ең жаманы, көп ауданда бұрын полиция қызметкерлерінің зейнеткерлері әкім болып жұмыс істейтініне жұрттың бәрі наразы екенін айтады. Қазір ол жерде құмарлықтар қайнап жатыр: миллиционерлер кету керек екенін біледі, бірақ олар әкімшілікті қысып, барлығын ілмекте ұстап отыр, сондықтан оларды сайлап тағайындайды» (СҚО, 1 тип).

Сәйкесінше, мұндай әкімдердің қызметіне олардың кәсіби деформациясы және ауылдық елді мекендерді басқару құзыретінің жоқтығы қандай әсер етеді деген сұрақ туындайды.

«Р2: Ол әкім болып ешқашан жұмыс істемеген.
Р6: Ең бастысы, ол халықты білмейді.
Р2: Ол не ауыл шаруашылығына бара алмайды, ешқашан балға ұстап көрмеген, шөп ормаған, ол адамға қалай, нені айтады.
Р1: оның қызметі басқаша.
Р2: Ал мына әкімде бақылаушы позиция.
Р6: Оның менталитеті мүлдем басқа» (СҚО, 1 тип);
«Тым болмаса, әдептілік үшін ардақты ардагерлерді, ардақты ұстаздарды, ЖШС директорларын, шаруа қожалықтарын айналып өтер ме еді. Ол не? Бірінші кезекте кафелер мен ұйықтайтын қонақ үйлерді өтіп шықты» (СҚО, 1 тип).

Осы тармақты **қорытындылай келе**, 2021 жылғы 25 шілдеде болған сайлау нәтижелерін біржақты түсіндіру мүмкін емес екенін атап өткен жөн. Олар күрделі талдауды және қателермен жұмыс істеуді талап етеді. Сайлау қоғамның

төменнен түскен талап-тілегі бойынша басталып, өрескел заң бұзушылықсыз өткеніне қарамастан, негізгі мақсатты топ – ауыл тұрғындарының сынына ұшырады, - және, бірінші кезекте, әкімдікке үміткерлерді ұсынуға қатысты бөлігінде. Ауылдық байланыс жағдайларында үміткерлердің тізімін қалыптастыру кезінде жергілікті сайлау комиссияларының түрлі манипуляциялары тез арада жұртшылыққа мәлім болды, бұл ауыл электоратының сайлауға деген онсыз да солқылдаған сеніміне нұқсан келтіріп, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту мақсаттарынан ерекшеленетін мақсаттары үшін сайлау процессін құрастыруына қатысты қорқыныштарды растайды.

Сонымен қатар сарапшылардың үміткерлерге деген қабылданған ресми талаптарға қатысты, құқық қорғау құрылымдары өкілдерінің есебінен ауыл әкімдері корпусын толықтыру және зейнеткерлік алды жастағы әкімдердің орнын сақтау үшін фильтрге айналғаны туралы қауіптенуі расталды.